История киноиндустрии начинается с братьев Льюмер. Французские изобретатели братья Луи Жан и Огюст Люмьер 28 декабря в 1895 году создали киноаппарат. Этот день считается историческим , ведь создав чудесное устройство, братья Льюмеры даже представить не могли и не догадывались что изменили ход истории . В современном мире киноиндустрия считается искусством и стала доступной сферой развлечение . После развития киноиндустрии, появились новые профессии, технологии , которые изменили наш мир , также церемоний награждения, где попасть могут только избранные люди. На данный момент, киноиндустрия очень сильно влияет на все сферы нашей жизни: от психики до моды. В статье мы подробно объясним, какие жанры этого искусства, кино и как те или иные фильмы и сериалы повлияли на общественноемышление.

Cinema is a mass art. There is probably no person in the world who does not like to watch films or TV series. We all have favorite films or TV series that we love to discuss with friends or even with random person and every person know how to carry on conversation on this topic. The main reason for this that watching movie or TV series is one of the most favorite hobbies of people. But not everyone knows that TV series or the same movies that we watch every day influence society and influence in different ways.

The influence of horror movies on the human psyche. There are lots of genres of cinema: comedy, science fiction, drama, horror, musical, fantasy etc. But specifically the horror genre is dissimilar from others. This genre is unusual since storyline of these movies is tough also brutal, in addition at the end of the movie we do not see the usual happy ending that we love so much. In fact, this genre has a lot of drawbacks and sometimes it even has a bad impact on people's mental health. Psychotechnologyexpert Evgeniy Gibert said that he does not recommend watching horror movies for anyone with a heightened sense of anxiety. Movie will only deterioratesa person’s mental condition, it can even lead to hallucination. By watching horror movies, the human body produces the hormone adrenaline and this is the main reason why people feel anxious, uneasy and tense when watching horror movies. This in turn will lead to people changing their behavior. It has been scientifically proven that after watching many horror films, sensitive people become more aggressive. They begin to use violent methods in realizing their own aims.They cannot find a compromise and often quarrel with parents and loved ones. Thus, horrors can easily turn a person into a fearful person. Nonetheless, despite the drawbacks,society still loves horror. Perhaps horror has its advantages. Thanks to the horror genre a

person gets a good emotional experience, what's more it trains your brain how to react to stress and trains your psyche. It has also been proven that after watching horror, people develop critical thinking. After all, when experiencing plot anxiety, a person abstracts himself, on a subconscious level he can find a way out of complex, far-fetched situations, gain a feeling of preparedness and the ability to confront them in the real world. After the experiment, people said that they began to analyze situations well, adapted well to different situations and began to do their work more effectively. But you must understand that this only applies to those who have a good psyche.Furthermore, there is an entertaining fact: by watching horror movies you can lose your weight , isn't it great? The thing is the brain does not want to accept negative things, so it processes it as burning calories. It's a great news for slothful people, so if you're a "couch potato " watch the movie "The Shining" immediately, because this movie burns 184 calories. Not surprisingly, out of 6000 thousand people, 10.41% chose this genre, which is why the horror genre took 3rd place in popularity.

Actors who changed after their roles.Cinema influences not only the viewer, but also the actors themselves playing certain characters. This is unsurprising. It is doubly difficult for them because they have to understand their characters, feel their pain, suffering and happiness. In the end they must completely turn into other people. Usually the actors immediately got out of character, but there were moments when they could not. To give an example, we can say about Michele B. Jordan. In the Marvel Cinematic Universe, he played Erik Killmonger, a man who tried to take away the power of the Black Panther. The actor got into the role, playing the role of a villain, he became depressed and visited a psychologist. In the same cinematic universe, actor Matt Murdock played the character Daredevil. For two years, he got used to not looking people in the eyes while playing a blind character. And about Austin Butler, who played «The King of rock and roll» Elvis Presley, Austin's voice changed because during filming he was constantly experimenting, changing his accent and voice to sound like Elvis. Heath Ledger and Joaquin Phoenix both played the well-known psychopath Joker. Both had issues with sleep and mental health after these roles.

Including the Hollywood star Sarah Paulson developed a nicotine addiction after playing Marsh Clark in the TV series "American Horror Story", although Sarah Paulson had never smoked before. This is how the film industry has changed the lives of actors/actresses, although they didn't even imagine it when they agreed to it.

The film industry influences fashion and style. Believe it or not, however you want,but the film industry also has a strong impact on fashion and style of people.A prime example of this movie «Barbie» that was released last summer. When we think about Barbie the first thought that comes to our mind is a good-looking,lovely blonde girl with blue eyes and of course we think about pink color. Until 2019, everyone loved pink, dressed in vibrant clothes and even dyed their hair this color. However, somehow it happened that people began to detest this hue. Everyone switched to a classic style, preferring basic tints such as brown, black, white. Humans said that itis «childish color», though among the children and adolescents thought the same way. The situation changed when the movie «Barbie» came out in 2023. Seeing the beautiful Margot Robbie on screen in pink, people changed their views. In addition, investments in marketing amounted to $150 million and it was not in vain. Pink color is back in fashion, it's time for pink again! Do you want a pink mansion? Airbnb service will offer you a pink mansion from the Barbie cartoon. Or do you want a pink burger? No problem, in Brazil "Burger King" became «Barbie King» and released the «Barbie Combo». Even Google changed its color to pink in honor of the film's release.Within a month people fell in love with this color again and were crazy about this movie. This is how cinema influences people's thinking and is able to persuade. We can also say about Gatsby's style .«The Great Gatsby» is a novel by American writer Francis Scott Fitzgerald; the most famous literary work of the Jazz Age. The style is associated with elaborate outfits made of soft flowing fabrics, uncommon vibrant decorative elements, as well as sparkles, sequins, furs, feathers and other decorations. Although the book was written almost a century ago and style was called «Art deco» before, it was only after the release of the film "The Great Gatsby" that this style became popular and people changed the name of style after the main character Jay Gatsby.It is all thanks to the movie, because the filmmakers

paid good attention to the style and details of the film, and people loved it. In 2014, this movie deservedly received an Oscar statuette for «The best costumes».

People romanticize crime. The first films about mafia and gangsters appeared in the 30s of the last century in the USA. It was at that time that the world saw movies such as «Little Caesar» directed by LeRoy, «The Public Enemy» by Wellman and «Scarface» by Hawks. Despite the criticism and cruelty, people liked the film about crime and villains. These kinds of films have greatly influenced society. And now we are going to talk about russian TV series «Бригада». It must be said that immediately after its release the TV serial «Бригада» was subjected to serious criticism. The authors of the TV serial were reproached for the fact that "Бригада" too romanticizes of criminal life. By watching overly attractive images of criminals, the viewers, especially adolescents, began to imitate these images. Regretfully, adolescents join gangs or created their own gangs and did lots of illegal acts. In courts, they directly stated that they were "inspired" to do these crimes by the television series "Бригада". After 23 years, TV serial of the same content "Словопацана " was released. Not only parents, but also the government believed that these kinds of TV series and movies promote violence and tried to tried to ban it. They couldn't ban the series, but the terrible situations didn't happen again.

The effect of «The queen's Gambit». The history of chess begins in ancient India, in the V-VI centuries AD. Since then, chess has been considered an intellectual sport, a science and at the same time an art. Chess not only helps to develop talents in solving assigned problems, but also improves children's knowledge, mathematical and verbal skills, and teaches logic and efficiency. The history of chess is gripping, the gamein the past was completely different from modern chess, and modern chess appeared only in the XV century. The last century is considered «The golden age» of chess, between 1973–1990, the whole world watched the chess grandmasters Adrian Mikhalchishin, Garry Kasparov, Anatoly Karpov took part in international tournaments. Unfortunately, the popularity of chess has declined, when technology developed. But in 2020 Netflix realeased «The queen Gambit» and the situation has changed. People said it was the effect of «The queen's Gambit». About a young girl, from her orphanage to a chess champion, she impressed all people and chess was again in trend. In November 2020, Google also experienced a boom in requests for chess training. Searches for chess sets on eBay have increased by 250%, while Goliath Games has seen an increase of more than 170%. The number of new players on Chess.com has increased fivefold; after the release of Queen's Move, 100 thousand users are registered on the platform per day. So, thanks to the series, playing chess is trendy again, and the series has changed people's opinions about this wonderful game.

After reading the article, we can say that the modern film industry really has a great influence on people. People can easily change their thoughts and opinions, attitudes towards something, and behavior simply by watching 1 hour of a film or TV series. So we can conclude that the film industry is a beautiful art. But since they greatly influence society, we need to be careful if we work in this field. We must try to make quality films and TV series. If we want to make films that show the bad sides of people/society, we need to be able to film and present it to people correctly, because as we understand people will easily follow these bad examples.

Literature:

1. Akopyan M. «Cinema, for those who want to do everything», 2018.
2. Ivana Chubbuck. «The power of the actor», 2004.
3. BernaysE.«Formation of public opinion», 1923.
4. Sidney Lumet. «Making movies», 1995.

НАПОЛЕОН БОНАПАРТТЫҢ ЕУРОПАНЫ ЖАУЛАП АЛУ КЕЗЕҢІНДЕГІ «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСІ

Есімхан М., Сүлеймен А. – 1601-11 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Баймаханов Б.К. – т.ғ.к., аға оқытушы

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье представлены сведения об эффективности метода преподавания предмета «Всемирная история» в период завоевания Европы Наполеоном Бонапартом.

Summary

The article presents information about the effectiveness of the method of teaching the subject "World History" during the period of the conquest of Europe by Napoleon Bonaparte.

Наполеон Бонапарт – әскери стратег, саясаткер, билеуші және тарихтағы сауатты әскери жетекшілердің бірі. Оның есімі Ұлы Француз революциясы және Наполеон соғыстары дәуірімен байланысты, бұл кезең Францияның ғана емес, бүкіл Еуропаның тағдырына орасан зор әсер етті. Оның өмірі өрлеу мен құлдырау кезеңдеріне толы болды, бірақ оның ақыл-парасатының, күш-жігері мен талантының арқасында ол билік шыңына көтеріліп, Францияның императоры болды және өз уақытындағы әлемдік оқиғалардың орталығына айналды. Ол Еуропаның саяси картасын өзгертіп, тарихта өшпес із қалдырған бірқатар реформалар мен әскери жорықтар жүргізді. Наполеон ең көп талқыланатын тарихи тұлғалардың бірі болып қала береді және оның мұрасы бүкіл әлем бойынша зерттеушілер мен жұртшылық арасында үлкен қызығушылық тудырады.

Зерттеу тақырыбына байланысты Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясында 06.09-15.12.2023 жж. арылығында 15 апталық мектеп практикасында 7 «Б» сыныбында «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша «Француз буржуазиялық революциясының көрінісі» бөлімінде «§10. Наполеон Бонапарт дәуіріндегі Францияның жаулаушылық соғыстары» атты тақырыбы бойынша сабақ өтілді.

Сабақты ұйымдастыру кезеңінде оқушылармен сәлемдесу, түгендеу айтылды. Бірінші топқа бөліну бойынша «Wordwall» платформасы арқылы бөлінді. Олар: Англия, Ресей, Пруссия, Австрия деп аталды. Топтарға берілген атаулардың себебі XIX ғасырдың басында Францияның Еуропадағы үстемдігін тоқтату үшін коалициялар құрған мемлекеттер Ресей, Англия, Австрия, Пруссия болған еді. Әрбір командаға өткен тақырыпты сұрау мақсатында үй жұмысы бойынша 1-1 тақырыптық сұрақтар берілді [1]. Сұрақтар:

1. Француз революциясының бірінші кезеңі – «Ресей» тобы;
2. Монархияның құлауы және Республиканың құрылуы – «Англия» тобы;
3. Якобшілдер диктатурасы және құлауы – «Австрия» тобы;
4. Революция кезіндегі Франция мәдениеті – «Пруссия» тобы.

Осы негізде әрбір жауап берген топқа 10 баллдан берілді.

«WORDWALL» платформасы (https://wordwall.net/) мұғалімге «бір рет басу арқылы» интерактивті және баспа нұсқаларындағы ойындарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Ойын үлгілерінің көпшілігі интерактивті және баспа шығарылатын нұсқаларда келеді. «Wordwall» интерактивті тақтаның ішінде «Рулетка» ойыны пайдланылды [2].

Презентация. «Наполеон Бонапарт дәуіріндегі Францияның жаулаушылық соғыстары» атты тақырып оқушыларға түсіндірлді [1].

Осы жаңа тақырыпқа байланысты «Қазақстан» телеарнасының «Парасат майданы» бағдарламасы бойынша оқушыларға видео көрсетілді [3].

Жаңа тақырыпты сұрау мақсатында **«Жеңіске апарар жол: территорияларды жаулап алу»** атты ойыны қолданылды.

Ойынның ұйымдастырылуы. Тақтаға XIX ғасырдың басындағы Н.Бонапарт жаулап алған Франция территориясы көрсетілген Еуропа картасы ілінеді. Әр аймаққа стикер жапсырылады. Стикер ішінде жаңа тақырыпқа байланысты сұрақтар жазылады. Топтарға жауап берілген стикерлер үшін 20 баллдан беріледі.

«Ресей» тобына:

1. Н.Бонопарт қай жылы «Француз императоры» болып жарияланды?
2. 1799-1815 жылдары Францияға қарсы Еуропада қанша одақ құрылды?
3. Тильзит шарты кімдердің арасында жасалды?

«Англия» тобына:

1. Ресей мен Англия арасындағы шайқас қай жылы болды және тарихта қалай аталды?

2. 1813 жылғы шайқас не үшін «халықтар соғысы» деп аталды?

3. Вена конгресі не үшін шақырылды және қай мемлекеттер жетекші рөл атқарды?

«Австрия» тобына:

1.1814 жылы Н.Бонопарт қай жерге жер аударылды?

2.1805 жылы Трафальгар шайқасында адмирал Нельсон талқандаған флот?

3. Құрлықтық блокадаға анықтама беріңіздер.

«Пруссия» тобына:

1. 1815 жылы Н.Бонопарт қай жерге жер аударылды?

2. 1814 жылғы Француз конституциясы бойынша қай әулет билік басына келді және Францияның жаңа королі болып кім жарияланды?

3. Францияның империялық дәуіріндегі қабылданған заңдар.

Кері байланысқа оқушылардан «Екі жұлдыз – бір тілек» әдісі бойынша алынды. Бұл әдісте «Бірінші жұлдыз» бойынша – сабақтан алған әсерін жазады. «Екінші жұлдыз» бойынша – сабақтан алған әсерін. Бір тілекте – болашақта ұстазға деген тілегін, ұсынысын жазады.

Қорытындылай келе, Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясында 06.09-15.12.2023 жж. арылығында өткен 15 апталық мектеп практикасында 7 «Б» сыныбында «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша «Француз буржуазиялық революциясының көрінісі» бөлімінде «§10. Наполеон Бонапарт дәуіріндегі Францияның жаулаушылық соғыстары» атты тақырыбы бойынша сабақ жақсы өтілді. «WORDWALL» – платформасы мен «бір рет басу арқылы» интерактивті және баспа нұсқаларындағы ойындарды әзірлеуге өте тамаша сабақ өткізуге мүмкіндік береді.

«Жеңіске апарар жол: территорияларды жаулап алу» атты ойлап табылған ойын арқылы оқушылар сабаққа белсенді атсалыса алады. Жалпы бағалау критерийлеріне келсек, өткен сабақты қайталау сұрақтары үшін – 10 балл, жаңа тақырыпты бекіту үшін «Жеңіске апарар жол: территорияларды жаулап алу» ойыны үшін әр дұрыс жауап үшін 20 баллдан жалпы 60 балл, сабақтағы белсенділік үшін 30 балл. Жалпы 100 баллдық шкаламен бағаланды. Бұл әдіс сабақты білім алушыларға бағытталған білім беру әдісіне негіздеуге жағдай жасап қана қоймай, оқушылардың белсенділігі мен тарихи оқиғаларды жан-жақты түсінуіне көмектеседі деген көзқарасты ұстанамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дүниежүзі тарихы (1640-1900). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Н.Алдабек, К.Мақашева, Қ.Байзақова, т.б. – Алматы: Мектеп, 2018.

2. https://nitforyou.com/wordwall/

3. https://youtu.be/swxxKOcKJ1M?si=76sp6AIQPcf1XHq9

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН- СҮРГІН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА ЕСІМДЕР

Серікхан Б.А.- 1601-13 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі:Абдиханова А.Ж. – Т.ғ.к., аға оқытушы

Өзбекәлі Жәнібеков атынағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Резюме:

В статье подробно рассмотрены жертвы политических преследований во время голодомора.

Summary:

The article examines in detail the victims of political persecution during the holodomor.

XX ғасырдың 20-50 жылдарындарыда саяси қуғын-сүргін болғаны барлығымызға мәлім. Жалпы саяси қуғын-сүргін,ашаршылық дегеніміз не? Кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жауып, халықтың да оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Халықтың қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік өкілдері тығырықтан шығар жолды іздеді. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И. Голощекиннің келуі елде орын алып отырған жағдайды одан бетер ушықтырды. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, онда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай қуғындауға ұласты. Голощекин өзіне қарсы шыққандарды қызметтерінен алып, республикадан қуды, олардың көзін жоюды қолға алды.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды.Сонымен қатар молдалар мен діндарларды «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айыптады.

Осы саяси-қуғын сүргінге ұшыраған адамдардың жалпы саны шамамен 4 млн ды асады. Ал Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша(қазіргі Түркістан облысы) 6000 ға жуық адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Біз жалпы Қазақстан бойынша Міржақып Дулатов,Ахмет Байтурсынов, Бейімбет Майлин секілді тұлғаларды білеміз, бірақ 4 млн адамның қаншасы бізге белгісіз. Қазіргі таңда осы қуғын-сүргінге ұшыраған ата-бабаларымыз жайлы кеңінен зерттелу үстінде.

Саяси қуғын-сүргін, ашаршылықтың болу себептері өте көп. Ол замандарда қазіргідей тәуелсіздіңк жоқ әр адам өз ойын ашық айта алмайтын, қорасында артық мал тұрмайтын, үкіметке қарсы бір ауыз сөз айтуға болмайтын еді. Қарсы шықсаң бірден қамауға алып өз беттерінше шешім қабылдап, ату жазасына, еңбек жазасына кесілетін болған. Қорасында артық мал болмаған соң елде ақырындап ашаршылық бола бастады.Ашаршылық кезінде тау асып шетелге кеткен қаншам а қандастарымыз бар. Олардың бірі Түркияға, бірі мынау көршілес елдерге күн көру мақсатында кеткен болатын. Қазіргі таңда сол кеткен қандастарымыз өз елімізге қайта оралып жатыр...Жаппай саяси қуғын — сүргін Қазақстан тарихындағы ең мұңды беттердің бірі болып табылады. Қуғын-сүргінге тек бай ауқатты адамдар ғана емес, тұрмыстық жағдайы нашар адамдарда ұшыраған болатын. Бұлардың бірі ақталып шықса,бірі өлім жазасына кесілген. Олардың қандай қылмыс жасағаны туралы нақты ақпараттар өте аз.

Досов Әлбірқайыр, Садықбек Сапарбеков,Аққозы Ызбанов,Сейілбек Үсенов бұл кісілерде осы саяси қуғын-сүргін құрбандары. Қазіргі таңда тарихшылар осы қуғын-сүргін құрбандарын зерттеу үстінде ,яғни әлі де бұл кісілер туралы ақпарттар толық емес.Тарихшылар мен зерттеушілердің деректері бойынша 1917-1918 жылдары Түркістан өлкесінде орын алған ашаршылық салдарынан қайтыс болғандар саны 1 млн. адамнан асып түсті. Бізге белгілі болып отырған ашаршылықтың себептері табиғи құрғақшылық салдарынан егіннің шықпай қалуы және кеңістік билікті тізгіндегеннен большевиктердің қазақ халқына, дәлірек айтсақ қарапайым шаруларға қарсы соққы саясаты.

Саяси-қуғын сүргін құрбандары осы соққыдан талай таяқ жеп, ішерге асы болмағандықтан күн көру мақсатында шетел асып кеткен болатын. Осы 20-50 жылдарындағы ашаршылық туралы Шерзан Мұртаза «Бесеудің хаты» атты драмалық шығарма жазған болатын. Шығармада сол жылдар ашық сипатталған. Сол жылдары Сталин қазақтарды құртуға талай талпынған, тіпті бір жұтым су бермей қинаған деседі. Қазақтар ұлтшыл, өте білімді, сауатты халық болғандықтан КСРО-ға бағынбайтын болып кетеді деп қорыққан болатын. Сол жылдары қазақтардың саны

8млн-ға жуық болыпты. Бұл кездерде ең көп халық ҚАЗАҚ болған. Ал, ашаршылықтан кейін 4 млн-ға түсіп кетті. Бүкіл дүние мүлікі тәлкіленіп алынған қазақтарда көшуден басқа амалдары болмаған.Ұлт тарихында қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешсе де, артында өшпес із қалдырған, саналы ғұмырын оқу-ағарту саласына арнап, қазақ көсем сөзінде де өзіндік сүреуін қалыптастырған өңір перзенті.Сейілбек Үсенов 1905 жылы Сырдария болсысында ауыл мұғалімінің отбасында дүниеге келген. 1917 жылы ол Шымкеттегі бірінші сатылы мектепке қабылданып, кейіннен мұғалімдер дайындайтын үш айлық курсты тамамдайды.Ал 1920-1923 жылдары жалпы педагогикалық техникумда білім алса, 1925 жылы Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтты бітіріп шығады. Сейілбек Үсенов соңғы жұмыс істеген жері Петропавлск қаласы болды. Ол жерде Үсенов 1936-1937 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық газетінің қызметін атқанған. 1937 жылы қарашада «халық жауы» деген айыппен тұтқындалған. Одан кейінгі тағдыры адам айтқысыз ауыр болған. Осылацша ел үшін, ұрпақ үшін бар ғұмырын арнаған С.Үсенов «контерреволюциялық ұйымға белсенді мүше болды» деген айыппен ату жазасына кесілді.Тек 1959 жылы 23 наурызда Түркістан әскери округінің анықтамасында қылмыстық іс тоқтатылып, С.Үсеновтің біржола ақталғаны жөнінде мәлімет бар. С.Үсенов – өзінің талайы тағдырында қаламгерлігімен де, қайраткерлігімен де, ұлт болашағы, ұрпақ ертеңі үшін өлшеусіз еңбек сіңірген әлі де беймәләм тұлғалар бар.

ХАЛЫҚ жауы деген аттың өзі қандай қорқынышты ия? Сол кездері ұлтқа жағы ашып шырылдағандардың көбісін «халық жауы» деген болатын.Бұл айыптаудың бергі жағы ғана. Темір тордың арғы жағында жататындығын білседе өз өмірлерін болашақ ұрпақ үшін қатерге тігіп ащы шындықты айтқан азаматтарда бар. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың туыстары үлкендері жұмысқа орналаса алмай, кішілері мектепке бара алмай қалған болатын.Оларды әйелдері, бала-шағаларымен тілдестірместен арыз түссе болды үйлеріне кіріп сөзге тоқталмастан қолдарын қайырып алып кете беретін болған. 1997 жылдың 31мамырдан бері осы қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарды еске алу күні белгіленген. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды. Ал, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси куғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай-ақ 31 мамыр – саяси саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады. Қазіргі таңда осы қуғын-сүргінге ұшырағандардың көбісін ақтап алған.

Аққозы Ызбанов бізге танысық есім болғанымен бұл кісі де сол қуғын-сүргін құрбандарының бірі. Аққозы Ызбанов Маңғыстау ауданында 1905 жылы дүниеге келген. Аққозы отбасымен кедейшілікте күн көрген.Ызбановтың өз қолымен жазылған өмірбаянында: «Әкем қара жұмысшы, 1914 жылы Кульмаяктағы тұз өндіретін орында жұмыс жасаған. Тұз алу жұмыстары тоқтағаннан кейін мың тоғыз жүз он бес-мың тоғыз жүз он алтыншы жылдары Тежден мақта зауытында жұмыс істеді.Зауыт жұмысы тоқтағаннан кейін әкем жұмыссыз қалып біз кедейшілік күн кештік. Аштықтан әкем бас көтере алмайтындай ауырды. 1918 жылы әкем қызыл армия қатарына жазылған болатын , 1920 жылы әкемді қарттығына байланысты әскер қатарынан шығарылған болатын. Осы жылы әкнм қайтыс болды»- деп жазған болатын осыдан ақ байқауға болады қандай күн кешкендігін.

Аққозы халқым деп аянбай еңбек еткен ерлердің бірі еді. 1937 жылдың 19 ақпанында Ызбановтыңда тағдырына зұламат жылдардың қарhарыда келіп жетті. 1937 жылдың қараша айының екінші жұлдызында өткізілген Түркістан аудандық «партия комитетінің отырысында Аққозы Ызбановті бірінші хатшы қызметінен алынсын, және ұлтшыл, «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» деп танылып, ісі НКВД ұйымына тапсырылсын деген шешім қабылданды. Не себепті халық жауы деген жала жабылды десеңіздер сол жылдары Ызбанов халқы үшін қандай қиыншылыққа болсын төтеп беруге тырысты тіпті көзсіз ерлікке барды десекте болады.Азық-түлік тапшылығы болып жатқан кезде, Қазақстан азығы вагон вагон болып Мәскеуге жөнелтіліп жатты, бұл қорлыққа төзбеген Ызбанов Мәскеуге кетіп бара жатқан астыққа толы вагондарды тоқтатып, ондағы астықтарды елге бөліп бергізді. Бұл сол кездегі көзсіз ерлік.

Сол жылдары көшеде, темір жол бойында қай жерде болсын аштықтан өлген адамның мүрделері жататын. Бұндай жағдайды көріп отырып көз жұмып қарау кімнің болсын шамына тиері анық.Осылайша көзсіз ерлік жасап түрмеге қарай жол тарта берді. 1938 жылы 19 ақпанында КСРО жоғарғы сотының әскери алқасының шешімі бойынша РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 ісі бойынша сотталып өлім жазасына кесілген. Үкім сол күні орындалған болатын. Аққозы Ызбанов ұсталғанға дейін Түркістан аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығында қызмет атқарды. Батырдың Разия,Марзия, Нүрзия деген қыздары және Асыланбек деген ұлы болған. Әкесі қамауға алынғаннан кейін «халық жауының» балалары деп азаптаған болатын. Ауыр азапқа, қиянатқа шыдай алмаған ұл-қыздарының барлығы да қайтыс болған.

Ызбановтың Фатима деген асыл жары болатын, күйеуі ұсталған кезде Фатиманың аяғы ауыр болатын. Ауыр азапты көре жүріп 1938 жылы босанады. Ұл балалы болып есімін Марат қояды.«Тұлпардың жалғыз тұяғы» болған Марат ер жетіп Нұржамал Құрбановаға үйленеді. Бұлардан сегіз ұл-қыз бар.КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының 1958 жылғы 25 наурызындағы анықтамасы бойынша Аққозы Ызбановқа қатысты 1938 жылғы 19 ақпанындағы үкімі жойылып, қылмыс құрамының жоқтығына байланысты ісі тоқтатылды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Шымкент қаласы бойынша құрылған мемлекеттік комиссияның «Большевиктік-сталиндік режимнің шаруаларға қарсы күшейтілген ұжымдастыру, сатып алу және басқа да саяси науқандарының құрбандарын зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау жөніндегі жетінші бағыт бойынша жұмыс тобы» Шымкент қаласы және Сайрам ауданының Қарамұрт пен Манкент ауылдарынан шыққан байлар, саудагер-алыпсатарлар,ишан имамдарды «қанаушы-эксплуотаторлар» дер танылғандардың 1930 жылдың басына-ақ ірі ауылдық немесе бірнеше колхоздардан тұрған тұрғын алқабы болғандығын Түркістан облысы мемлекеттік арихвіндегі (ары қарай -ТОМА) 1930-1933 жылдарға тиесілі №505 Қор - «Сайрам ауданы халық сотының оқып танысуға болады. Айталық, бірнеше колхоздар шоғырланған Қарамұрт ауылында күштеп жүргізілген колхоздастыру науқаны кезеңіндегі істерді оқи отырып колхоздастыру науқаны кезеңіндегі істерді оқи отырып колхоздардың алғашқы жылдары дұрыс жұмыс істемегенін байқауға болады. Ет астық салықтары мәжбүрлі түрде салынды. Әсіресе, бұл байларға қатты зардап боп тиген. Байлардың мал-мүлкі тәркіленіп, соңынан оларды колхозға өткізу, кедейлерге үлестіру беру Қарамұрт колхоздарында азық-түлік тапшылығы мен наразылықтарды туғызған. Бұл науқан кеңестер өкіметіне сенімді жоғалта бастады. Ақыр соңында аштыққа ұрынған, ол ашаршылықтың жайылуына әкелген. Отандық тарихымызда бұл оқиғаларды «зорбалаң жылдары» деп атайды. Оның 1929-1933 жылдары орын алғаны тарихқа мәлім. Колхоз құрылысына қарсылықты Манкент пен Қарамұрттағы байлар, діндар адамдардың әрекетін көруге болады. Қызығы сол олар өздерінкінәлімін деп санамаған. Атап айтсақ, 58-7, 10-шы баптары бойынша «колхозға қарсы үгіт насихат жұмысын жүргізді» және жеке малдарын базарға сатып пұлдады колхозға өткізбеді деген «контрреволюциялық айыптаулар» тағылған. Бұл айыптаулардың ақыры өлім жазасына кесіліп немесе белгілі бір жылдарға бас бостандығынан айырылып аяқталатын болған. Қарапайым халық неліктен қуғын сүргінге ұшырады деп ойлайсыздар? Жарайды, ұлт зиялылары, қоғам белсенділері халықтың зарын зарлап қуғын-сүргінге ұшыралы. Қалғандары ше? Мысалыға алатын болсақ Мұсаев Қажымбет 1928 жылдан бері колхоз мүшесі, бай деп есептелген 150 пұт астықты талаң талқыға салған деген айыппен бас бостандығынан айырылған болатын. Ал Сейітов Қаратай, Нарметов Кулинез Калхозға ұарсы үгіт насихат жүргізді деген айыппен жазаланған болатын. Сонымен қатар 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Малдарын етке өткізбей базарда саудалаған деген айыппен Хасанов Убайдулла,Икрамжанов Нигматжан Мулла Нияз Кабулов, Бутабай ақсақал, Бухарбай Маленкулов Мехман, Мусақозиев Ишқужа,Ташметов Ирисмат, Мадумаров Султан сияқты азаматтар ату жазасына кесіліп, қайтыс болған болатын. Міне, осындай себептердің кесірінен қанша отбасы әкесіз, баласыз қалған болатын.

Жалпы қуғын-сүргін,ашаршылық еліміздегі ең ауыр жылдардың бірі болды. Осы жылдарға қарап қысқаша түйін шығаруға болады. Саяси қуғын-сүргін құрбандары біз үшін өз

бастарын қатерге тікті. Осындай мықты, батыр елдің балдары болғанымыз үшін елімізді мақтан тұту керек. Саяси-қуғын сүргін құрбандары туралы қанша зерттеліп жатсада өте аз. Болашақ тарихшылар осы тақырыпты кеңінен тарқатып әлі де ашылмаған беттерді ашады деген ойдамын. Ашаршылық-халық қасіреті.

Қолда бар алтының қадірін білейік...

Пайдаланылған әдебиеттер

1. АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ:(елтанымдық және тілтанымдық жинақ). Құрастырған Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек. Астана:"Руханият", 2010ж - 264 бет
2. «ОҢТҮІСТІКТЕГІ ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІН: ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫРЛАР» кітабы Исабек Б.Қ. т.ғ.қ., профессор м.а. және Орынбасаров Г.Ж. т.ғ.қ., аға оқытушы «Халық қасіреті болған ашаршылық» мақаласы 2021ж- 61 бет.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві,141 қор, 1 тізбе,1339-іс, 1п.
4. Тайшыбай З. «Кедей сөзі-жол басы». Дәуір-дастан. «Солтүстік Қазақстан» газетіінің 85 жылдығына арналған жинақ. П.- 2005, 26-27бб.
5. «ОҢТҮІСТІКТЕГІ ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІН: ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫРЛАР» кітабы профессор, тарих ғылымдарының докторы Әлібек С.Н. «Оңтүстікте туып, Солтүстікте атылған арда азамат» мақаласы 2021ж- 38 бет.
6. Түркістан обылысының мемлекеттік архиві 217- қор, тізімдеме 1 бума
7. Бейбіт Қойшыбайев «ТАРИХ ЖӘНЕ ТҰЛҒА» кітабы «Саяси репрессиялар қасіретін ұмытпау- олардың қайталанбауының кепілі» мақаласы 331 – бет.
8. «ОҢТҮІСТІКТЕГІ ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІН: ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫРЛАР» кітабы т.ғ.к., аға оқытушысы Айтай Б.С. «Шымкент қаласы және Сайрам ауданының Қарамұрт пен Манкент ауылдарындағы күштеу колхоздастыру науқанының көріністері» мақаласы 2021ж- 70 бет.

ӘОЖ 94,2(574)

МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨМІРШЕҢ ӨСИЕТІ МЕН НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Нұрланұлы А., Тұржан Ш.Ш. - 1602-10 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Орынбасарова Г.Ж. – т.ғ.к., аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мақалада патриот жазушы Бауыржан Момышұлының өмірі мен оның өміршең нақыл сөздерінің халық арасында кеңінен қолданылуы жайында баяндалған. Оның қалдырған өсиеті мен нақыл сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыр.

Summary

The article describes the life of the patriotic writer Bauyrzhan Momyshuly and the widespread use of his life sayings among the population. The Testament and sayings left by him are passed down from generation to generation.

Қазақ халқының батыр перзенті, Кеңес Одағының батыры, патриот жазушы - Бауыржан Момышұлы. Қазақтарда «Ақыл жастан, асыл тастан» деген мақал бар. Бұл мақал қазақтың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлына арналған. Кейіпкердің өмір жолына қарап, біз осы ойдың рас екендігін мойындауымыз керек...

Шымкент қаласындағы 7 жылдық мектеп-интернатты бітіргеннен кейін ол бірнеше жыл мектеп мұғалімі болып жұмыс істеді. Бұл сол кездегі ең беделді кәсіп саласының бірі болды. Оған

сол уақыттың өзінде оның еңбекқорлығына, ынта-жігеріне және еңбекке деген талпынысының арқасында танымал болып жүрген бұл қазақ жігітіне Атқару Комитетінің хатшылық және полиция бастығы сияқты ерекше маңызды лауазымдарды басқару тапсырылды.

Бауыржан Момышұлы 1932 жылы Кеңес әскерлерінің қатарына қосылды. Барлығымыз білетіндей, ізденімпаз және бастамашыл азаматтар кез келген істе нәтижеге қол жеткізе алады. Бауыржанның мұндай қасиеттері әскерден келгеннен соң көрініс тапты. Осы кезеңде ол бірнеше жыл Шымкентте кейіннен Алматыда банк қызметкері болып жұмыс істеді және егер ол бар ынта-шынтасын салып жұмыс істесе, әжептеуір қаржыгер болкеңесатынын көрсетті. Сонымен қатар, Баукеңнің өмірі оның бойындағы тума қасиеттерімен, бірге яғни әскердегі қызметімен байланысты болды. Ол 1936 жылы Ленинградта орналасқан қаржы институтының курсын бітіріп, Кеңес Қызыл Армиясының қатарына оралды.

Қызыл Армияда рота взводында командир, полк штабында бастық лауазымына дейін көтеріліп, басшылық етті. Ал, 1941 жылы Қазақ КСР әскери комиссиясының бағыттаушы қызметін атқарды. Ұлы Отан соғысының басталуымен, батыр бабамыз 316-шы атқыштар дивизиясын құруға қатысып, өзі құрған дивизия құрамында болып майданға аттанды. Қан майданда Баукең Мәскеу маңына жақын келген неміс фашисттерімен шайқасып, атақты 8-ші гвардиялық дивизия батальонының командирі болды және соғыс басталғанға дейін осы гвардияны басқарды. Дәл осы қатыгез соғыс жылдарында ол өзінің батылдығымен, шебер жауынгерлік қасиеттерімен және әскери өнердің қыр-сырымен танымал болған даңқының арқасында аңызға айналып үлгерді. Соғыстан кейін Баукен ата Кеңес Армиясының Бас штабтың Жоғары Әскери Академиясын тәмәмдайды. 1950 жылдан 1956 жылға дейін ол Жоғары Әскери Академияда дәріс береді сонымен қатар әртүрлі әскер саласындағы қызметтерді атқарады. Бауыржан Момышұлының қаhарман ерліктері мен жауынгерлік операциялары туралы шығармалары мен қолжазбалары, «Бауыржан былай деп айтқан екен» деген халқының арасында тараған тарихы өз еліне деген сүйіспеншіліктің, батылдықтың, сонымен бірге патриотизмнің көрінісі болды.

Дегенмен де, мұндай маңызды қасиеттердің барлығы батыр Бауыржанның кім екендігін толық ашып бере алмайды. Оның поэзиясы мен шеберлігі, музыкалық шеберлігі, нысана құлағындағы дәлдігі мен ептілігі, турниктердегі және басқа спорт түрлеріндегі жетістіктері, бильярд шеберлігі және т.б. Көптеген адамдар онымен таныс емес. Баукең - «Қазақстанның нағыз сегіз қырлы, біржақты азаматы». Ол көптеген таланттар мен адами қасиеттерді жинады».

Ұлы Отан соғысына қатысушы, Кеңес Одағының Батыры және жазушы Бауыржан Момышұлының шығармаларында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалы болған оқиғалар бейнеленген. Ұлы Отан соғысы тақырыбы көптеген жылдар бойы ХХ ғасыр әдебиетінің басты тақырыптарының біріне айналды. Бұл оқиғалардың бізге жеткен дерек көздерінің бірі - 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тікелей қатысушысы Б.Момышұлының шығармаларының жинағы. Б.Момышұлы: «Ең қорқынышты қару – сарбаздың жаны, ал оған оқ – дәрі-рухани тамақ», - деп атап өтті [1].

Ол қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген, оның ойы ұшқыр, шешен әрі тапқыр болды. Қазіргі жаратылыстану ғылымдары мен әлеуметтік білімді терең түсіне білді, Қазақстанның өткен тарихы мен, шежірелерімен және әдет-ғұрыптарымен де өте жақсы таныс болды. Баукен - адамның сезімдері мен эмоционалдық тәжірибелерін түсінуді және талдауды білетін психолог. Ол әлеуметтік психологияны жақсы білді және сөйлей де тыңдай да алатын қасиеті болды. Қатал көрінетін бейнесі, түзу қатты қалың қара шашы және кең маңдайы, отқа толы екі көзі мен қасы ұмтылуға дайын тұрған қанатты қыран құсты бүркітті бейнелейді. Бұл өтірік сөйлеу мен жасанды мінез-құлықты құптамайтын мінезі тік кейіпкер екендігінің айғағы. Ар-намыс пен құрмет, тазалық пен жанқиярлық, құрмет пен бедел, даналық пен парасаттылық, Отан үшін патриотизм мен адами тұрғыдағы қасиеттер мен рухани құндылықтар бірегейлік пен даналықтың көрінісі болып сипатталады.

Батыр бабамыздың нар тұлғалы портретін суреттегенде ол туралы айтылған жақсы ойлардан-ақ оның даралығын байқауымызға болады. Сол пікірлердің кейбірін тыңдайық:

«Бауыржан Момышұлы халық аузында біртуар, бірегей, бейнесі толық қалыптасқан және жан-жақты. Ол соғыс қайраткерінің, халық қаһарманының бейнесі ғана емес, сонымен қатар жарқын және қарабайыр азамат. Бауыржан атына Момышұлын қосқанда бұл есімінің енді ғана түрленіп, ұлы тұлға екендігін айқындап тұрғандай болады» - дейді өз сөзінде Тахауи Ахтанов. «Мен қазақ халқының арасынан Бауыржанмен салыстыруға болатын жанды таппадым. Мен оны таба да алмайтын тәріздімін» - дейді Дмитрий Снегин.

Әскери педагогика мен әскери психологияны байытқан құнды мұра қалдырған адам ретінде - Бауыржан Момышұлын айтуға болады. А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында батырдың беделі мен даңқы, батырлығы сипатталған. Бұл кітап бірнеше тілдерге, атап айтқанда: неміс, чех, еврей, ағылшын, француз және басқа шет тілдеріне аударылған.

Соғыс аяқталған соң Бауыржан Момышұлы Кеңес Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын тәмәмдап, әскери педагогикамен айналысады. Ал, 1956 жылы полковник шенімен отставкаға кеткен Бауыржан, ендігі бос уақтын шығармашылықпен айналысуға арнайды. Баукең шығармаларында өмірінде кездескен оқыйғалар мен ой түйіндерін қазақ және орыс тілдерінде жазып шығарады. Оның қаламынан шыққан, өмірден алынған, шындыққа жанасымды, басынан өткен оқыйғалары мен әңгімелері, керемет романдары, новеллалары мен повесттері оқырманның қызыға оқыйтын кең ауқымына арналған шығармалары болады. Олар бірнеше рет қайталанып, басылып шықты.

Момышұлы бірнеше рет ордендермен, медальдармен және Кеңес Одағының Батыры атағымен марапатталды. Бірақ, халық арасында, қалың оқырман қауым ішінде оны «батыр» деп таныды, алайда бұл атақты Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан соң жарты ғасырға жуық уақыт өткеннен кейін ғана «Батыр» атағын берді. Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізген соң, ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығына сәйкес, оған «Халық қахарманы» атағы берілді. Осы орайда Бауыржанның мына бір өлең жолдарынан оның көріпкелдігін сипаттайтын жырын аңғаруымызға болады:

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,
Деп жырлар сорлы қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері әдебиеттің байлығы жетпес мол қазынасы, халық ауыз әдебиетінің негізі болып табылады. Халықтық мақал-мәтелдер қазақ шығармашылығындағы дидактикалық нұсқаулықтың мысалдары болып табылады. Соның ішінде Бауыржан Момышұлының ұшқыр ойынан туған мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері ғибратты, көркем әдебиет пен ауыз әдебиеті нұсқауында негізі қаланған. Қыл қаламының ұшынан шыққан Бауыржан Момышұлының мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінің астарында, адамға ой салатын, мән-мағынасы ұшқыр философиялық ой бар. Егер біз оларды шынайы мақал-мәтелдер мен өсиет сөздер деп атасақ, қателеспейміз және оның өміршең екендігіне көзіміз жетеді. №1432 Орталық мемлекеттік мұрағаттың жеке қорында, Б.Момышұлына арналған қор бар, онда оның 123-тен аса мақал-мәтелдері жинақталған. Мақал-мәтелдердің табиғатын фольклортанушы Б. Адамбаев былай деп сипаттаған: «Мақал-мәтелдер-бұл жүздеген жылдық біліммен, қайталанатын оқиғалармен, табиғат құбылыстарымен, күнделікті өмірмен байланысты оқиғалармен жалпыланған халықтық сана анықтамаларының түйіндік жиынтығы» [2].

Сонымен, Бауыржан Момшұлының мақал-мәтелдері мен өсиет сөздері бос сөздерден құралған мән-мағынасыз, ұйқасымы келмей қалған, жолдан пайда болған бос сөздердің жиынтығы ғана емес. Бұл - саналы ойдан, толқудан, өмірлік тәжірибеден, халықтың өзекті ойларынан, даналық сөздерінен туындаған нақты бір ойды түсіндіретін түйсікті сөз. Атақты қолбасшы И.В. Панфилов: «Өткір сөз бен өткір найза шешуші шабуылда бір-біріне көмектеседі» - деп айтуы әдебиеттанушы академик Р. Бердібаевтың ойына сәйкес айтылған. «Шегінетін жер жоқ, артымызда Мәскеу!» деген Василий Клочковтың ұранды сөзі секілді біздің де Баукеңнің біз

білетіндей қанатты сөздері қан майданда кең таралған еді» [3]. Жалпы, әр мақалдың өз тарихы бар. Асанқайғы айтқандай: «Ойдың түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады» яғни ішіндегі ой түбінде сыртқа шығады. Ол жай ғана сыртқа шықпайды, ол өзінің барлық күшін жылдар мен ғасырлар бойы алып таудың астында жиналған ыстық лава сияқты шығарады және оның барлық қысымымен ол бұрқ етеді. Мұндай өткір сөздің жылуы, шоғы ыстық болып келеді. Сондықтан Бауыржан Момышұлының ойлары осындай ыстық сезімдерге толы. Сонымен қатар, бұл терең және жанды, сабырлы және байсалды сөздер, ұлы мұғалімдердің құрметіндей ұрпақтан-ұрпаққа берілетін нақыл сөздер. Бұл туралы Бауыржан Момышұлының әйелі Ж. Егембердиева «Өмір өз алдына дастан» деп аталатын мемуарлық романының очеркінде: «Баукең тек патриот жазушы ғана емес, сонымен қатар бай мақал-мәтелдердің, фольклордың, қазақ халқының өткені мен өткен тарихын терең білетін, зейінді, қанатты өсиет сөздер мен мақал-мәтелдерді жазып қалдырған ғалым, ақын», - деп ой толғайды [4].

Бауыржан Момышұлы жауынгерлердің арасында жауынгерлік рухты тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлді. Ол жеңісті қару емес, рух күшімен жеңуге болады деп сенді. Оның ойынша: «Жас ұрпақ ұлттық тарихты, ана тілін және халықтық дәстүрлерді жақсы білуі керек. Егер сіз ұлттық құндылықтарды дамытпасаңыз, бұл ұлттық мақтаныш сезімін әлсіретеді. Онсыз армия өмір сүре алмайды. Тек ұлттық тарихты, ата-баба мұрасын игеру арқылы, ел алдындағы барлық жауапкершілікті түсіну арқылы кез-келген жауды жеңуге болады» - деді. Бауыржан Момышұлы алдыңғы қатарда жүргенде халық, оның болашағы, жастарды тәрбиелеу туралы ойлауды тоқтатқан жоқ. Ол «Соғыс психологиясы» атты әскери нұсқаулық жазды. Онда ол жауынгерді қалай тәрбиелеу керектігін ашады. Бұл нұсқаулықты барлық әскери мамандар тиімді қолдана алады. «Армия қаншалықты заманауи техникамен қанық болса да, егер оның жеке құрамы жауынгерлік дайындықтан жан-жақты өтпесе және офицерлер әскерлерді, техниканы және оқу жаттығу мен басқарудың тәсілдерін, әдістерін жетік білмесе, ол (армия) пайдасыз тобыр болып қала береді және жаудың бірінші және ауыр соққысында бұршақ сияқты құлап кетеді».

Сондықтан талантты қолбасшы командалық құрамның қарамағындағылардың моральдық-психологиялық жағдайын зерттеу мәселесіне үлкен мағына берді, онсыз қарамағындағыларға дұрыс және дәйекті әсер ету мүмкін емес. Бауыржан Момышұлы моральдық-психологиялық ерекшеліктерді әскерге шақыру, командалық кадрларды даярлау үшін училищелерге іріктеу кезінде ескеру керек деп есептеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бауыржан батыр / Құрастырған, алғы сөзі мен түсінігін жазған М.Мырзахметов (Жоғарғы класс оқушыларына арналған жинақ). – Алматы: Жалын, 2014. – 352 б.
2. Адамбаев Б. Қазақ халқының мақал-мәтелдері.- А. 1989. 15- 16 б.
3. Бердібаев Р. Баукең туралы естеліктер.- Алматы. 1979. 120б.
4. Егембердиева Ж. Өмірдің өзі дастан. –Алматы: Жазушы, 1990. – 319 б.

ӘОЖ 241.14

КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Бердібай Д.С., Сейтмаханбет Д.Б. –
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ 1602-10, 1601-10 тобының студенттері
Баймаханов Б.К. - т.ғ.к., аға оқытушы

Халықтың қоғамдық жағдайының деңгейіне байланысты рухани мәдениет дамуда. Бүгінде біз көшпенділердің руханилығы бүкіл адамзаттың алғашқы руханилығы екенін көбірек түсіне бастадық. Неге көшпенділер? Өйткені олар ұтқырлыққа ие болды. Адамдар қоныс аударды, ал ежелгі уақытта ұтқырлық дегеніміз өмір сүру қабілетін білдірді, сонымен қатар өмір сүруге

көмектесетін білім алуды үйретті. Көшіп қонудан көп тәжірибесі бар адамдар ең бай ақпаратқа ие болды, сондықтан ежелгі уақытта адамдар барлық көшіп-қонып жүретін саяхатшыларға үлкен құрметпен қарады, оларды нағыз елшілер мен мұғалімдер ретінде қабылдады. Табиғат, ғарыш, ауа — райы, жануарлар — бұлардың бәрі көшпенділер үшін өмір сүруге қажетті ақпарат көзі бола алады. Осыдан, шын мәнінде, адам руханиятының дамуы басталды. Аталған жағдайларға байланысты көшпенді халықтар мәдени және ғылыми дамудың айтарлықтай деңгейіне жетті. Олар бірегей өнер түрлерін, сәндік заттарды жасады, өздерінің алфавиттері мен білім беру жүйелерін жасады. Уақыт өте келе олардың технологиялары мен идеялары басқа аймақтарға еніп, өркениеттік даму процестеріне әсер етті.

Көшпенділердің күнделікті айналысатын шаруашылығы негізінде өмір салтына да өз әсерін тигізбей қоймасы анық. Көшпенді халықтардың өз шаруасына қарай күнделікті өмір салты да соғын қарай бейімделген болды. Олардың киім үлгісі, ыдыс-аяғы, үй жиһаздары мен баспаналарына дейін көшіп-қонуға ыңғайластырып жасалынды.

Көшпенділердің өмір салты оларды өз жерлерін үнемі жаулардан қорғауға мәжбүр етті. Мұндай жағдайларда, «ат үстінде және түйенің өркешінде» көбірек уақыт өткізген олардың киімі осындай өмірге бейімделген ыңғайлы болуы керек еді. Әрқашан толық қаруланған болу керек, ат үстінде жауды қарсы алу керек, киіз үйді, мүлікті, балалары бар отбасын түйенің өркешіне тасымалдау керек еді. Сондықтан жауынгерлердің киіміне де үлкен мән берілді. Көшпенділердің бейбіт киімдері әскери адамдардың немесе соғыс киімдерінен аз ерекшеленді. Көшу кезінде ер адамдар барлық қару-жарақ түрлерін өздерімен бірге алып жүруіне тура келді. Бірақ сауыттары мен шоқпарларын өздерімен бірге ұстады. Өйткені кез-келген сәтте жаулар, ұрылар шабуыл жасай алады, жабайы аңдар кездеседі. Көшпенділердегі өмір-бұл әскери өмірдің жартысы. Рас, салтанатты жағдайларда той киімдерінде басқа киім болды.

Есік қорғанынан (Іле Алатауының бөктерінен) сақ жауынгерінің (б.з. д. V ғ.) жерленген жері табылды. Оның киімдері алтын үшбұрышты тақтайшалармен толығымен қапталған, қызыл күрте мен етікке салынған қызыл былғары шалбардан тұрды. «Алтын жауынгердің» киіндегі қызыл және алтынның үйлесімі - ежелгі шығыстағы күн бейнесінің бір түрі. Алтын бұйымдардың жарқырауы күн сәулесімен, оның шығуы мен батуымен байланысты болды. Алтын әрдайым культтік және эстетикалық көріністер жүйесінде ерекше орын алды. Әйелдер киімдерінің жиынтығына юбка, көйлек (ұзын жеңді, мойыны дөңгелек, қызыл жіппен кестеленіп безендірілген), жеңіл жүннен жасалған - шапан кіреді. Шапанды безендірудің негізі былғарыдан тұрды, боялған жүн өнімнің жиегі ретінде тігілді. Жерленгендердің аяқтарында жоғарғы шетінде зооморфтық өрнектермен безендірілген ұзын, ақ киізден жасалған шұлық етік (заманауи етіктің прототипі) болды. Әйелдердің бірінің шаш үлгісі-құстар, бұғы және Тауешкі мүсіндерімен безендірілген биік, тарылып түйілген.

Көшпенділер қыстың аязды суығында мал терілерінен атап айтқанда қойдың немесе түйе жануарының терілерінен (тысын қалың матамен тікті) тон, шекпен кисе, құлынның терісінен жағалы шекпен кисе, қойдың терісінен жүнін ішіне қаратып шалбар киіп жүрді. Киіктің терісінен де шалбар тіккен.

Еуразия көшпенділері бірінші болып шалбар кие бастады, өйткені киімнің бұл түрі атқа мінуге қолайлы. Шалбарды көшпенділер ойлап тапқан деп есептеледі (бірақ қашан екені белгісіз). Қалай болғанда да, қазіргі Қытайдағы көшпенділердің жерлеуінде біздің дәуірімізге дейінгі 3300 жылдан бастап қазіргі заманғы біздер көріп жүрген шалбардың пішініндегі ең көне үлгісі табылды. Сондықтан олар скифтердің арасында ал сәл кейінірек ғұндар арасында өте кең таралған. Бұған дейін нақты ат үстінде киіп отыратын арнайы киім үлгісі болмаған. Алайда тога (Римдіктердің ер азаматтары киетін киім, әдетте ақ матадан үстіне оралып, иыққа асылатын мата) және басқа да ежелгі киімдер болды, бірақта атқа отыру кезінде өте ыңғайсыздық туғызды. Шалбар жұмсақ әрі икемді, иілгіш болу үшін малынған жануарлардың терісінен жасалған. Археологтар тапқан ең көне шалбар қазіргі Түркіменстанда белгісіз көшпенділердің жерленген жерінен табылған. Шалбармен бірге көшпенділер белдіктерге арналған ілмектерді де ойлап тапты, өйткені кең жейдені кәдімгі арқанмен де белбеуге болады, ал шалбармен бұл әлдеқайда

ыңғайсыздық туғызады. Былғары белбеулер қажетті аксессуарлардың жиынтығымен ерекше дизайнымен ерекшеленді. Белбеулерге қару-жарақтан басқа, сөмке, орамал, қайрақ және т.б. іліп қойды. Кейде екі белбеу қолданылған.

Аяқ киім көшпенді халықтың нағыз мән берілген киім түрлерінің бірі болды. Өкшелі аяқ киімді алғашқылардың бірі болып көшпелі жауынгерлер кие бастады. Мұндай аяқ киім оларға атқа міну үшін қажет болды, сондықтан аяғы үзеңгіде жақсы ұсталып, олардың шегінен шығып кетпеуі керек еді.

Қонышы ұзын былғары жұмсақ етік-бұл көшпенділердің ойлап тапқан өнертабысы. Етік үзеңгімен бір уақытта пайда болды. Олар аяқтарын жылқының бүйіріне үйкелуден қорғау үшін ойлап табылған. Өмірінің көп бөлігін ат үстінде өткізген скифтерге олардың өмір салтына сәйкес келетін аяқ киім қажет болды. Ер адамдар өкшесі биік, қонышы тізеден жоғары болып тігілген, шақайма етік киді. Саятшылық құрып аң аулауға шыққанда қайқы тұмсықты етік киді. Ал ешкі терісінен мәсі деп аталатын жұмсақ аяқ киім тігілді. Кебіс, шәркей шақайма деп аталатын аяккиім түрлері де болды оларды былғарыдан тікті. Кең емес шалбар (анаксиридтер), олар атқа мініп жүрген кезде кедергі жасамауы үшін, киізден жасалған табаны бар ұзын киіз шұлықтарға салынған. Көшпенділерге арналған бас киім - бұл ерекше қасиеттілікке ие киім үлгісі. Көшпенділер табиғаттың аптап ыстығы мен суығында бет-жүзі мен құлағын сақтау үшін баскиім де киді. Олар баскиімді «тымақ» деп атады. Олар тымақты елтіріден түлкінің және басқа да аңнің терілерінен тігіп киді. Ал жаздың ыстық аптабынан қорғану үшін жұқа киізден қалпақ киді.

Киіз үйдің орналасуы мен ішкі құрылымы дәстүрмен қатаң түрде анықталды. Киіз үй әрдайым ашық, күн шуақты жерде орнатылды. Ол көшпенділерге тек баспана ғана емес, сонымен қатар күн сәулесінің бір түрі ретінде қызмет етті. Бұл үшін ежелгі көшпенділердің тұрғын үйлері шығысқа қарай бағытталды. Бұл жағдайда есіктер қосымша жарық көзі ретінде қызмет етті. Шындығында, киіз үйлерде терезелер болмады және жылы күндері үйдің есіктері ашық тұрды.

Киіз үйдің ішкі кеңістігі шартты түрде екі бөлікке бөлінді. Әдетте кіреберістің сол жағы ер кісілерге арналған болып саналды. Мұнда үй иесінің заттары, оның қаруы мен құралдары, ат әбзелдері сақталған. Қарама-қарсы жағы әйел кісілердіңкі деп саналды, онда ыдыс-аяқ пен басқа да тұрмыстық заттар, әйелдер мен балалар заттары сақталды. Мұндай бөліну мерекелер кезінде де байқалды. Кейбір киіз үйлерде әйел бөлігін еркектен ажырату үшін арнайы перделер қолданылған.

Киіз үйдің қақ ортасында ошақ болды. Ошақтың дәл үстіндегі қойманың ортасында көшпелі тұрғын үйдің жалғыз «терезесі» болып табылатын түтін саңылауы (түтін) болды. Киіз үйдің қабырғалары киіз және жүн кілемдермен, түрлі-түсті маталармен безендірілген. Бай және ауқатты отбасыларда Жібек маталар ілулі тұрды. Еден жер болды, сондықтан ол киізден жасалған төсек-орынмен және жануарлардың терісімен жабылған.

Қорытындылай келе, көне көшпенді халықтардан әлі күнге дейін бізге мұра болып қалған ыдыс-аяқтардың, киім-кешектердің тіпті баспанасының кейбір тұстары Рухани жаңғыру аясында қайта қалпына келтіріліп, қолданысқа келіп жатқан тұстарын кездестіріп жатамыз. Мысалыға ағаштан жасалған астау, ожау, кесе т.б. ыдыстарды бүгінде қайта қолданудамыз. Ал, киім – кешегіне келер болсақ оюлы шапандары мен камзолдары бүгінде жастар, отандық дизайнерлер арасында да кең қолданыс табуда.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Суровцов М. Н. О владычестве киданей в Средней Азии // История Железной империи. Новосибирск, 2007. – 69 с.

2. Плетнева С. А. Кочевники средневековья. Поиски исторических закономерностей. М.: Наука, 1982. – 124 с.

3. Токтабай А. Конный мир казахов. – Алматы: «АЛМАТЫКІТАП», 2022. – 496 с.

ӘОЖ

XVII ҒАСЫР АНГЛИЯ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ ПРОЦЕСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУ

Көшер Н.М., Тохтамишов А.И. – 1601-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Марина Г.А. – аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мақалада XVII ғасыр Англия тарихын зерттеу процесінде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту мәселесі қарастырылған.

Summary

The article deals with the problem of developing students' creative activity in the process of studying the history of England in the XVII century.

XVII ғасырдың басында Англиядағы феодалдық бұйрықтар өнеркәсіптің, сауданың және ауыл шаруашылығының дамуына кедергі бола бастады. Бүкіл жер патшаның меншігі болып саналды. Дворяндар жерді мұрагерлікке беру немесе сату кезінде корольдік қазынаға белгілі бір мөлшерде ақша төлеуі керек еді. Дворяндар (олар әлі де ескі тәсілмен рыцарьлар деп аталды) корольдік жердің иелері болып саналды, оның толық иелері емес. Жердің толық (жеке) иелеріне айналу, оны өз қалауы бойынша басқару - сол кезде өз жерлерін тауарлы (нарық үшін) шаруашылықтарға айналдырған ағылшын дворяндарының көпшілігінің қалауы осындай болды.

XVII ғасырдағы Ағылшын революциясы немесе оны Ағылшын буржуазиялық революциясы деп атайды, бұл Ұлыбритания тарихындағы маңызды оқиға. XVII ғасырдың ортасында бұл елде болған оқиға Англияның саяси және экономикалық өміріне үлкен әсер етті, сонымен қатар бұл оқиғаларды келесі онжылдықтарда Еуропада болған революциялардың хабаршысы деп санауға болады.

Революцияға дейінгі жылдары Англия, бір жағынан, экономикалық тұрғыдан дамыды, өйткені ол өндіретін тауарларға сұраныс болды, екінші жағынан, бұл халықтың бұрын-соңды болмаған өсу кезеңі болды, яғни, сыртқы жағынан, жағдай Англияда ұзақ тыныштық кезеңі, тіпті белгілі бір дәрежеде өркендеу кезеңі сияқты көрінді [1, с.384]. Бірақ іс жүзінде бәрі мүлдем дұрыс болмады, халықтың өсуі азық-түлік қорларын бөлуде қиындықтар туғызды, елде бір сәтте аштық басталды, сонымен қатар халықтың өсуі жұмыссыздық проблемасын ушықтыруға ықпал етті. Елдің ішкі проблемалары біртіндеп өсті, ал биліктің барлық әрекеттері жағдайдың нашарлауына және онымен бірге халықтың әртүрлі топтарында наразылықтың артуына әкелді.

Саяси күштердің мұндай орналасуының себебі неде, неге ұқсас идеялармен кейбіреулер басқаларға қарсы болды және революцияның демократиялық құрамдас бөлігінің сәтсіздікке ұшырауының себебі неде деген сұрақтарға, өйткені ақыр соңында протекторат құрылды, шын мәнінде әскери диктатура, ол ешқашан осы республиканың құрылуымен аяқталмады, ел монархияға оралды [2].

Бұрын-соңды болмаған халықтың саяси белсенділігінің өсуі революциялық дәрежесі бойынша уақыттан әлдеқайда озық идеяларды құруға және таратуға әкелді. Мүмкін, ағылшын революциясы кезеңінде дамыған ең ерекше құбылыс диггерлер қозғалысы болды, отандық және шетелдік тарихнамадағы көптеген жұмыстар осы коммунизмнің бастаушысы болды. Революциялық Англияның барлық саяси партияларының ішінен тек диггерлердің идеялары утопияның классикалық вариациясы болған шығар.

Жеке меншіктен бас тарту, жаңа, капиталистік негізге көшу үшін феодалдық негіздермен күрескен елде мүлдем мүмкін болмады. Азаматтық соғыстан айырылған, өмір сүру құралдарынан айырылған Англияның қарапайым тұрғындары, тек олар ғана байлар кедейлерді пайдаланбайтын, барлығы бірліктерді байыту үшін емес, жалпы өркендеу үшін жұмыс істейтін «идеалды» әлемдік тәртіпке шын жүректен ұмтыла алды.

Ұлыбританиядағы заманауи тарих ғылымын және оның шеңберінде дамып келе жатқан әдістемелік тәсілдерді зерттеу үлкен қызығушылық тудырады, өйткені Британдық тарихнама тарихи танымның дамуы үшін жетістіктері мен тәжірибесі кең маңызы бар ұлттық тарихнамалық дәстүрлердің ең қызықты, ықпалды, сонымен қатар танымдық маңызды дәстүрлерінің бірі болып қала береді.

Британдық тарихнамада Британдық тарихшылар дәстүрлі түрде көп көңіл бөлетін пәндік бағыттар бар, өйткені олар қазіргі Британдық қоғамның – оның саяси және экономикалық жүйесінің, мәдениетінің, діндарлығының қалыптасуы мен дамуымен байланысты. Ұлыбритания тарихындағы осындай маңызды кезеңдерге XVII ғасырлар жатады. Ағылшын тілінде капитализмнің басталу дәуірі[3].

Ерте замандағы ағылшын тарихындағы маңызды құбылыстардың бірі діни Реформация болды. Оның әсерінен XVII ғасырдың бірінші жартысындағы елдегі діни проблемалар қоғамдық өмірде бірінші орынға шығып, Англияның саяси тарихын дамытудың маңызды факторына айналды. Осыған байланысты XVII ғасырдағы Англия тарихының діни аспектілерін зерттеу ұзақ уақыт бойы Британдық тарихшылардың жаңа және жаңа ұрпақтары қарастыратын мәселелердің бірі болып табылады.

Біз қарастырып отырған тақырып XVII ғасырдың ортасында қалыптасқан Англиядағы революцияның, партиялар мен қозғалыстардың идеологиялық құрамдас бөлігін, олардың саяси бағдарламалары мен мақсаттарға жету әдістерін қарастыра отырып, зерттеу процесінде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуда қолдану болып табылады.

Қоғамда ағылшын экономикасының, саяси жүйенің, мәдениеттің, діндарлықтың айтарлықтай өзгеруі болды. XVII ғасырда өзінің бастапқы кезеңінде өрбіген барлық ілеспе экономикалық, саяси және мәдени жаңалықтармен ағылшын қоғамын модернизациялау процесі қазіргі Ұлыбританияның қалыптасуының бастамасы болғанын оқушыларға сабақ өту барысында пәнді қамтамасыз ету үшін білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасы қолданылды. Онда, оқу материалдарын көрсету үшін компьютермен және проектормен жабдықталған оқу аудиториялары қолданылып, тақырып аясында презентация жұмысы арқылы XVII ғасырдағы Англия туралы фото суреттер және де видео роликтер көрсетілді.

Қазіргі Британдық тарихнамада ағылшын Реформациясының тарихын зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Бұл тақырыптағы ең үлкен зерттеу мәселелері-Англикан шіркеуінің қалыптасуы, пуританды қозғалыстың пайда болуы және дамуы, ағылшын католиктік қауымдастығының Реформация кезеңінде Англияда сақталған өмір сүру. Діни мәселелерді қарастыру XVII ғасырдағы Англия тарихын зерттеудің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені зерттеудің мұндай бұрышына жүгіну қазіргі заманның басында ағылшындардың ойлауын осы кезеңде өзіне тән дүниетанымдық ерекшеліктерімен тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [4]. Осы ғасырларда өмір сүрген адамдар, әдетте, діни ұғымдарға сүйене отырып, әлеуметтік өмірдің әртүрлі мәселелерін түсінгені, бейнелеуі және символизмді білуі жайлы оқушыларға кеңінен айтылды.

Тақырыпты зерттеудің әдіснамалық негізі отандық тарихнамада оның дамуының қазіргі кезеңінде негізделген тәсілдер болып табылады. Жұмыс тарихилық және жүйелік көзқарас принциптеріне негізделген. Тарихнамалық зерттеу міндетті түрде тарихи ойдың қоғамдық өмір проблемаларына, белгілі бір елде зерттелетін тарихи кезеңде саяси және философиялық ойдың дамуына тәуелділігін ескеруі керек. Зерттеудегі тарихизм принципін ұстану XVII ғасырдағы Англия тарихнамасының теориялық-әдіснамалық және идеялық дамуы контекстіндегі қолданыстағы зерттеу бағыттарының пайда болуын, эволюциясын, олардың өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін түсінуге мүмкіндік береді. Жүйелік тәсілге сүйену Британдық тарихшылардың зерттеу тұжырымдамаларын осы тұжырымдамалардың жеке элементтерінің тығыз байланысында дәйекті тұтастық ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Осы әдіснамалық тәсілдер мен принциптерге сәйкес зерттеу әртүрлі зерттеу тұжырымдамаларын талдауға, салыстыруға және тарихшылардың өздерінен бұрынғылар мен замандастарына қатысты әртүрлі бағыттағы жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін салыстырмалы әдісті, тарихшының тұжырымдамаларының, көзқарастары мен идеяларының хронологиялық ретпен өзгеруін қарастыратын хронологиялық әдісті, зерттелетін тақырыпта проблемалық ұғымдарды бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін проблемалық әдісті қолданды. Зерттеулер және үлкен тақырып аясында оның құрамдас мәселелерін, кезеңдеу әдісін қарастыруға мүмкіндік береді, тарихи ғылымның дамуындағы кезеңдерді анықтауға бағытталған, осы кезеңдердің маңызды ерекшеліктерін сапалы анықталған кезеңдер ретінде анықтау және сипаттау мақсатында, тарихшылардың өз

тұжырымдамаларын дамытуда уақыт өте келе ойлау қозғалысын қарастыруға мүмкіндік беретін ретроспективті перспективалық талдау әдісі қолданылды.
Тақырыптың әдіснамалық тәсілдері, негізгі ережелері мен тұжырымдары XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Англиядағы Реформация мен діни-саяси мәселелердің қазіргі Британдық тарихнамасын одан әрі зерттеуде қолданыла алады.
Саяси негізгі фактілер мен құбылыстарды қарастыру барысында оқушылардың тақырыпты меңгеруі басты талаптардың бірі болып табылады. Оқушылар сабақта қарастырылған XVII ғасырдағы Англияның әлеуметтік, мәдени және экономикалық тарихы, типологиялық билік пен қоғам арасындағы қатынастардың модельдері, негізгі әлеуметтік эволюцияны қадағалау, саяси, экономикалық және өзге де құрылымдарды жан-жақты талдап, түсінбеген жерлерін сурап, сонымен қатар XVII ғасырдағы Англия тарихы мен сол замандағы өз еліміздің тарихын салыстырмалы түрде қарастырды.
Қорыта айтқанда, оқушылар сабақты терең білу мақсатында оқу және ғылыми әдебиеттерді рефераттау және сыни талдау принциптері кеңінен қолданылды және де балаларға тақырып аясында диалог құрылып, сауалнама жүргізілді. Оқушылар сабақ өту барысында оқу және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеуді, сілтемелер мен библиографиялық тізімді дұрыс рәсімдей алуды үйренді, оқу және ғылыми әдебиеттерді іздеу, рефераттау және сыни талдау дағдылары қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиет:

1. История Великобритании под редакцией Кеннета О.Моргана// Джон Моррилл: Стюарты (1603-1688). - Москва. 2008, -С.384
2. Ерохин В.Н. История религиозной Реформации в Европе в XVI – начале XVII веков: Учебное пособие / В. Н. Ерохин. – Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. пед. ин-та, 2004. – 310с.
3. Шарифжанов И.И. Английская историография в XX веке. Основные теоретико-методологические тенденции, школы и направления / И.И. Шарифжанов. – Казань, 2004. – С. 181.
4. Козулин В.Н. Англия в эпоху революции середины XVII в. глазами русских, Известия Алтайского государственного университета: № 4/2(88). 2015.

АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМНЫҢ МӘДЕНИЕТІ – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАМАСЫ

Баймұрат Меруерт Алдашқызы
Шымкент қаласы, А.Бөкейханов атындағы N2 жалпы орта білім беретін мектебінің
тарих пәні мұғалімі

Резюме
В данной рассматриваются культура первой общины - начало человеческой цивилизации.
Summary
This one considers the culture of the first community - the beginning of human civilization.

Адамзат тарихы өзінің әлеуметтік –экономикалық дамуында ұзақ кезеңдерге бөлінеді. Ол тас дәуірі, мыс (қола) дәуірі және темір дәуірі болып үш кезеңге бөлінеді.Тас дәуірі адамзат тарихында ең маңызды кезеңдердің бірі. Адам жерден бауырын көтеріп, екі қолы еңбекке

бейімделіп, тастан құралдар жасап қолдана бастаған. Алғашқы адам тақылеттес тіршілік иелері мен оның қарапайым шаруашылығының қалыптасу кезеңін қамтитан ежелгі тас дәуірі өндіргіш күштердің өте төмен деңгейімен сипатталады. Осы тұстағы адамдардың кәсібінің мәні табиғаттың дайын өнімдерін пайдаланумен шектелген. Олар дәнді-дақылдарды жеміс – жидектерді теріп жеп, жабайы аңдарды аулап, етімсен қоректенген.

Еңбекке бейімі бар, адам тақылеттес тіршілік иесі ғылымда презинджантроп деген атпен белгілі. Сүйектерінің қалдықтары Шығыс Африкадан табылған. Ғылымда (Homo habilis) «шебер адам» деп атап кеткен. Осыдан 1 млн 750 мың жыл бұрын өмір сүрген. «Шебер адамның » құралы малта тастың сындырылған түрі қырлары пышақ сияқты өткір болып келу үшін пайдаланған екен.

Адамзаттың дамуындағы тас дәуірінің орта және соңғы кезеңдеріне келетін «Homo erectus» (түрегелген адам) ,«Питекантроп»(Маймыл адам), «Синантоп» (Адам) болып екіге бөлінеді. Бірінші питекантроп 1891 ж Индонезиядағы Ява аралында табылған. Питекантроп (Homo habilis) «шебер адам» салыстырғанда эволюциялық өзгерістері бар. Мысалы ми көлемі үлкейіп (959 см куб) бас сүйегі мен жақ сүйектері кішірейген. Шебер адам миы 652 см кв. Homo erectus-тің 2-і бір түрі Синантроп болды. Синантроп 1927 жылы Қытай жерінде ЧЖОУ-КОУ-ДЯН үңгірінен табылды. Синантроптың сүйектері мен бірге әр түрлі формадағы тас құралдар, ошақта көп жатқан тастар мен жануарлардың көп сүйектері табылған. Осы кездің өзінде синантроптар от жағуды білген дегенді білдіреді. Б.з.б. 300 жыл бұрын Homo erectus қазіргі адам түріне немесе «Homo sapienske» (ақылды адамға) айналды. Ақылды адамның қалдықтары Европада соның ішінде Германиядағы Неандерталь жотасында табылған. Сондықтан ол тарихта неандерталь адамы деген атпен белгілі.

Қазақстан жерінде ежелгі адамның қазынды қалдықтары Қаратау жотасы болғаны анықталып отыр. Археологиялық жүргізулер барысында ертедегі адамдардың Арыс өзені жағасындағы Кіші Қаратау жотасының Солтүстік-Шығыс бөлігінде ірілі-уақты шақпақ тастары табылған. Орталық Қазақстан жерінде қазбаларға қарағанда ежелгі адамдар еңбекке тас құралдарын кеңінен пайдаланған. Олар тастарды үшкірлеп, үлкен-үлкен қырғыштар, әр түрлі дөңгелек тас құралдар жасап қажеттеріне жарата білген. Соңғы полеолит дәуірінде адамдардың рулық қауымы мен топтық ұжымдары қалыптаса бастады. Тас дәуірінің тарихында Мезолит мен Неолит б.з.б. 12-5 және 5-3 мың жылдар арасын қамтиды. (Мезолит –орта тас дәуірі, неолит – соңғы тас дәуірі). Жануарлар дүниесінің құрамы өзгеріп, енді аңшылардың аулайтыны көбінесе бизон мен жылқы жабайы ешкі мен киік, қоян, үйрек болды. Мезолит заманындағы үлкен жетістіктері еді.

Б.з.б. 5 мың жылдықта басталған неолит –тас құралдарын барынша пайдаланған дәуір.Соңғы кезеңде еңбек құралдарын жетілдіріп тастарды тегістеу, ағашты арамен кесу сияқты жаңа технологияларды қолданған. Тас балталар кетпендер, келілер дән үккіштер жасала бастады. Керамикалық ыдыстар жасау және де тоқымашылық дами бастады. Кейініректе олар мал өсірумен, егіншілікпен және кен өнеркәсібімен айналыса бастады.

Б.з.б. 2 мың жылдықтың ортасында Қазақстан тайпалары қола заттарын жасауды меңгерген. Қола әр түрлі өлшемдегі мыс пен қалайының кейде сүрменің, кушаланың, қорғасынның қорытпасы. Маспен салыстырғанда қола өте қатты және балқу температурасы төмен, түсі алтын сияқты әдемі болып келеді. Қола дәуіріндегі экономикалық басты-басты екі бағыттағы мал шаруашылығы мен металл өңдеу кәсібінің тез дамуы, ең алдымен еркектердің еңбегін қажет етті. Еркектің рөлінің күшеюіне байланысты аналық рудың(матриархат) орнына аталық ру (патриархат) пайда болды.

Қола дәуірінде Сібірдің, Қазақстанның және орта Азияның кең байтақ далаларын тегі және тарихи тағдырының ортақтығы жағынан туыс тайпалар мекендеді. Бұл тайпалар бір үлгідегі бір біріне ұқсас мәдениет қалдырды. Олар қалдырған ескерткіштердің табылған жері Сібірдегі Ачинск маңындағы Андронов селосының атымен ғылымда «Андронов мәдениеті» деп аталды. Андрогов мәдениетінің негізгі орталықтарының бірі-Қазақстан жері. Археологиялық деректерге қарағанда Андронов мәдениеті дәуірінде халық отырықшылықта өмір сүрген. Өзендердің

көдердің жағасындағы жайылымы мол жерлерде патриархаттық отбасылырдың үйлері мен жертөлелері табылған.

Андронов мәдениеті дәуірінде адамдар металдан еңбек құралдарын қарулар және сәндік заттар жасауды жақсы білген. Пышақ, балға, шоттар, найза, білезік айна моншақ жасап күнделікті тұрмыста қолданған.Андронов мәдениетінің алғашқы ескерткіштерін 1914 жылы А.Я. Тугаринов ашты. Андронов мәдениеті қола дәуірінің алғашқы кезеңнің (б,з,б. XYIII-XYI ғ/р) және орта кезеңі (б.з.б. XY-X ғасырлар) түгелдей қамтиды. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде (б.з.б. X-YIII) Андрогов мәдениетімен салыстырғанда Беғазы Дәндібай мәдениеті жоғары болды. Ол Қарағанды қаласы маңындағы Дәндібай ауылында және Балқаштың Солтүстік төңірегіндегі Беғазы қойнауында қола ескеркіштерінің алғашқы қазылған жеріне қарай аталған. Беғазы Дәндібай мәдениеті Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ даладан табылған көптеген ескерткіштермен сипатталады. Олардың қатарына: Ақсу –Аюлы, Ортау-2, Байбала-2, Бесоба, Бұғылы-3 кешендері жатады. Қола дәуіріндегі тайпалар жауынгарлік қару жасап, оларды үнемі жетілдіріп отырған. Негізгі қарулар: найза, күрзі , дүмі, балға, шот, кейбір жауынгерлердің қанжарлары болған. Қоғамда азық-түлік көбеюіне байланысты артық заттарды айырбастау, осындай айырбас байлықтың қорлануына ала бастайды.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде рудың ыдырауы және одан жеке отбасылар бөлініп шығуына байланысты үйлердің пошымы (формасы) өзгере бастады. Кейбір үйлер екі-үш бөлмеден салынған тамақ пісіретін жер ошақтары бөлек болған.

Қола дәуіріндегі тайпалардың діни нанымдары мен сенімдеріне келетін болсақ, ол тұстағы адамдардың тұрмысы мен әл ауқаты түгелдей табиғатқа тәуелді болғандықтан, олар табиғат күшін киелі рух деп білген. Бұл күштер ең алдымен су, күн, от жануарлары мен өсімдіктер дүниесі еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Авизова Р. Дүниежүзілік өркениет тарихы - Алматы, 2005 ж.
2. История древнего мира. М.,1983. Т. 1-3.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Майкыбекова Айнур Абдикеримовна
№36 ЖОББМ тарих пәні мұғалім

Резюме
В данной статье рассматриваются становление этногенезов тюрских народов.
Summary
This article examines the formation of ethnogenesis of the Turkic peoples.

„Түркі” және „түрік” деген этноним – ұғымдардың айырмасы: ғылымда „түркі” сөзі – бүкіл түркі басын қосатын, тобын білдіретін жалпы атау ретінде қолданылады. Сонымен бірге, «түркі» сөзі түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың /немесе ежелгі этностық бірлестіктердің/

бәріне бірдей қатысты, бәріне бірдей ортақ деген ұғымды білдіреді. Ал, «торік» сөзі Түркия мемлекетінде жасайтын жергілікті халықтың ұлттық атауы мен олардың ана тілін /яғни түрік тілін/ білдіретін термин болып табылады.

1991 жылғы деректер бойынша, дүние жүзіндегі түркі тілдес халықтардың жалпы саны 153 миллион 553 мың 800 адам болған екен. Ал олардың қазіргі мекендейтін жалпы аумағы – 10 миллион 125 мың 900 шаршы километр. Соның ішінде 7 миллион 635 мың 100 шаршы километрі кешегі Кеңес Одағының аумағында, 1 миллион 600 мың шаршы километрі Қытайдағы Шығыс Түркістанда, 110 мың 200 шаршы километрі Оңтүстік Әзірбайжанда және 780 мың 600 шаршы километрі Түркияда болатын.

Түркілердің арасында миллионнан асатын халықтар: түріктер, әзірбайжандар, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, татарлар, башқұрттар, ұйғырлар, түркімендер, чуваштар.

Ал, 100 мыңнан астам адамы бар түркі халықтары: қарашайлар, Қырым татарлары, құмықтар, тувалықтар, якуттар /сахалар/, 100 мыңнан кем адамы бар түркі халықтары: алтайлықтар, ноғайлар, балқарлар, саларлар, шорлар, қарайымдар, Бараба татарлары болды.

Жалпы алғанда, барлық түркі тілдес халықтардың қазіргі тілдік жүйесі оғыз /әзірбайжан түркілері, түріктер, түркімендер, гагауыздар/, қыпшақ /қазақтар, қырғыздар, алтайлықтар, ноғайлар, балқарлар, Қырым және Қазан татарлары, башқұрттар, құмықтар, қарайымдар, қырымшақтар/, қарлұқ – ұйғырлар /өзбектер, қарақалпақтар және сары ұйғырлар/, ұйғыр-оғыз /тувалықтар, тофалар, хакастар, Бараба және Чулым татарлары/ және чуваш-якут топтарына бөлінді.

Соның ішінде оғыз тобына жататын түркі тілінде сөйлейтіндердің жалпы саны 94 миллион 543 мың 400 адам. Олар 1 миллион 465 мың 500 шаршы километр аумақты мекендейді. Ал қыпшақ тобына жататын, түркі тілінде сөйлейтіндердің жалпы саны 24 миллион 530 мың 400 адам. Олар 3 миллион 295 мың 100 шаршы километр аумақты мекендейді. Қарлық-ұйғыр тобында сөйлейтіндер – 31 миллион 570 мың адам, мекендейтін аумағы – 2 миллион 47 мың шаршы километр. Ұйғыр-өғыз тобында сөйлейтіндер – 321 мың адам, мекендейтін аумағы – 232 мың 400 шаршы километр. Чуваш-якут тобында сөйлейтіндер 2 миллион 224 мың адам, мекендейтін аумағы – 3 миллион 121 мың 500 шаршы километр.

Түркі тектес халықтардың Еуропа мен Азияның орасан зор аумағын қоныстанып, атамекендерінің бір-бірінен алшақ жатуына байланысты, әуел бастағы бір негізді дамыған түркі тілінің қазір 27 тармағы бар деуге болады.

Түркі тектес халықтардың басым көпшілігі ислам дінін ұстайды. Енді бір бөлігі /чуваштар мен гагауыздар/ христиан дінінде, бір тобы /қарайымдар мен қырымшақтар/ иудаизм дінінде, ал және бір тобы /сары ұйғырлар/ буддизм дініңде. Түркі тектес халықтардың тілдік негізі бір бола тұрса да, діни сенімдердің әр түрлі болуы – оларды жаулаушылардың бір-бірінен алыстатып, өзара қырқыстырып, іргелерін аулақ салуға итермелеп келуінен. Ендігі мақсат – олардың арасында діни сенімге байланысты алауыздыққа берік тосқауыл қою.

Түркі тайпаларының антропологиялық құрамына келсек, қазақ пен қыррғыздар оңтүстік, Сібір не болмаса Тұран антропологиялық тобына жатады. Бұларға қарақалпақ, ноғай, карағаш (Астрахань түркілері) жақын.

Өзбектер еуропа нәсілінің памир-фергана типтеріне жатады. Ұйғырлар антропологиялық еуропалық нәсілінің шығыс Түркістан тобына жатқызылады. Түрікмендер деЕуропа тектестердің Жерорта теңіз антропологиялық тобына кірді. Солтүстік-батыстағы башқұрттарда Орал типінің ерекшеліктері мен оңтүстік-сібір типінің қасиеттері жиі ұшырайды. Қырым татарларының көпшілігі Еуропа тектестердің динарлар тобына жатады. Балқарлар мен қарашайлар арасында еуропа типі тараған. Құмықтардың ішінде Кавказдық типтің қасиеттері жиі кездеседі. Әзірбайжандар Еуропа нәсілінің каспийлік антропологиялық тобына жатады. Анатолия үстіртінде тұратын түріктер мен қашқай, айсарлар арасында Еуропалық, Алдынғы Азиялық антропологиялық ерекшеліктер тараған. Македон түріктері балкан-кавказ типінің балкан тобына жатады. Гагауздар да осы топқа кіреді. Балтық теңізінің жағалауындағы аздаған қарайымдар да

Европа нәсіліне жатады. Жалпы бұл айтылған түркі тайпаларының антропологиялық құрамы 10-15 ғғ. қалыптасты деп бағалауға болады.

Түріктер –Еуразиядағы ең ірі этностардың бірі, оның тарихында маңызды рөл атқарған және қазірде сол дәстүрді жалғастырып келе жатқан түркі халықтары.Тарихи аренада түркілер кейінгі кезде V-VI ғасырда пайда болғанымен, түрік этностарының көне екендігін дәлелдейтін археологиялық ескерткіштер мол.

Біздің заманымызға дейінгі XII мыңжылдықтан бастап, III мыңжылдық арасында Еуразияның ұлы даласы қазіргі қалпын ,табиғи бітімін қалыптастырып үлгерді. Сол даланың төсіндегі адамдары мал ұстап, жерге дән егіп, тау-кен жұмыстарына бейімделіп, шаруашылықпен айналысып отырды.

Біздің жыл санауымызға дейінгі III мыңжылдықтың өзінде-ақ көші-қонға қолайлы малтүлігінің түрлері қолға үйретіліп, сұрыпталып үлгерді. Бұған Балқаштың солтүстік шығысындағы Сексеуілді тұрағынан, Солтүстік Қазақстандағы Ботай қыстағынан табылған мал сүйектері айғақ бола алады.Еуразия даласында көшпелі мал шаруашылығы б.з.д IX-VIII ғасырларда толық қалыптасып, төрт түліктің тұяғына ілескен көшпелілердің маусымдық қоныстары, көш жолдары сараланып үлгерді.

Б.з.б 3 мыңжылдықтың басында Еуразия даласында, Қазақстанмен Орта Азия жерінде, төменгі Еділ мен Алтайда, Батыс Сібір мен Шығыс Азияда алтайлық тайпалар өмір сүрді. Бұл тайпаларды “алтайлық” деп шартты түрде ғана атайды; олардың мекендеген жерлері Алтайдың шығысын, Сібірдің керемет кең оңтүстігін, Енисеймен ТыныҚ мұхиттың арасын, Монғол, Манчжурия және қазіргі Қытайдың солтүстік провинцияларын қамтыған еді.

Алтайлықтарға б.з.б 2 мыңжылдықтарда арилік тайпалар келіп араласа бастады.

Үнді –еуропа (иран) тілінде сөйлеген ариліктер қазыргі Иран жерінен шығыс елдеріне немесе Алтай тайпаларының жеріне көшіп келген.

Б.з.б. 1800-1600 жылдары шығыс Азияға келіп қоныстанып, Қазақстанмен оңтүстік Сібірде орналасқан жеріне қарай, Енисейде Андронов елді мекеніне байланысты андроновтар мәдениетін құрайды.

Авеста -өлең-гимн (бағыт беру немесе мадақтау).Ол өлең күн мен айға, отқа тауға табынушылардың діни талабымен жазылған. Жазған адам-Заратуштра. Ол өлген соң ,абыздарды қасиетті текстерді ұрпақтарға ауызша жеткізіп отырған.

Ариліктер Күн құдайы “Митраға” сенді. Бұл туралы Авестаның ең көне бөлімі “Яштада” былай дейді:

Біз Митраға табынамыз, кең тұяқты ашулы аттары
Соғысқан елдің қанішер әскеріне шабады.
Ол майданды бастайды, майданда өлмейді
Өзі келмей ,майданда әскер қатарын күйретеді
Қолында жүз есе өткір балты, жүз соққы беретін дротикті ұстайды
(Авеста 44-б)

Сонымен Авеста арилер мәдениетін бейнелейтін ірі шығармалардың бірі болып саналады.

Қазақ тарихын зерттеген тарихшы, этнограф, антрополог, археолог ғалымдардың бірсыпырасы қазақ халқының арғы тегі ерте заманда (заманымыздан бұрынғы 7-4 ғасырларда) Орта Азияны мекен еткен ежелгі сақ тайпаларынан шыққан дейді. Әйгілі ғалым Н.А.Бернштам қазақтың атын сақтармен байланыстырады. Ол: «қа-зақ» деген сөз ерте замандағы «қаспи» және «сақ» деген екі тайпа-ның қосылуынан шыққан, яғни қаси- сақ, қас-сақ-қазақ болған деп тұжырымдайды. Тарихшы М.Ақынжанов қазақ деген сөз «қас» (нағыз), «сақ» (тайпа аты) дегеннен шыққан. «Қазақтар- түрік, моңғол тектес халықтың екі бұтағынан (ғұн мен сақ тарауынан) құралған ежелгі халық» дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гумилев Л. Көне түріктер. "Білім", Алматы. 1994. Абдрахманов Хайруш. Тарихынды таны. (Отан тарихының очерктері. Алматы. "Дәнекер". 2002.)

2. Аманжолов А. Көне түркі руникалық жазу ескерткіштері. "Қазақтарихы", 1993.
3. Страбон — ертедегі гректің географы және тарихшысы (б.з.б. 64 ж. — б.з. 23 ж.) Орта Азия және Кавказ халықтары

БАЛАБАҚШАЛАРДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Алипова Жамила Абдуллаевна
Шымкент қаласы, №69 «Еркебұлан» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Резюме
В данной статье рассматривается использование национальных игр в детских садах
Summary
This article discusses the use of national games in kindergartens

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдар да шұғылданды. Көптеген балалар жазушылары бала ойынының психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім.
Халық жасаған мұралар сан алуан. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі буынға мирас етіп, іс-әрекет үстінде көзін қанықтыра беруден бастаған. Солардың бірі – ұлт ойындары халықтың сәби шағымен бүгінгі өскелең дәуірінің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой-жүйесінің заңды жалғасы ретінде оны үйретудің тәжірибеде пайдаланудың үлкен білімділік, тәрбиелік маңызы бар.

Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарымыздың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір пікірін еске ала кетейік: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған». Халқымыз ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші өсе келе соған белсенді қатынасушы келесі кезеңді үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Кейінгі кезде ұлт ойындарына көңіл бөлмеу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Ұлт ойындарын жаңұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі

құралдардың бірі. Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Фольклортанушы ғалым Ә.Диваев «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар...». Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, асық, хан талапай, теңге алу, қыз қуу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Мысалы, «Соқыр теке» ойыны арнайы сызылған шеңбердің ішінде ойналады. Жүргізуші «Тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, ол былай деп әндетеді:

Қараңғыда көзім жоқ,
Маған жақын келіңдер,
Тиіп кетсем сөзім жоқ,
Бір қыз ұстап беріңдер!..

Көзі байланған «Соқыр текені» айнала қоршап тұрғандар мазақтап:

Соқыр, соқыр, соқырақ,
Тотияйын салайын,
Оң көзіңе топырақ,
Ал, ұстап көр, батырым,
Топырағын алайын,
Міне, келе жатырмын!

деп өлеңді айтып болысымен әр жаққа қашады, ал «Соқыр теке» олардың бірін ұстауға тырысады. Ұстаған баласы оның орнына тұрады, сөйтіп, ойын жалғаса береді. Ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор екендігі сөзсіз. Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Алғашқы қауымдық құрылыс, ертедегі тайпалардың одаққа біріккен дәуірлері ұлт ойындарының едәуір дамыған кезеңі болды. Көшпелі өмір кешіп, мал баққан тайпалардың көзін ашқаннан көрген театры да, өнері де, көңіл көтерер қызығы да осы ұлт ойындары еді.

Халық арасында «Денсаулық – зор байлық» деп тегін айтылмаған. Бұл арқылы халық даналығы тіршіліктің негізгі көзі осы денсаулық екенін тағы ескертеді. Адамның денсаулығы жас кезінен бастап қалыптасуы керек. Демек, кезінде ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас организмнің дұрыс та сергек өсуінің көзі. Онымен бірге бүлдіршіндер ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады.

Қазақ халқының сонау, көне заманнан бергі негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, мал өсіру, мал басын көбейтуі өндіріс процесінің негізгі мақсаты, сондықтан да «халықтың бар байлығы малда болды». Қазақ халқының тіршілігінде төрт түлік (қой, сиыр, жылқы, түйе) мал шешуші орын алған. Бүкіл өмірі мал өсірумен өткен қазақ халқының этнографиялық даму ерекшеліктері, той-думан, қуанышы мен реніші де осы малмен байланысты болды.

Амандасқанда да жан амандығын сұрамай, мал-жан амандығын сұрауы, қазақтың тіршілігінің тірегі, көзі малға деген көзқарасының ерекше бір сезіммен қалыптасуы болды. Оларды халық ауыз әдебиетінде мақұлықтар дүниесінің өкілі деп ұқпай, адамның өмір сүруінің негізгі тірегі мен жан серігі екендігін шабыттана жырлаған.

Осындай экономикалық құрылыстың негізінде төрт түліктің қасиеті тек қазақ ауыз әдебиетінде ғана жырланып қоймай, барлық мәдениет пен өнердің, соның ішінде ұлт ойындарының дамуының да негізі болды, келе-келе негізгі бас кейіпкерлері осы төрт түліктен тұратын «ақбайпақ», «көк сиыр», «түйе-түйе», «соқыр теке» т.б. сияқты ұлт ойындары да дами бастады.

Бұл ойындардың барлығы дерлік қазақ халқының төрт түлікті аса бір сүйіспеншілікпен дәріптеп, қадірмен тұтып, жануарлардың бойында адам баласының қасиеттері бар, сондықтан жан-жануарлардың бәрі бірдей деген ұғымнан барып шыққан ойындар болды. Ондай қасиеттерді бірі осы ойындардың көпшілігінде дерлік төрт түліктің қай-қайсысы болмасын, аналықтарының өз төлдерін өлімге қимайтындығын аңғартады. Сондай «Ақбайпақ» ойынында, жоғалтқан ботасын іздеген інген қатты күйзеледі. Ақырында ботасын көріп, жаны жай тауып, ботасымен әңгімелесе келіп өзін тыққан ұрылардың кімнен жақсылық, кімнен жамандық көрдің деп, содан ботаның айтуы бойынша інгеннің бұйрығымен ойнаушылар жазасын алады.

Қазақ халқының малды соншалықты қадірлейтін себебі сол, халықтың саяси әлеуметтік және экономикалық жағдайының даму процесінде осы төрт түлік арқасында жеке адамның қай-қайсысы болмасын өмірден мұқтаждық көрмеді. Сондықтан да төрт түлік қазақ халқының ауыз әдебиетінің, өнерінің, мәдениеті мен ұлт ойындарының негізгі кейіпкері.

«Бесік жырынан» бастап ұлт ойындарының барлығы халық тәрбиесінің көзі. Қай дәуірдің ұрпағына болмасын тіршілік жолына бағыт сілтеп, өмірге аттандырады. Халық жырлары ата-ананың балаға қойған бірінші сенімі, тілек-талабы. Мұның бәрі баланы ойната, көңілдендіре, бойларын сергіте жүріп айтылады да, өміріне рухани азық болатын өнегелі де ілтипатты сөздерді жас кезінен құлақтарына құя береді. Ал ойындар болса баланың осы айтылған өнеге-өсиет сөздерін күнделікті тіршілікте тәжірибе жүзінде іске асырудың құралы болды. Айталық, ойын үстінде осы айтылған өнеге-өсиет бастан аяқ қолданылады, осы негізде оның бойында адамдық қасиеттер қалыптаса бастайды. Демек, ойын әр түрлі әрекетке қозғалысқа, денешынықтыруға ғана төселдіріп қоймай, өмірдің рухани азығы – үлкеннің барлық қасиетін, яғни баланың жан-жүйесіне әсер ететін этикалық, эстетикалық тәрбиені қабылдауға қалыптастырады.

Ұлттық ойынның бірі – «Ұшты-ұшты». Бұл ойынға ересек балалар мен кішкентай балалар да қатысса қызықтырақ болады.

Ойын ережесі : Бір бала ортаға шығып жиналғандарды дөңгелете, өзіне қаратып бір қатарға отырады. Содан кейін ойынның ойналу тәртібін түсіндіреді. Сөйтіп ойынды бастайды. Ойын жүргізуші «Ұшты-ұшты бөдене ұшты» деп қолын көтереді. Сол кезде ойнаушылар тыңдап отырады да ұшатын затқа олар да қолдарын көтереді. Ұшпайтын затты ұшты қолын көтерсе, ойын жүргізушімен бірге қолдарын көтерген ойыншылар жазасын тартады. Ал ұшатын затты айтқанда, қолдарын көтермей қойса онда да жаза тартады. Сондықтан ойын жүргізушінің әр айтқан сөзіне өте сақ болу, қырағы болу керек.Ойын жүргізуші ұшатын зат пен ұшпайтын затты ұйқастырып айтып ойыншыларды ылғи да жаңылдырып отыруға тырысады. Тіпті көпшілікке таныс емес құстардың атын айтып та, ұшатын жәндіктердің атын айтып та жаңылдыруға болады. Мысалы, ұшты-ұшты кекілік ұшты, ізінше кекілік ұшты, қарға ұшты – сырға ұшты, көбелек ұшты – ебелек ұшты, тауық ұшты, уық ұшты, қаршыға ұшты, қанжыға ұшты деп жалғаса береді.

Алданған ойыншылардың жазасы өлең айтып би билеп, мақал-мәтел, жаңылтпаш, тақпақ айтады. Алданушылар көбейген сайын ойын қыза түседі, ендеше ойын жүргізуші мен ойнаушылардың арасындағы бірін-бірі аңдаушылық та күшейе түседі.

Бала ойындарының мазмұны байып, түрі өзгеріп отырады. Ата-ананың ойлау, қиялдау, армандау қабілетін қалыптастыру үшін халық ауыз әдебиетінің жанрларын – ертегі, жаңылтпаш, жұмбақтар, санамақтарды айтып үйреткен.

Халық мұғалімі Байтоғайұлы Малқай бала өміріндегі ойынды және ермекті «ол - баланың еңбегі»,- дейді, демек бұл жай ермек емес, бала әлеміндегі кәдімгі еңбек. «Сондықтан да бала еңбегі – ойын. Ендеше, ойын балалардың күнделікті тіршілігі адамның басынан өтетін өмірінің әр уақытындағы жазғы, күзгі, қысқы істелетін кәсібі сияқты. Тіршіліктің түрі бар. Сол сияқты балалардың да өзіне меншікті бала кезінде істейтін істері бар. Ол іс – жас уақытындағы ойын».

Сондықтан да қазақ балаларының негізгі ойындары асық, құмалақ (түйенің, қойдың), бес тас, доп міне мұның бәрі осы балалар еңбегінің құралдары болады. Өмір мен өнерге деген талаптың түп негізінің өзі осы асық, доп, құмалақ, ләңгі, қуыршақ, мәшине, үй болып т.б. ойнауларда жатыр. Ендеше халықтың бұл дана сөзін тура мағынасында түсінуге болмайды.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі епті лікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындарымыз: тоғызқұмалық, қуыршақ, асық ойындары. Қазақтың көне жыр-дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады. «Домбырамен күй шерту», «Аттың құлағында ойнау», «Аударыспақ», «Күлкі ойыны», «Балалар ойыны», «Ақсүйек», «Тоғызқұмалақ», «Жұмбақ айтыс», «Асық ойнау» өте ерте заманда пайда болған. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың ұлттық ойындарының ғасырлар бойы өмір сүргендігін айқын көрсетеді. Балалардың жиі ойнайтын «Ақсүйек» ойыны байқағыштыққа, қырағылыққа, бытылдыққа, ерлікке, шапшаңдыққа баулиды. Баланың ақыл-ойын дамытатын тәжірибелік маңызы зор тағы бір ойынның түрі – «Он бір қара жұмбақ». Оның басты ерекшелігі есеп сұрақтарын қою арқылы баланың ойлау қабілетін дамытады. Бөбектерді тәрбиелеуде де ұлттық ойындардың берері мол. «Санамақ», «Жылдам айт», т.б. тартымды ойындарды үйрету,тіл өнеріне негіз салады деп есептелген. Балалар негізінен ойын үстінде бір-бірімен тез тіл табысады. Ойынына қарап баланың психологиясын аңғаруға болады. Бес саусақ бірдей емес дегендей, әр отбасынан шыққан балалардың мінез-құлқы бірдей емес.

Балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең-тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшаңдыққа, епті лікке баулу, қиялына қанат беріп,ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы - балалардың бойында өнердің, білімнің, тәрбиенің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас өндір бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Казахские детские игры» кітабы авторы: Молдагаринов Аскар Алма-Ата «Жалын» 1987 г.
2. «Қазақстан мектебі» журналы № 9-10 2005 ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек Төтенаев Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.
4. «Шынашақ» кітабы. Құрастырушылар – М. Әлімбаев, Қ. Баянбаев. Алматы «Балауса» 1992 ж.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ

Тажибаева Улбосын Жарылкасыновна
Шымкент қаласы, №103 жалпы орта білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассмотрен вклад великого ученого Каныш Сатбаеве который руководил обширными геологоразведочными работами, писал научные труды по полиметаллическим рудам месторождений Жезказгана.

Summary

This article considers the contribution of the great scientist Kanysh Satbaev, who led extensive geological exploration, wrote scientific papers on polymetallic ores of Zhezkazgan deposits.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1911 жылы ауыл мектебінде бастауыш білім алып, Павлодардың орысша-қазақша училищесіне түседі, ал 1914 жылы Семейдің мұғалімдік семинариясында оқиды. Оны бітірген соң, ауылында мұғалім және халық соты болып бірнеше жыл қызмет атқарады.

1921 жылы Томск технологиялық институтының геология ғылымдарының профессоры М.А. Усовпен кездесуі өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Қазақстан жер қойнауының байлықтары, жердің құрылысы туралы М.А. Усовпен болған әңгімеден кейін геолог болуды мақсат етеді. Сол жылы Томск технология институтының тау-кен факультетінің геология барлау бөліміне оқуға түседі. Бес жылдан соң оқуды бітіріп, тау-кен инженері-геолог мамандығын алады. Жас маман Жезқазған мыс кен орнын және Қарсақбай мыс заводын біріктіретін "Атбасцветмет" тресіне жұмысқа жіберіледі.

1926 жылы Қ.И. Сәтбаев Атбасар түсті металл серіктестігіне келгеннен бастап, көп жылдар бойы Жезқазған, Қарсақбай, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын зерттеді. Сол зерттеулердің нәтижесінде Жезқазғанның байлығын анықтап, көптеген кен орындарын ашады. Түсті металл кендері, марганец, силикат, құрылыс, басқа да өндіріс кендері ашылды. Атап айтқанда: көмір мен мыс кен орындары анықталды. Қорғасын, жез, күміс табылды. Қара темір, алтын мен молибденді ашты. Қаныш Сәтбаев ашқан жер қойнауындағы байлық қазыналарында осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады. Кен байлығын ашумен бірге сол қазба байлық шығатын жерлерге заводтар салдыруға зор үлес қосты. Тау-кен шикізатын басқа жерлерге тасымай, сол жерде қорытатын заводтар құрылысының қажеттігін дәлелдеді. Соның нәтижесінде Ұлы Жезқазған, Ұлы Алтай өндіріс орындары, Қарағандыдағы темір балқытатын заводы, Қарағанды-Ертіс каналы, Қаратау фосфориті салынды. Осы арқылы Қазақстанның өндіріс шаруашылығын өркендетуге күш салды.

1946 жылы 1 маусымда Қазақстан Ғылым Академиясы ашылды, оның тұңғыш президенті болып Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сайланды. Сол жылы ол СССР Ғылым академиясының академигі атағына ие болды.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының жас ғалымдары өндірістік орындармен творчестволық байланысты нығайта түсті. Академияның кезекті сессиялары түсті металға бай кенді Алтай өңірінде, көмір мен мысқа бай Орталық Қазақстан және Жезқазған даласында, Қостанай сияқты темір рудасына бай республикамыздың өндірістік орталықтарында өткізілді. Бұл жас ғалымдар үшін өте пайдалы болды. Себебі олар Қазақстанның жер асты қазба байлықтарын одан әрі зерттеп, зерделей түсті. Осының барлығы Қ.И.Сәтбаевтың басшылығымен жүзеге асты.

1951 жылы Сәтбаев "ұлтшыл" деген жаламен Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті қызметінен босатылды. 1955 жылы Қ.И.Сәтбаев Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып қайта тағайындалып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте істеді. Сөйтіп Қазақстан Ғылым Академиясының жұмысын дамыта түсті. Көптеген салалы ғылыми-

зерттеу институттары ашылды. Қаныш Имантайұлы физика-математика ғылымдарының, әсіресе ядролық физиканың дамуына жоғары мән берді.

Қаныш Имантайұлының бастамасымен ядролық физика институтының комплексті құрылысы басталды. Сонымен бірге Қазақ ССР Ғылым Академиясында: биология мен медицина ғылымдарының көптеген салалары зоология мен паразитология;адам физиологиясы мен ауыл шаруашылығы хайуанаттары; микробиология, вирусология, ботаника, физиология, археология,этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, құқық, философия салаларындағы ғылыми-зерттеулердің дамуына айрықша мән беріп, бұл салаларда да ғылыми институттар ашуды ұйымдастырды. Солардың ішінде геологиялық ғылыми-зерттеу институты жетекші болып танылды. Ғылымды өндіріспен байланыстыру мақсатымен еліміздің ірі өндірістік орталықтары – Өскеменде, Қарағандыда, Атырауда Қазақстан Ғылым Академиясының әр саладағы институттарын ашуды ұйымдастырды.

Академик Қ.И. Сәтбаев – энциклопедиялық білімі бар XX ғасырдың ғұламасы. Ол өз заманының сан-алуан салалары мен жоғары дамыған ғылымының бәрінен хабардар болды. Әр ғылым саласының заңдары мен байлығын ашып, халық игілігіне пайдалануға қалтқысыз еңбек етті.

Сәтбаев – жаңашыл ғалым. Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі болды. Ал Қазақстанда Қаныш Имантайұлын осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды.

1950 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Орталық Қазақстан бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталды. Ал, 1954 жылы жұмыс макеттері және жүйеленген металлогениялық болжам карталары жасалынады. 1958 жылы осындай кең ауқымды зерттеу жұмыстарының нәтижесінде және Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасауға зор еңбек сіңіргені үшін Қ.И.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалым-геологтар тобы КСРО-дағы ең жоғарғы сыйлық - Лениндік сыйлыққа ие болды.

Қ.И.Сәтбаев – 641 еңбектің авторы. Оның 534-і орыс тілінде, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрген. Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі Қазақстанның минералдық қоры, мыс рудалары, түсті металдары, көмір, мұнай, газ, басқа да шикізат ресурстары жайында болды. Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері Маңғыстау қоры, Ембі мұнайы, Ақтөбе даласындағы газдың мол қоры жатқандығын анықтады. Қазақстанның таяу арада газ, мұнай өндіру жөнінен алдыңғы қатарға шығатынын айтқан ғалымның зерттеулері қазіргі кезде іс жүзіне асқанын білеміз.

И.Сәтбаев өзінің мамандығымен бірге әдебиет пен өнерді, тарихты меңгерген. Бұл ғалымдарды рухани жан дүниесін байытумен бірге кен зерттеу ісіне де пайдаланған. Қаныш Сәтбаевтың осындай жан-жақтылығын Мұхтар Әуезов "Қазақ халқының зор ғалымы" атты мақаласында жазды.

"Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі" - дейді М. Әуезов.

Қаныш Сәтбаевтың алғашқы әдеби туындысы – 1923 жылы "Қазақ тілі" газетіне шыққан "Обаған" әні туралы ғалымның тырнақалды шығармасы. Оқиғаның басталуын автор ошақ басында ән салған әйелдің мұңды даусын шебер суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл шағын лирикалық новелла Қаныш Сәтбаевтың суреткерлік қолтаңбасы зор болғанын анық байқатады.

Қазақ әдебиетін, қазақ әндерін терең білетіндігі "Қазақстанның ұлт театры туралы" атты 1927 жылы жазған мақаласынан айқын көруге болады.

Қазақ мәдениетінің сарқылмас мол қазына екендігін Қаныш Сәтбаев "Ән туралы толғаулар", "Қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті туындысы", "Қазақстанның халық әндері" атты музыка-этнографиялық жинағында жазған ой тұжырымдарынан білуге болады.

Қазақтың тарихын, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет екенін түсінген ғалым Қазақ ССР Ғылым академиясының жанынан Тарих, Тіл және Әдебиет институтын ашқызады.

Қ.И. Сәтбаев тұңғыш "Алгебра" оқулығын жазған. Ол педагогикалық училищені бітіріп, алғаш ұстаздық қызметін бастағанда қазақ тілінде математика оқулықтарының жоқ екенін ескеріп, ана тілінде алғаш рет алгебра оқулығының қолжазбасын латын және араб әріптерімен жазған.

Қ.И. Сәтбаевты ғалым-математик дей аламыз. Ол геологиялық кен барлау жұмыстарында математикалық шарттарды шебер қолдана білген. Орал аймақтарында көлбеу орналасқан тау-кен қазбаларында көлбеу бұрғылау әдісі қолданылса, Ұлытау-Қарсақбай жерасты кен байлықтарына тік бұрғылау әдісін тұңғыш рет қолдану ұсынылады. Математикалық өлшеммен дәлелденген ғалымның бұл жаңалығы бұрғылаудың үнемділігін іс жүзінде арттыра түсті.

1951 жылдың күзінде "Буржуазиялық ұлтшылдармен" күрес басталып, қазақтың зиялылары қудалауға ұшырады. М. Әуезов, А. Жұбанов, Қ. Сәтбаевқа "ұлтшыл" деген жала жабылып, жұмыстан босатылды.

Қаныш Сәтбаевты үш мәселе бойынша кінәлі деп айыптады:

1. Партияға өтерде Сәтбаев әлеуметтік тегін жасырды.
2. 1927 жылы "Алашорда" ұлтшылдық партиясының үгітшісі болды.
3. 1927 жылы Едіге туралы буржуазиялық аңызды редакциялап, алғысөзін жазып, шығарманың басылып шығуын қолдады, деп айыпталды.

Сондай-ақ Ғылым академиясының кадрлары арасына жат элементтерді жинақтаған "ұлтшылдарды қанатының астына алушы" деп кінәланды.

Қ.И. Сәтбаев 1952 жылдың 20 қаңтары күні Сталинге: "Жазықсыз кінәлі болғаным ба?" деген хат жолдайды. Бұл хатта Қаныш Сәтбаев өзінің саналы өмірінің 15 жылын геолог қызметінде болып, 11 жылға жуық Қазақстан ғылымының жетекшісі болғанын айта келіп, осы мәселе бойынша обьективті түрде анықтама-түсінік беріп, таза да адал еңбегін ескеріп, әділетсіз айып пен партиялық жаза алынып тасталады деген үмітпен ойын жеткізеді.

Қ.И. Сәтбаев бұл қаралаудан тек 1955 жылы ғана ақталып, қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының Президенті болып тағайындалып, өмірінің соңына дейін осы жұмысты атқарды. 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет мәліметтері

БІЛІМДІ ИГЕРУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІН ҮЙРЕНУ

Бакитжанова Райгуль Абдуалиевна
Түркістан облысы Шардара ауданы
"Шардара" мектеп-лицейі
бастауыш сынып мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются изучение эффективных способов освоения знаний в начальных классах.

Summary

This article examines effective ways to master knowledge in primary school.

Бастауыш білім жоғары сыныптарда алатын жүйелі білім салаларының бастамасы ғана емес, оның негізін қалайды. Бастауыш сыныпта оқылатын әрбір пән орта мектепте оқылатын бірнеше пәннің бастамасын негіздейді. Мысалы, жаратылыстану пәні келешектегі жүйелі ғылым салаларының бастамасы. Жаңа тұрпатты педагог алдына келген баланың ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тәрбиелей алады. Мұғалім тұлғасының

жан-жақты білімді болуы өзінен өзі туындайтын талап. Балалардың көңілінен шығатындай жұмысты ұйымдастыру бірнеше иемдіктер енеді. Бұлар: сабақты жоспарлай білу, тиімді әдіс-тәсілдердерді таңдау, жаңа технологиянықолдану шеберліктері, сабақ барысында оқушылардың өздігінен атқаратын жұмыстарды іріктей білу, оқушылардың шығармашылығына жағдай туғызу, оқушылардың тілін, ойлау қабілетін дамытуға көңіл бөлу, сабақ барысында оқу. Әр өткізілген зерттеу жұмысы- жаңалық! Күнделікті өмірде (үйде, табиғатта, мектепте) көрген құбылыстар, бақылаған жұмыстары мен үдерістерді түсіну, сипаттау үшін алған білімдері қызығушылық тудырады. Балалардың білу, зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Ол үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Әр сабақта үш нәрсеқажет: ойын, шығармашылық, өз–өзін көрсету. Абай «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Балалар ойнау барысында өздерін еркін сезінеді (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) байқалады. Зерттеу жұмысын өткізгенде не қолданамын? Н.В. Огаркованың ғылыми әдістері. Бақылау. Нені байқадың? Болжам. Байқағанымыз не секілді? Эксперимент. Гипотезаға тәжірибе жасау. Нақтылау. Тәжірибенің нәтижесі қандай? Тексеру. Сенімді, өнімді нәтиже ме? Қарапайым тәжірибелер қою, өздігінше бақылаулар жүргізу, бақылау нәтижелерін талдау негізінде оқушылар болжау жасау білу керек. Денелер мен құбылыстарды адам тікелей зерттеп көрмейінше толық әрі есте сақталатын білім алмайтыны өзінен өзі түсінікті. Зертханалық, бақылау жұмыстары оқушылардың таным деңгейлері мен теориялық түсініктерін қалыптастыра отырып, ғылыми әдістерді дұрыс қолдана білуге үйретеді. Мұндай тәжірибе жұмыстарын «Мен зерттеушімін» атты факультатив курсында, математика, жаратылыстану сабақтарында өткізу тиімді. Математика. Ұзындық өлшемдері.1 сынып. Литр өлшем бірліктерін зерттеу. Стақанның, банканың сыйымдылығы. Геометриялық фигуралар құрастыру. Қасиеттерін зерттеу. (ермексаз, сіріңке). 1 сынып Жіп арқылы фигуралар шығару. Қашықтықтан оқу. Логикалық тапсырма. 2 сынып Бала өз қолымен жасамай, көрсетпей, көзін жеткізбей, жай атқарған жұмыс пайдасыз. Әр адам өзінің жіберген қателері арқылы үйренетінін естен шығармау. Интербелсенді оқу/оқыту әрбір үйренушінің талабы мен талпынысын, күш –жігері мен қайрат – энергиясын бірлесе білім алу процесін ұйымдастыру арқылы бірнеше есе ұлғайту мүмкіншілігін береді. Тұлға аралық танымдық қарым-қатынас тамаша жетістіктерге жеткізеді. «Мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы», «оқушы-оқушылар тобы» секілді өзара қарым-қатынас жүйесінде әрбір үйренушінің білімі мен түсінігі кең контекс аясында табылады, үнемі даму және тереңдеу бағытында болады. Балалардың қызығушылығының деңгейін мынау жұмыстан көруге болады. Бұл жерде қарым-қатынастың түрі «оқушы-оқушылар тобы». Оқушыға анасы «Жас алхимик» сатып берген. Оқушы тәжірибесімен «Мен зерттеушімін» сабағында көрсетті. Тақырыбы «Сұйық май мен судың қасиеттерін зерттеу». Тақырыбы «Түрлі түсті су». 2 сынып Тақырыбы «Шарды электрлену» 2 сынып Өзін көрсету –жұмыстың ең қиын кезеңі. Бала сөйлейді, жасаған жұмысын қорғайды, жасаған жұмысының нәтижесін көреді, өзінің жасаған жұмысына баға береді. Басқаларға көрсету керек, қолдау немесе таңдануларын көрсету. Оқушылар тек жұмысты жасай салмай, өз жұмысын қорғай білуге, тиімді жақтарын көрсете білуге және айтылған ескертулерді қабылдай білуге үйренеді. Оқушы нақты дәлелдермен сөйлеуге үйренеді, кейбір оқушылар сабақ барысында сынпікірге кірісіп отырады. Қашықтықтан оқыту кезеңі. Видеоға түсіріп жұмысын қорғап отыр. 2 сынып. Тақырыбы «Ауаның қасиеті» Ғұлама ғалым Альберт Эйнштейін кезінде «Мен шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысымын» деген. Осы менің педагогикалық ұстаным. Әр күн өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу педагогтарға зор жауапкершілікті жүктейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2016
2. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Астана, 2014.

«ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫН» ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мауленова Ажар Айтбековна
Шымкент қаласы №69 «Еркебұлан» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Резюме

Статья посвящена вопросам организации и проведения занятий песочной терапией с детьми дошкольного возраста.

Summary

The article is devoted to the organization and conduct of sand therapy classes with preschool children.

«Біздің ойлап жүргенімізді қолымыздың көмегі арқылы шешуге болады»
Карл Густав Юнг

«Құм терапиясы» қағидасы аналитикалық терапияның негізін салушы Карл Густав Юнгпен ұсынылған. Мүмкін ұлы Юнгке адамның құммен «әлектенуінің» қажеттілігі, оның құрылысы осы идеяны ұсынуға себепші болған шығар. Себебі көптеген тәрбиешілер жекелеген құм түйіршіктерінде жеке тұлғаның нышандық айқындамасын, ал құм массасында – жаһандағы Өмірді көреді.

Құм – миллион жыл бұрын пайда болған. Ол бүкіл әлем бойы жайылған. Құм – өте ұсақ ақ түсті, сары, қоңыр, сұр және қызғылт түсті болады. Құм бала үшін магнит сияқты өзіне тартымды зат. Бала құмды не екенің сезінгенше қолдары сарай, қоршау т.б. жасай бастайды. Ал оған ойыншықтар, кішігірім фигураларды қосса, онда баламен түрлі ертегілерді драмалау, ойын процесіне кіреді.

Бәрімізге таныс бұлзат жай ғана – құм. Бірақ шын мәнінде бұл таңғажайып керемет материал. Құм әртүрлі болады. Жеңіл және құрғақ, ауыр және сулы, ол әртүрге ыңғайланады. Бірақ бұл құмнан жасалған фигураларда шашылып , тіл алмай қоюы да мүмкін. Балалар сағат сайын үйлер, фигуралар жасап немесе жайғана құмның үстімен жүруіде мүмкін. Ғаламторда құм жайлы көптеген мағлұматтар бар. Соның ішінде менің тапқаным құммен ойын туралы 1929 жылы Англияның педиатры Маргарет Ловенфельд жазған екен. Арнайы құм салынғаны ыдыста балалар өздеріне ұнаған фигуралармен суды пайдалана отырып, әр түрлі композициялар жасаған. Балалар өзерінің жасағандарын «менің әлемім» деген екен және Ловенфельд өзінің техникасын «Әлемнің құрылуы» деп атаған екен.

Қазіргі заманның құм суретшілері құмнан портрет, пейзаждар, мультфильмдер жасайды. Құммен сурет салу техникасы қазір өте танымал. Құм өнері барлық әлемге кең таралған.

Құммен ойын - балалар мен ересектердің эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады. Құммен ойнау кеңестік әдіс ретінде 1939 жылы ағылшын педиатры Маргарет Ловенфельд сипаттама берген. «Құмтерапиясы» концепциясының құрылуымен негізінде юнгиан мектебінің өкілдері айналысты, мысалы швейцар аналитигі Дора Калф.

Құмдағы ойындар – баланың табиғи әрекеті формаларының біртүрі. Сондықтан да біз, ересектер, құммен ойнайтын ойындарды оқыту және дамыту сабақтарында қолдана аламыз. Құмнан суреттер салып, әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлде қайда қызықты түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз.

Бала құмтерапиясында тек қана қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік – логикалықойлауды, көрнекііс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыта отыра процесс барысында бала өзінің ішкі қобалжуларын ішкі сезімдерін

сыртқа ойын барысында фигураларды таңдау барысында толығымен өз назарын салады. Бала ойын барысында өзінің терең эмоционалдық қобалжуларын айта алады.
Құм терапиясының маңыздылығы:

- Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.
- Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Құм терапиясы 3 жастан бастап әр жастағы адамдармен өткізіледі. Кейбір адамдар бұл әдісті психоанализге әкеледі деп ойлайды, бірақ біздің тәжірибе терапияның еркін әдісі екенің көрсетеді.

Қоғамда балалардың байланыстырып сөйлеуі және сөздік қорларының кемшіліктері басым болуда. Осымен қатар оларда сөйлеу тілі өте төмен дамыған олар агрессивті, бір-біріне қайрымды болмауы және бір-біріне мейірімділік шындамдылық танытпауы басым. Балалардың тез және жиі шаршайтындықтары, сабаққа деген қызығушылақтарының төмендеу, байланыстырып сөйлеуін және сөздік қорларының аздғын болдырады, комуникативтік дағдыларының дамуын тоқтады. Осындай ауытқулардың бірнеше себептері бар. Бұл экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы және қоғамда тудырылатын мәселелер: өмірдегі және теледидардағы қатыгездіктің өсуі, дұрыс тамақтанбау және ата-аналардық денсаулыққа қайшы келетін қылықтары, қиын отбасылардың көбеюі. Ата-аналардың көбі балалармен қарым-қатынас жасауға және тәрбиелеуге уақыт бөлмейді және ниеттері жоқ, оларда бірінші орында отбасын қаражатпен қамтамасыз ету. Балаларға ата-анасымен тікелей қарым-қатынасын компьютер мен теледидар алмастырады. Мұғалімдерге түрлі мінездегі балалармен жұмыс істеуге тура келеді. Біз өзіміздің тобымызда балалардың сөздік қорлардың дамуына және жалпы өзін – өзі ұстау жұмыстарына назарымызды аударамыз. Балалардың дамуын және тәрбиесіндегі кемшіліктерді шешуге көптеген әдіс-тәсілдер бар. Мен бұл әдістердің ішінен балалармен жұмыс жүргізудің бір түрі құм мен ойынға тоқталып өткім келеді. Біз топта жыл бойы құмды қолданамыз. Балалар құммен ойнауды өте жақсы көреді. Жазғы маусымда балалар шаршамастан бірнеше ай бойы құмзарда «еңбектенеді»: түрлі кең сарайларды жасап, түрлітоқаштар «қуырып», тортарды жасайды. Құм балалардың өзара түсінушіліктерін табуға көмектеседі. Құм агрессиялық қуатты шешеді, сондықтан құмзарда ойнап отырған барлық балалар бірге ойын жоспарлап оны жүзегеасырады. Балалардың бір-бірімен қарым- қатына сжасауға мүмкіндігі туады да, ол тілдік және комуникативті дамуына жағымды әсерін тигізеді.

Құм терапиясында стандартты өлшемде (50х70х80 см) ағаштақтай, құм, су және ұсақ пішіндер жиынтығы қолданылады. Құмзардың түбі мен жиегі көгілдір түске боялады, ол аспан мен суды модулдеуге мүмкіндік береді. Адам қолымен және табиғатпен жасалған шынайы және мифтік, тартымды және тартымсыз пішіндер қолданылады. Шынайы заттарды пайдалану табиғатпен байланысты сезінуге қолданылады, ал қолдан жасалған заттар шындықты қабылдауға көмектеседі.

«Қиялдау – ол барлық мүмкіндіктердің анасы, онда қарама- қарсы сыртқы және ішкі дүние бірге қосылады» (К.Г.Юнг.) К.Г.Юнгпен ұсынылған белсенді қиялдау техникасы құм терапиясының теориялық негізі ретінде қарастырыла алады.

Бұл әдістің авторы швейцар аналитигі Дора Калф – «дербес және қорғалған кеністікті болдыруды» деген негізгі жұмысына салынған басты принципі деп санайды, онда бала немесе ересек адам өздүниесіндеге тәжірибесі мен қобал жуларын, жиі мазалайтын және елестейтін түсініксіз бейнелерді көрсетеді.

Құммен сурет салу – өткен ғасырдың 70 жылдары АҚШ-та пайда болып, Батыста қанат жайған жас өнер. Қас-қағым сәтте әйнек бетіне құммен салынғанға жап суреттерді үпеткен жел немесе болмашы қимыл әп-сәтте бұзып кетсе де, осынау нәзіктікті көрген жан әсер сіз қалмасы сөзсіз. Алғашында құммен сурет салу мультфильмдер, анимациялық фильмдер шығару үшін пайдаланылған еді. Сурет салудың мұндай техникасында құмнан өзге жарма, кофе, тұз, басқа да ұсақ заттар қолданылады. Осы өнерді игеремдеуші адам үшін ең бастысы – шеберлік, себебі суретшіден тек әйнек бетіне бейнелерді түсіріп қана қоймай, құмды сезіне білу қабілеті талап етіледі. Бұл өнерді арнайы студиялардан үйренуге болады. Бүгінде еліміздің Алматы, Астана,

Павлодар, Өскемен секілді қалаларында мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларға арналған құммен сурет салу өнерін үйрететін студиялар ашылуда. Құммен сурет салу – өте қызықты, сонымен қатар пайдалы өнер. Сурет салудыңбасқа да түрлерісекілді, аталмыш өнер адамның қиялын, кеңістікті қабылдауын, есте сақтау қабілетін дамытып, әсіресе балалардың дұрыс жетілуіне, саусақтарының епті болуына әсерін тигізеді. Құм терапиясы — ол адамның ойлауқабілетіндамытады, зейінін арттырады. Сонымен қатар, адамның жүйке жүйесін тыныштандыруға пайдасы зор. Жалпы әйнек бетіне сурет салуда құмнан өзге жарма, кофе, тұз сияқты басқа да ұсақ заттарды қолдануға болады. Саусақ пен өріліп, құмның көмегімен бейнеленген бұл туындылар қазіргі кезде мол сұранысқа ие.

Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастырады және танымдық, психикалық процестерді дамытады ол түйсік (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, кеңістік түсінікті, тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикасын дамиды.

Құм терапиясының мақсаты: Балалардың құм терапиясында қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік – логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Құм терапиясын қолданудың әдіс - тәсілдері:

1. Әңгімелесу
2. Түрлі – түсті құммен сурет салу
3. Танымдық ойындар
4. Коммуникативтік ойындар
5. Пікірталастар

Құм терапиясы негізгі принциптері:

Шығармашылық белсенділікті таныта отырып, бала өзін ыңғайлы әрі қорғалған күйде сезініп табиғи ынталандыратын орта жасау.

Абстрактылы нышандар әріптердің сандық тиімдіжәне осы принциптің жүзеге асырылуы болып жатқан оқиғаға баланың жеке қызығушылығымен іс-әрекетіне оң мотивацияны қалыптастыруға және күшейтуге мүмкіндік береді.

Ертегі ойындарының кейіпкерлерімен бірге әртүрлі жағдаяттарды ойнау шынайы бірге тұру.

Қазір құммен сурет салу өнері өте көп. Бұл тек қана қызықты іс емес, ол балаларға өз әлемін ашуға көмектеседі. Құммен сурет салу көркем эстетиканы дамытуға көмектеседі. Ол ұсақ қолматорикасын, пластиканы, координацияны, танымдық процестерді жақсы дамытады.

Бала үшін құм терапиясы – өзін танытуға мүмкіндік. Су, құм, жануарлардың мүсіндері, заттар балалардың кейде сөзбен айтып жеткізе алмай ашылуына көмектеседі және сезімдерін білдіруге ықпал етеді. Құм терапиясы баланың ішкі күйзелісінен арылуға, өзін ретке келтіруге көмектеседі. Құм терапиясының сеанстары толықеркіндіктіжәне қорғаншылықты береді.

Құм терапиясы бұл шын мәнінде ойын. Себебі бұл ойын балаларға қатарластарымен және сыртқы әлеммен қарым-қатынасты орнатуды, өз сезімдерін білдіруге көмектеседі.

Құммен сурет салу – бұл балаға деген кішкентай мейрам, себебі оны балабақшада, үйде, мектепте немесе басқа жерде өткізуге болады.

Қазіргі таңда құм анимациясы өте танымал және сонымен қатар оған маңызды себептері де бар. Құммен сурет салу өнері –жай, қолжетімді, аса қымбат емес қызықты іс.

Әйнек бетіне құммен сурет салу таңғажайып әдемі. Құммен сурет салу өте қызық іс болғандықтан, мен өзім бірнеше жұмыстар жасап көрдім.

Терапия – емдеу деген ұғымды білдіреді, ал құм терапиясы – бұл құммен емдеу, ол жерде ешқандай дәрі де қажет емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сакович Н. А. Технология игры в песок. Игры на мосту. — спб.: Речь, 2006.
2. Юнг К. Г. Практика психотерапии. Минск: Харвест, 1998

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМЫТУ

Алдабекова Гульмира Анарбековна
Шымкент қаласы №44 «Жанар» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Резюме

В данной статье предусмотрено развитие языка детей в процессе воспитательно-образовательной работы в детском саду, совершенствование словарного запаса, обучение устной речи, использование полученных слов в повседневной жизни.

Summary

This article provides for the development of the language of children in the process of educational work in kindergarten, the improvement of vocabulary, the training of oral speech, the use of the words received in everyday life.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынменөседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз.Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін,зейін тұрақтандыруға,аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған ойындар:

Төрт құбылыс

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады.

Көңілді шеңбер

Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? – деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады.

Ойыншықты сипатта

Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут). Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады.

Сөзді есіңде сақта

Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек.

көктем – жаңбыр
жаз – күн шықты
аспан – бұлт
жер – шөп

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өті леді. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есіңде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есіңде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. [2]

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу

машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем.

Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады.

Бала саусағын ойната отырып, тілін дамыту

Саусақ ойыны- бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс- қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді.

Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

Мысалы: «Саусақтар сәлемдеседі» ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі. «Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады. Мысалы, «Моншақ».

Қызыл-сары көк моншақ.
Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқсаусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қолбұлшықетін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.

Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруіне дайындайды.[4]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша» 2009 ж №5. (6-8 бет)
2. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж , № 4 2008 ж
3. «Казахские детские игры» МолдагариновА. Алматы - Жалын» ,1987 г.
4. «Ұстаздар» сайты материалдары

ӨНЕР, МӘДЕНИЕТТАНУ ЖӘНЕ СПОРТ (БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ, КӘСІПТІК БІЛІМ, МУЗЫКА ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ)

ӘОЖ 79

ТӨРТТАҒАН (ПАРТЕР) ӘДІСІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІ

Дуйсембек Мәулен Маратұлы – М1402-13қ тобының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші: Ортаева А.С. – философия докторы PhD
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются развитие и особенности четырехходового (партерного) метода в греко-римской борьбе. Цифра четыре представляет собой ключевой элемент борьбы, который позволяет борцам выполнять различные приемы в партере, чтобы набрать очки и досрочно завершить поединок. В статье подробно описаны технические аспекты и методы тренировок, необходимые для изучения и успешного использования этой техники, включая эффекты силовых тренировок и предлагаемые программы тренировок. Особое внимание уделяется практическому применению метода четырех ходов в реальных поединках, стратегиям его применения, а также анализу типичных ошибок и трудностей, с которыми сталкиваются борцы. Последняя часть статьи посвящена значению четверного метода для греко-римской борьбы, его дальнейшему развитию и новациям в технике и методах тренировки.

Summary

This article explores the development and specifics of the par terre (ground wrestling) technique in Greco-Roman wrestling. The par terre technique is a crucial component of wrestling, enabling wrestlers to perform various maneuvers on the ground to score points and potentially end matches prematurely. The article provides a detailed description of the technical aspects and training approaches necessary for mastering and successfully applying this technique, including the impact of weightlifting exercises and recommended training programs. Special attention is given to the practical application of the par terre technique in actual matches, strategies for its use, and an analysis of common mistakes and challenges wrestlers may encounter. The concluding section discusses the significance of the par terre technique for Greco-Roman wrestling and the prospects for its further development and innovation in techniques and training methodologies.

Грек-рим күресі, күрестің ең көне түрлерінің бірі, ежелгі дәуірден бастап алғашқы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енген кезден бастап тарихқа ие. Аяқтарды ұстауға және техниканы орындау үшін аяқтарды пайдалануға тыйым салынған бұл спорт түрі өзінің ерекше техникасы мен тактикасымен күрестің басқа түрлерінен ерекшеленеді. Қазіргі әлемде грек-рим күресі Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында негізгі пән ретінде өз орнын сақтап, оның әлемдік спортты дамытудағы маңызды рөлін атап өтті[1].

Грек-рим күресіндегі төрттік (партерлік) әдіс-бұл жердегі позицияда орындалатын әдістер жиынтығы, бұл оны позициядан ерекшелендіреді. Бұл әдіс әртүрлі төңкеріс, құлыптар мен ұстау әдістерін қамтиды, олардың мақсаты ұпай жинау немесе қарсыласын тұрақты ұстау арқылы жеңіске жету. Төрттік әдістің тарихи дамуы ежелгі күрес тәжірибелерінен бастау алады, онда палуандар партерде әртүрлі әдістерді қолдана отырып, жауды тиімді бақылау жолдарын іздеді[2].

Уақыт өте келе, грек-рим күресінің ережелері дамыған сайын, төрттік әдіс айтарлықтай өзгеріске ұшырап, техникалық жағынан күрделі және әр түрлі болды. Қазіргі балуандар өздерінің дайындықтарының едәуір бөлігін партерлік техниканы зерттеуге және жетілдіруге арнайды, бұл олардың жарыстың жоғарғы деңгейінде жетістікке жетудегі маңызды рөлін көрсетеді. Қазіргі уақытта төрттік әдістің дамуы грек-рим күресіндегі техникалық прогресті көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар осы ежелгі спорттың терең стратегиялық және тактикалық құрамдас бөлігін көрсетеді.

Грек-рим күресіндегі төрттік әдіс палуандар партер деп аталатын жердегі позицияда қолданатын әдістер мен әдістердің кешенін білдіреді. Бұл әдіс қарсыласты бақылау және ұпай жинау мақсатында төңкерістер, ұстау, құлыптар және лақтыру сияқты әртүрлі стратегиялар мен әдістерді қамтиды[3]. Төрттік әдістің негізгі принциптері:

- *Қарсыласты бақылау:* Мақсат-қарсыластың қозғалу қабілетін шектеу, оны қолайсыз жағдайға душар ету.
- *Күшті пайдалану тиімділігі:* техникалар қарсыласқа максималды әсер ету кезінде минималды энергия шығынымен жасалуы керек.
- *Дене механикасын қолдану:* төрттік әдісті сәтті қолдану левередж, тепе-теңдік және инерция принциптерін терең түсінуді қажет етеді.
- *Жағдайға бейімделу:* Балуан қарсыластың позициясын тез талдап, осы жағдайға ең қолайлы әдісті таңдауы керек.

Төрттік әдіс бірнеше себептерге байланысты грек-рим күресінде артықшылыққа қол жеткізудің тиімді құралы болып табылады:

- *Қысқа уақыт ішінде ұпай жинауға мүмкіндік береді:* жақсы орындалған төңкерістер мен ұстаулар балуанға айтарлықтай ұпай жинай алады.
- *Мерзімінен бұрын жеңіске жету мүмкіндіктерін жасайды:* төрттік техниканы меңгеру жекпе-жекті техникалық нокаутпен немесе ұстап қалу арқылы аяқтау мүмкіндігін арттырады.
- *Әмбебаптық:* әдістерді күрестегі әртүрлі жағдайларға бейімдеуге болады, бұл балуанды қарсылас үшін болжау мүмкін емес етеді.

Грек-рим күресінің ережелері балуанның қарсыласынан 8 ұпай жинап, жекпе-жекте мерзімінен бұрын жеңіске жетуін қамтамасыз етеді. Бұл ереже төрттік әдістің маңыздылығын көрсетеді, өйткені партерлік техниканы сәтті қолдану ұпайларды тез жинауға және мерзімінен бұрын жеңіске жетуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндік балуандарды төрттік әдісті белсенді қолдануға және партерде өз дағдыларын дамытуға ынталандырады, өйткені партерде қысқа мерзімді үстемдік те дуэльдің шешуші факторы бола алады.

Осылайша, төрттік әдіс грек-рим күресінің стратегиясы мен тактикасында шешуші рөл атқарады, палуандарға жоғары деңгейдегі жарыстарда табысқа жетудің қуатты құралын ұсынады. Бұл әдісті шебер қолдана білу ұлттық және халықаралық ареналарда жеңіске жетуге жол ашады, оның қазіргі спорттық практикадағы маңыздылығы мен тиімділігін растайды.

Грек-рим күресіндегі төрттік әдіс спортшылардан жоғары техникалық дайындықты талап етеді, соның ішінде денені дұрыс орналастыру, рычагтар мен тепе-теңдікті пайдалану және күшті тиімді қолдану. Негізгі әдістерге мыналар жатады:

- *Төңкерістер:* Орындаушы қарсыласын айналдыру үшін қажетті қуатты қалыптастыру үшін жамбас пен аяқты белсенді қолдана отырып, қолын рычаг жасау үшін қолдануы керек.
- *Ұстау:* қарсыластың ауырлық центрін оның қозғалуына жол бермеу үшін өз денесін блокада ретінде пайдалану арқылы бақылау маңызды.
- *Партерде лақтыру:* лақтыру мүмкіндігін жасау үшін позиция мен тепе-теңдіктегі лезде өзгерістерді қолдана білу керек.

Күш, жылдамдық, үйлестіру және жарылғыш қуатты дамыта отырып, төрттік әдіс техникасын жетілдіруде серпіліс пен серпіліс сияқты ауыр атлетика жаттығулары шешуші рөл атқарады. Бұл қасиеттер техникалық күрделі техниканы орындау үшін өте маңызды, өйткені олар әр түрлі бұрыштарда жылдам қозғалу үшін күш пен қабілеттің лезде генерациясын қажет етеді[4].

Ауыр атлетика жаттығулары, мысалы, серпіліс пен итеру, балуандарды дайындауда маңызды рөл атқарады, әсіресе төрттік әдіс аясында. Бұл жаттығулар жарылғыш күш пен жылдамдықтың дамуына ықпал етеді, бұл жылдам және күшті төңкерістерді орындау үшін өте маңызды. Серпіліс пен серпіліс балуандардың лездемещысуларды тиімді пайдалану және күшті қарсыластардың қарсылығын жеңу қабілетін жақсартады, бұл "қарсыласты төртке бөлуді" қол жетімді етеді.

Балуандарға арналған жаттығу бағдарламалары қажетті физикалық қасиеттерді барынша арттыру үшін әртүрлі жаттығуларды қамтуы керек:

1. Өз салмағының 40% ауырлығы: 10 қайталаудың 10 жиынтығы, баламалы демалыс уақыты бар, серіктеспен ауысады.
2. 60% ауырлық: 7 қайталаудың 7 жиынтығы.
3. 80% ауырлық: 5 қайталаудың 5 жиынтығы.
4. 100% ауырлық: 3 қайталаудың 1-3 жиынтығы.

Бұл тәсіл төрттік әдісті сәтті қолдану үшін қажетті күш пен жылдамдықты дамытуға ықпал етеді[5].

Жекпе-жектің бастапқы кезеңінде төрттік әдісті белсенді қолдану палуанға айтарлықтай артықшылық бере алады, оның ішінде 8:0 есебіне жеткенде мерзімінен бұрын жеңіске жету мүмкіндігі бар. Төрттік әдісті тиімді қолдану тек техникалық дайындықты ғана емес, сонымен қатар стратегиялық жоспарлауды қажет етеді, бұл барлық мүмкіндікті ұпай жинауға және қарсыласқа үстемдік етуге мүмкіндік береді.

Жекпе-жектің бастапқы уақытын тиімсіз пайдалану және физикалық күш-жігерді дұрыс бөлмеу жіберіп алған мүмкіндіктер мен тез шаршауға әкелуі мүмкін. Бұл тәуекелдерді азайту үшін балуандар техникалық дағдылар мен фитнесті дамытуға, сондай-ақ өздерінің және күшті қарсыластардың жекпе-жектерін зерттеуге және талдауға назар аударуы керек.

Грек-рим күресіндегі төрттік әдіс осы ежелгі спорттың негізгі құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар жоғары спорттық көрсеткіштерге жетудің негізгі элементі болып табылады. Оның маңыздылығы ерте жеңіске жету үшін ұпай жинау мүмкіндігімен ғана емес, сонымен қатар

жекпе-жекте өз техникасын шебер қолдана алатын палуандарға беретін стратегиялық артықшылығымен де байланысты.

Төрттік әдістің техникасы мен оқыту әдістемелеріндегі әлеуетті даму мен инновациялар балуандар мен жаттықтырушылар үшін жаңа перспективалар ашады. Дайындық процесіне заманауи ғылыми тәсілдер мен технологияларды енгізу жаттығулардың тиімділігін едәуір арттыра алады, сонымен қатар партерлік техниканы тезірек игеруге және жетілдіруге ықпал етеді. Биомеханика, спорттық физиология және психология саласындағы зерттеулер жаттығу процесін оңтайландыру және спортшылардың жалпы өнімділігін арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін құнды деректерді ұсынады.

Жаңа әдістерді үздіксіз зерттеу және бейімдеу халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін сақтауға және жақсартуға ұмтылатын әрбір балуанның дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Спорттық жетістіктер көбінесе ең кішкентай маргиналдармен анықталатын әлемде тез бейімделу және инновациялық тәсілдерді қолдану мүмкіндігі жеңіске жету жолында шешуші фактор бола алады.

Осылайша, грек-рим күресіндегі төрттік әдіс өзінің тарихи маңыздылығын сақтап қана қоймай, спорттық күрестің қазіргі шындығына бейімделе отырып, дамуын жалғастыруда. Оны зерттеу және жетілдіру әлемдік шеберлік деңгейіне жетуге ұмтылатын жоғары деңгейлі балуандарды дайындаудың негізгі аспектілері болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Куликов А. И. (2020). "Грек-рим күресінің техникасы мен тактикасы". Мәскеу: дене шынықтыру және спорт.
2. Марк К.Ю. (2018). "Грек-рим күресіндегі заманауи жаттығу әдістері". Спорт журналы, 4 (2), 123-132.
3. Петров В. Н., Лобанов Ю. А. (2021). "Ауыр атлетика жаттығуларының грек-рим күресіндегі жетістіктерге әсері". Спорт ғылымдары журналы, 6 (3), 45-55.
4. Сидоров Д. В. (2019). "Грек-рим күресінен Әлем чемпионаттарында партерлік әдістердің қолданылуын талдау". Дене шынықтыру теориясы мен практикасы, (5), 28-30.
5. Ресей күрес федерациясы. (2022). "Грек-рим күресінің ережелері". Алынған https://wrestling.ru/rules/greco-roman-wrestling/.

СПОРТТАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОГРЕСС: ИННОВАЦИЯ ОЙЫНДЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ

Ирсалиева Л.Н. - 1505-82 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Шегенбаев Н.Б. - философия докторы (PhD)

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены следующие основные инновации: использование передовых материалов и технологий при производстве спортивного инвентаря, развитие анализа данных и использование искусственного интеллекта, виртуальной и дополненной реальности. Основной вывод статьи заключается в том, что технический прогресс приводит к постоянным изменениям в структуре и динамике спортивных дисциплин, влияет на ход игры, тактику команд, а также на понимание и подход к тренировкам и соревнованиям.

Summary

The article discusses the following main innovations: the use of advanced materials and technologies in the production of sports equipment, the development of data analytics and the use of

artificial intelligence, as well as virtual and augmented reality. The main conclusion of the article is that technological progress leads to continuous changes in the structure and dynamics of sports disciplines, affecting the course of the game, the tactics of teams, as well as the very understanding and approach to training and competitions.

Қазіргі заманғы спорт технологиялық прогреспен тығыз байланысты, ол мүмкіндіктердің шекарасын үнемі кеңейтіп, геймплей динамикасын өзгертеді. Спорттық жабдықтар, деректерді талдау, виртуалды шындық және басқа да көптеген салалардағы инновациялар спорттық тәжірибеге белсенді түрде енгізіліп, стратегияларды, жаттығу әдістерін және тіпті жарыстың сипатын өзгертеді.

Бұл мақала технологиялық прогрестің спорттық ортаға әсерін зерттеуге және инновацияның ойынды қалай өзгертетінін талдауға арналған. Зерттеу барысында біз спорттағы технологиялық өзгерістердің негізгі аспектілерін қарастырамыз, олардың жаттығу, бәсекелестік және ойын-сауық процестеріне әсерін бағалаймыз және жаңа технологияларды қолданумен байланысты этикалық және құқықтық аспектілерді анықтаймыз.

Бұл жұмыстың мақсаты-заманауи инновациялар спортты қалай өзгертетіні және осы технологиялық прогресс нәтижесінде спортшылар, жаттықтырушылар, жарысты ұйымдастырушылар және көрермендер алдында қандай перспективалар ашылатыны туралы толық мағлұмат ұсыну.

Спорт саласындағы технологиялық прогресс спорт пәндерінің құрылымы мен динамикасында үздіксіз өзгерістерге әкеледі, ойын барысына, командалардың тактикасына, сондай-ақ жаттығулар мен жарыстарға түсіністік пен көзқарастың өзіне әсер етеді. Спорттық пәндерді өзгертетін ең маңызды инновациялардың бірі-спорттық жабдықтар өндірісінде озық материалдар мен технологияларды пайдалану. Мысалы, футболда заманауи доптар бірегей аэродинамикалық сипаттамаларға ие, бұл доптың траекториясы мен жылдамдығына, сондай-ақ оны басқару мен ойыншыларды басқару тәсілдеріне әсер етеді.

Спорттық пәндерді өзгертетін тағы бір маңызды жаңалық деректерді талдауды дамыту және жасанды интеллектті қолдану. Ойын жағдайларын талдау жүйелері жаттықтырушылар мен ойыншыларға жүгіру жылдамдығы, беріліс дәлдігі, соққы тиімділігі және басқа параметрлер сияқты ойын сипаттамалары бойынша егжей-тегжейлі статистика алуға мүмкіндік береді. Бұл командалардың стратегияларына әсер етеді, өйткені олар ойын барысында тактикалық шешімдер қабылдаған кезде объективті деректерге сүйене алады.

Виртуалды және кеңейтілген шындық сонымен қатар спорттық пәндерді өзгерту үшін үлкен әлеуетке ие. Виртуалды жаттығулар ойыншыларға симуляцияланған ойын жағдайларына енуге мүмкіндік береді, бұл олардың реакциясын, шешім қабылдауын және қимылдарды үйлестіруді жақсартады. Толықтырылған шындықты стадиондарда интерактивті элементтер жасау немесе нақты уақыттағы ойын деректерін тарату арқылы көрермендердің тәжірибесін жақсарту үшін пайдалануға болады. Бұл инновациялардың ойын барысына әсерін бағаламауға болмайды. Олар динамикалық және қарқынды матчтарға әкеледі, ойын сапасын жақсартады және спорттық жетістіктерге ықпал етеді. Алайда, сонымен бірге технологияларды қолдану этикасы, инновациялар мен спорт дәстүрлерін сақтау арасындағы тепе-теңдік, сондай-ақ спортшылар мен жаттықтырушыларды жаңа дағдылар мен білімге үйрету қажеттілігі сияқты жаңа сын-қатерлер туындайды.

Физикалық белсенділікті бақылау үшін сенсорлар мен ақылды құрылғыларды пайдалану спорт пен салауатты өмір салтындағы технологиялық прогрестің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл инновациялық құралдар физикалық белсенділік туралы дәлірек және егжей-тегжейлі ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен қатар адамдарды өз денсаулығына саналы көзқараспен қарауға ынталандырады.

Біріншіден, сенсорлар мен смарт құрылғыларды пайдалану физикалық белсенділік туралы дәлірек және объективті деректерді алуға мүмкіндік береді. Қадамдарды санау немесе спортпен шұғылдану уақыты сияқты белсенділікті бағалаудың дәстүрлі әдістері толық емес және жеткілікті

дәл болмауы мүмкін. Фитнес білезіктері, смарт сағаттар немесе спорт сенсорлары сияқты сенсорлар мен смарт құрылғылар қадамдар санын ғана емес, сонымен қатар жаттығулардың қарқындылығын, жүрек соғу жиілігін, ұйқы сапасын, стресс деңгейін және басқа параметрлерді бақылай алады, бұл физикалық белсенділік деңгейін және оның ағзаға әсерін толық бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сенсорлар мен ақылды құрылғылар жаттығу процесін басқаруға көмектеседі. Олар физикалық белсенділік деректерін талдай алады және жаттығуларды оңтайландыру бойынша ұсыныстар бере алады. Мысалы, смарт сағат жүрек соғу жиілігі жоғары жаттығулардан үзіліс ұсына алады немесе жаттығу мақсаттарына жету үшін қарқындылықты арттыру қажеттілігін еске салады. Бұл жаттығулардың тиімділігін арттыруға және шамадан тыс жұмыс немесе жарақаттанудың алдын алуға көмектеседі.

Сенсорлар мен смарт құрылғыларды пайдаланудың маңызды аспектісі олардың мотивациялық әсері болып табылады. Олар адамдарды белсенді өмір салтына ынталандыруы мүмкін, өйткені олар мақсаттар мен прогреске қол жеткізу туралы визуалды кері байланыс береді. Мысалы, бір күнде мақсатты қадамдар санына жету немесе алдыңғы нәтижеден асып кету туралы хабарлама алу тұрақты физикалық белсенділікке қосымша мотивация болуы мүмкін.

Дегенмен, көптеген артықшылықтарға қарамастан, физикалық белсенділікті бақылау үшін сенсорлар мен смарт құрылғыларды пайдалану белгілі бір сұрақтар мен мәселелерді тудырады. Пайдаланушының деректерін қорғауды қамтамасыз ету маңызды, өйткені сенсорлар денсаулық туралы сезімтал ақпаратты жинай алады. Сондай-ақ, алынған деректерді бұрмалауы мүмкін құрылғылардың жұмысындағы мүмкін шектеулер мен қателерді ескеру қажет.

Спорттағы технологиялық прогрестің ең қызықты аспектілерінің бірі-виртуалды және кеңейтілген шындық. Бұл инновациялар жаттығулар мен жарыстардың тәсілдерін өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар спортшылар мен көрермендердің өзара әрекеттесуін байытады, даму мен ойын-сауықтың жаңа көкжиектерін ашады.

Виртуалды шындық (VR) спортшыларға жаттығуларға және ойын жағдайларын талдауға ерекше жағдай жасай отырып, қоршаған ортаға көшуге мүмкіндік береді. Мысалы, футболшылар VR-ді нақты матчтар мен жаттығуларға еліктеу үшін қолдана алады, бұл оларға тактикалық ойлауды дамытуға және алаңда ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға көмектеседі. Сол сияқты, баскетболшылар қоршаған дыбыстар мен қозғалыстарды қайталайтын жағдайларда жаттығып, шынайы дайындық кеңістігін жасай алады.

Толықтырылған шындық (AR) спортта да маңызды рөл атқарады, бұл виртуалды нысандар мен ақпаратты нақты ортаға қосуға мүмкіндік береді. Мысалы, теннисшілер корттағы виртуалды нысандарды көру арқылы қызметтерді жаттықтыру және соққылардың дәлдігін жақсарту үшін AR пайдалана алады. Бұл жаттығуды тиімдірек етіп қана қоймай, спортшылар үшін де қызықты етеді.

Алайда, виртуалды және толықтырылған шындықтан тек спортшылар ғана пайда көрмейді-көрермендер де осы технологиялардың назарында. Спорттық іс-шаралардың виртуалды трансляциялары көрермендерге стадионда жүргендей сезініп, ойын атмосферасына енуге мүмкіндік береді. Статистика мен түсініктемелерді визуализациялау сияқты AR әсерлері шолуды одан да мазмұнды және қызықты етеді.

Осы зерттеу барысында спорт саласындағы технологиялық прогрестің әртүрлі аспектілері және оның ойын процестерінің өзгеруіне әсері қарастырылды. Жабдықтағы заманауи инновацияларды, деректерді талдау алгоритмдерін, виртуалды және толықтырылған шындықты қолдануды және этикалық және құқықтық мәселелерді талдай отырып, біз бірнеше негізгі қорытындыға келдік.

Біріншіден, технологиялық прогресс спорттың дамуын ынталандырады, оны қызықты әрі кең аудиторияға қол жетімді етеді. Ақылды құрылғылар, бейне аналитика, виртуалды жаттығулар жаттығулардың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ ойын кезінде стратегиялар мен тактиканы жақсартуға ықпал етеді.

Екіншіден, инновация мен дәстүр арасындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын атап өткен жөн. Технология көптеген артықшылықтарға ие болғанымен, бәсекелестік рухын және әділ

ойынды сақтау маңызды. Бұл спортта технологияны пайдалануды реттейтін этикалық стандарттарды әзірлеуді, сондай-ақ деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қорғауды білдіреді.

Соңында, дамудың одан әрі перспективаларына назар аудару қажет. Жасанды интеллектті дамыту, виртуалды жаттығуларды жақсарту және деректерді талдау мүмкіндіктерін кеңейту спорт индустриясы үшін одан да қызықты болашақты уәде етеді.

Жалпы, технологиялық прогресс спорт саласын трансформациялауда шешуші рөл атқаруды жалғастыруда. Оның әсерін түсіну және инновацияның әлеуетін арттыру спорт индустриясына жаңа биіктерге жетуге және кәсіби спортшылар мен көрермендердің сұраныстарын қанағаттандыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Бекмағанбетова, А. С. (2020). Технологиялық прогресс және оның Қазақстандағы қазіргі спортқа әсері. Спорттық инновациялар журналы, 15 (2), 32-41.
2. Темірбек, Р. М. (2021). Қазақстандық спортта виртуалды және толықтырылған шындықты пайдалану: тәжірибесі мен болашағы. Журнал спорттық технологиялар, 10 (4), 55-63.
3. Абдукалыков, Е. К. (2018). Спорттағы деректерді талдауды дамыту: қиындықтар мен перспективалар. Спорттың өзекті мәселелері, 10 (1), 55-68.
4. Смирнова, Е. К. (2020). Спорттағы бейне аналитиканың дамуы және оның командаларды дайындауға әсері. Спорттық технологиялар хабаршысы, 8 (1), 102-115.Казакова, Г. Н., & Өтегенов, Б. М. (2019). Спортшылардың жаттығу процесінде виртуалды шындықты пайдалану. Спорттағы компьютерлік технологиялар, 3 (4), 112-125.

ӘОЖ: 372. 8:796

СПОРТТЫҚ МАНСАПТАН КЕЙІНГІ СПОРТШЫЛАРДЫ ФИЗИКАЛЫҚ ОҢАЛТУ

Бегімбет Алтынай Миятқызы – 1402-41 тобы студенті

Ғылыми жетекші: Есмаханова Жаркынай Шарабдиновна – магистр, аға оқытушы

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается актуальная проблема физической подготовки спортсменов в возрасте от 20 до 30 лет, завершивших спортивную карьеру и столкнувшихся с межпозвоночной грыжей поясничного отдела позвоночника. Программа физической культуры, основанная на физических упражнениях, лечебной гимнастике, общеразвивающих упражнениях и лечебной физкультуре, а также использовании классического фитнес-оборудования и метода "ЭКЗАРТА", оказалась эффективной. Результаты исследований подтверждают успешность данной программы.

Summary

The article deals with the actual problem of physical fitness of athletes aged 20 to 30 years who have completed their sports career and are faced with an intervertebral hernia of the lumbar spine. The physical education program based on physical exercises, therapeutic gymnastics, general developmental exercises and physical therapy, as well as the use of classical fitness equipment and the "EXART" method, proved to be effective. The research results confirm the success of this program.

Медициналық оңалту медициналық көмекті ұйымдастыру стандарттарына және ауру бейіндері бойынша диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес медициналық оңалту – пациент ағзасының бұзылған және (немесе) жоғалған функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешенін ұсынады [1].

Спортшылардың физикалық белсенділігі күнделікті жаттығу процесінде олар айтарлықтай жүктемелерге ұшырайды. Спортшыларда грыжалардың пайда болуы негізінен құрсақ қабырғасының үлкен штаммымен және құрсақ ішілік қысымның жоғарылауымен байланысты. Шамамен 90% бел аймағындағы грыжалар кездеседі. Ауырсыну адамның қалыпты қозғалыс белсенділігіне кедергі келтіреді. Физикалық күш салу, иілу, бұрылу кезінде ауырсыну, тұрақты ыңғайсыздық пайда болады.

Бел омыртқа аралық "грыжа" дегеніміз - бұл омыртқааралық дискінің бел омыртқаларының жотасынан (денесінен) тыс шығуы байқалатын патологиялық процесс. Бастапқы кезеңдерде ауру белгілері білінбейді, бірақ бара-бара асқынған жағдайда айқын ауырсыну, сезімталдықтың бұзылуы байқалады, тіпті сал ауруына шалдығу қаупі туындайды [2, б 11-18].
2. Краткий словарь по эстетике/ Под общ. Ред. М.Ф.Овсянникова, В.А. Разумного. Москва: Политиздат, 1964.-542 с.
3. Юрий Борев. Эстетика. - Астана, 2020 - 405б.
4. Ғазиз Райыс. Эстетика негіздері. -Алматы, 2012 – 563б.

ОӘЖ [373.5.016:749]:37.036

ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДАҒЫ ҚОЛӨНЕРЛЕР АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Махамбетқұл Аружан, Тұрабай Назерке,- 1404-10 тобының студенттері
Ғылыми жетекшісі: Сарыбаев Ғ.М.- магистр, аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье представлены педагогические условия развития творческих способностей учащихся посредством рукоделия на занятиях художественного труда. Кружок формирования творческих способностей детей посвящен оптимальным задачам их успешной реализации через уроки.

Summary

This article presents the pedagogical conditions for the development of students' creative abilities through handicrafts in art classes. The circle for developing children's creative abilities is dedicated to the optimal tasks for their successful implementation through lessons.

Қазақстан Республикасында білім берудің ұлттық доктринасында Көркем еңбек пәнін оқыту арқылы эстетикалық тәрбие беру, өнердің белгілі бір түрі арқылы білім мен дағдыларды меңгерту, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау қажеттігі атап көрсетілген. Осы мәселелерді шешу үшін қосымша (үйірме) білім берумен көркем еңбек мұғалімдеріне жауапкершілік жүктейді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін шешуге мына ғалымдардың еңбектері сіңген, оларға Л.Н. Азаров, Б.Г. Ананьев, Т.С. Комарова, В.С. Кузмин. Көркем еңбек сабақтарында шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру жағдайлары бойынша педагогикалық іздену әлі де болса зерттеулерді қажет етеді [1].

Бұл зерттеуіміз мына педагогикалық шарттарға байланысты:

1. Шығармашылық, шығармашылық қабілеттер, қолөнер ұғымының мәнін, мазмұнын ашуы;

2. Үйірме сабақтарда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тәжірибесін зерттеуі;

3. Оқыту кезеңдерінде баланың қабілетінің даму деңгейі мен критериясын зерттеуі;

4. Көркем еңбек сабақтарында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үлгісін ендіру мен әзірлеуі;

5. Қабілеттердің дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды эксперименталді түрде зерттеуі.

Осы мәселелерді зерттеу барысы біз үшін 2023-2024 оқу жылына сәйкес келеді. Зерттеу жұмыстары Шымкент қаласындағы №50 А.Байтұрсынов атындағы мектеп-гимназиясында өткізілді. Көркем еңбек сабақтарында келесі әдістерді қолдандық, яғни әдебиеттермен теориялық талдау жұмыстары, педагогикалық практикадағы оқыту мен талдау, психологиялық тапсырмалар бойынша тест, эксперимент жұмыстары, алынған мәліметтерді салыстыра отырып сұрыптау. Экспериментке 28 оқушы қатысты.

Зерттеудегі нәтиже мен талқылау. Осы зерттеуде шығармашылық, шығармашылық қабілеттер, қолөнер сияқты ұғымдардың мазмұнын ашу міндеттерін алға қойдық.

Психологияда жаңа материялдық құндылықтар мен рухани қабілеттер төңірегінде баланың шығармашылық әрекеттерін, өзіндік дара ерекшеліктерін Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов т.б. ғалымдар зерттеген.

Ал, педагогикалық әдебиеттердегі шолуларға қарасақ, шығармашылық қабілет балада туылмай жатып қалыптасады, беріледі деген В.А. Левин, Т.С. Комарова, В.С. Кузин, В.И. Павлов, Б.М. Неменский т.б. Осы ғалымдардың еңбектерін зерттеу барысында, мынадай ой түйюге болады:

1) баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жаңа ойдан тұратын әрекет;

2) өнер, білім, оқу-тәрбие процестеріндегі тұжырымдау мен шешуден тұратын кезең;

Барлық адамның бойындағы шығармашылық, оның қабілетінен көрінеді. С.Л. Рубинштейн өзінің еңбектерінде «....қабілет туралы сұраққа қабілеттің дамуы мәселесімен біріктіру керек» делінген. Қабілет мәселесіне келгенде баланың дамуымен байланыстыру, ол қабілетті бір жақтан емес оларды органикалық өсуі арқылы ішкі жағдаймен дамитынын айтады. Ал екінші жағы олардың алдын-ала анықталмаған, дайын түрде берілмейді ол дамуға дейін және одан тыс болатын қабілеттер делінген [2,3].

Көптеген психологтардың айтуынша, шығармашылық қабілет күрделі формация, олардың қалыптасуына сыртқы жағдайлар мен ішкі себептер арқылы дамып жетіледі. Көркем еңбек үйірмелеріндегі жағдайларға мектеп мұғалімдері мен ғалымдардың пікірлерімен санаса отырып жеке тұлғаның көркемдік қабілетінің бір бөлігі ретінде мыналарды қарастырдық:

- көркем еңбекке деген қызығушылық пен бейімделуі;
- шығармашылық жағынан ойлау;
- кеңістіктегі қиялдау;
- бақылау;
- анық көру мен есте сақтау қабілеті;
- көздің көру дәлдігі;
- қолдары арқылы жұмыс істеу дағдысы;
- көркемдік белсенділігі.

С. Қарапаевтың еңбегінде, шығармашылық ойлау дегеніміз – баланың айналасындағы шындық пен құбылыстарының маңызды белгілері. Қоршаған дүниенің даму заңдылықтарын,

болашақты болжайтын және мақсатты, жүйелі әрекет ететін психикалық процесс. Оқушылардың шығармашылық өзінше дамуы бұл көркемдік қабілеттерді дамыту мақсатындағы өзіндік жұмысы деп білеміз [4].

Шығармашылық қабілет ең алдымен оқушыларды көркем еңбек білім беру бағдарламасындағы кескіндеме, графика және жобалау, мүсін өнері, архитектура т.б. пәндер арқылы жүзеге асады. Балалардың бойында шығармашылық қабілет ерте кезден басталады, ойын ойнау арқылы, мектеп үйірмелеріне қатысу арқылы және бір-бірімен шығармашылық байланыстар арқылы. № 50 мектеп гимназиясында практика барысында мектептегі түрлі үйірмелер арқылы балалардың қабілеттерінің ашылғанына көзіміз жетті. Ол мектепте жас дизайнерлер, жас суретшілер, мүсіншілер, тоқымашылар т.б. үйірмелер жұмыс істейді. Үйірме жетекшісі Әжік Гүлжан Иманәліқызы көп жылдан бері шығармашылық үйірмелерді басқарады. Тоқыма үйірмесінде қыздар ұлттық киімдерді кестелейді, бисер өнері арқылы қыздарды нәзіктікке, әсемдікке, шеберлікке тәрбиелейді және тоқыма өнері арқылы түрлі бұйымдар жасаудың әдіс-тәсілдерін үйренеді. Бейнелеу өнері үйірмелерінде түрлі суреттер, эскиздер салады. Осы мектепте оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға деген материалдық база қалыптасқан және білікті ұстаздар еңбек етеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және шығармашылық дамуын қалыптастыруда сәндік қолданбалы өнерді пайдаланудың қажеттілігіне байланысты үйірме сабақтары түрлі деңгейде өткізілді. Онда оқушылармен эксперимент әзірлеу кезінде сол мектеппен тәжірибемізге сүйендік.

Экспериментті анықтау және қалыптастыру кезеңдеріне 28 оқушы қатысты. Оқушылардың шығармашылықпен айналысуы өзін көрсету деңгейін, көркем еңбек сабақтарында олардың іс-әрекеттерін зерттедік.

1. Жоғары - оқушы көркем еңбекке, шығармашылық ойлауға, кеңістікте қиялдау, көздің дәлдігі, қол шеберлігі, бұйымның әсемдігіне эмоционалды түрде ісер ете алады, тұрақты қызығушылығы жоғары, көркемдік дағдысы, белсенділігі, айқын.

2. Орташа – оқушы көркем еңбекке, шығармашылық ойлауға және кеңістікте қиялдауға, байқағыштыққа, қимыл қозғалыс, есте сақтау қабілеті, көздің дәлдігі, қолмен жұмыс жасау дағдысына қызығушылық танытады. Бірақ бейнелеу жағынан шығармашылыққа белсенділігі таныта бермейді.

3. Төмен – оқушы жоғарыдағы компоненттерге белсенділік танытпайды.

Зерттеудің кезеңінде 7 оқушының шығармашылық қабілеті жоғары, 17 оқушы орташа, 4 оқушы төмен деп бағаланды.

Көркем еңбек сабақтарында эксперименттік зерттеуге 5-8 сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және іс әрекетке тұрақты қызығушылығын зерттеу қажет болды.

Бұл зерттеу осы оқу жылы көлеміне созылды. Апталық жүктеме 2 академиялық сағат, сабақтың ұзақтығы 45 минут. Сабақ практикалық суреттер салу, модельдеу, жобалық іс шаралар, дөңгелек үстелдер, дизайнерлер, мүсіншілер т.б кездесу ұйымдастыру. Мақсатымыз оқушыларды көркем еңбек сабақтары арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Демек, оқушының дамуын күшейту принціпін, мүмкіндіктерін, шығармашылық әрекеттерін, қабілеттерін дамуын қамтиды.

Л.С. Выготскийдің дамыта оқыту принціпінде баланың шығармашылық дамуының мүмкіндіктеріне назар аударуды ұсынады. С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леоньтев тұлғалық-белсенділік көзқарас принціптеріндегі шығармашылық әрекет тұрғысынан қарастырады.

А. Балтабайдың пікірінше, қолөнер - ертеден келе жатқан кәсіп түрі. Халқымыздың өмірін, тұрмысымен дамып, кейінгі ұрпаққа беріліп отырған. Балалардың қабілеттерін дамыту үшін Көркем еңбек сабақтарында жалпы практикалық көптеген жұмыстар жүргізіледі. Әрбір өнер туындысы баланың қабылдайтын өзіндік мазмұны анықталды, оларға: ауылдың өткені туралы пейзаж суреттер, қазіргі қала тіршілігі пейзажы, қарапайым заттар бейнесі бейнеленген мүсіндер, бисер өнерімен моншақтан бұйымдар, тұмаршалар жасау т.б. Бұл жасалған репродукциялық

бұйымдар балаларды қызықтыратындай ашық, мөлдір түсті картиналар бейненің мәнін ашады, жасөспірімдерді дамытады, рухани байытады. Қолөнер үйірмелері арқылы зерттеп біліп, бағалау кейінгі ұрпақтың азаматтық, ұлттық парызы. Сондықтан да біз көркем еңбек сабақтарында қолөнер бұйымдар арқылы оларды қызықтыруға тырыстық. Практикалық сабақтарда оқушы назарын, сезімін, тәжірибесін өмірдегі барлық таңғажайптарға, табиғат сұлулығын қабылдауға бағыттадық. Әсемдік пен ұсқынсыздықты айыра білуге, шындық фактілерін бағалай білуге үйрете білдік. Көркем еңбек сабақтарында жасалған әрбір қолөнерге құрметпен қарауға тірбиелеу өте маңызды [5].

Оқушылармен жұмыс жасау кезінде олар барлық ақпаратты дәптерлеріне жазып, жасалатын бұйымдарының эскиздерін сызып, сызбалар жасап, кестелерді толтырды.

Қорыта келгенде, біздің зерттеуіміз көрсеткендей көркем еңбек сабақтарында оқушылардың қабілеттерін дамыту жоғарыдағы педагогикалық шарттар орындалған кезде табысты болатынына көз жеткіздік. Олар шығармашылық, шығармашылық қабілеттер, қолөнер ұғымдарының мәні мен мазмұнын ашу екеніне көзіміз жетті. Мектептегі үйірме сабақтарындағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тәжірбиесін меңгерту, оқу-тәрбие процесінде осы қабілетердің даму өлшемдері мен деңгейлерін қолдану екені даусыз. Демек, көркем еңбек, үйірме сабақтарында шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру, дамытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Азарова Л. Н. Как развивать творческую индивидуальность младших школьников // Начальная школа. 1998. -№4. –С. 80-81.

2. Рубинштейн С. Л. Принцип творческой самодеятельности // Вопросы философии. -1998. -№4. –С. 88-95.

3. Кузин В. С. Основы обучения изобразительному искусству в школе : пособие для учителей. –М. : Просвещение, 1977. -208 с.

4. Қарапаев С. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу маңызы. Бастауыш мектеп. 2012ж.

5. Балтабай А. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. //Білім//, 2003, №3, 41-426.

ӘОЖ (37.5)

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ермекбай Гүлмайра, Қоғабай Аяулым, Қалыбай Балнұр –
1404-10, 1404-20 оқу тобының студенттері
П.ғ.к., доцент м.а. **Байбатшаева А.Е.** – Ғылыми жетекшісі

Резюме

Проблема, рассматриваемая в статье, заключается в том, что термин «инновация» в современном обществе связан с искусством или наукой, инновационные процессы взаимосвязаны в художественном образовании и искусстве. И очень важно, чтобы их роль была глубоко отражена в процессе обучения, поскольку художественное образование тесно связано с развитием общества, то есть заключается в внедрении в преподавание в искусстве новых подходов к образу.

Summary

The problem considered in the article is that the term "innovation" in modern society is associated with art or science, innovative processes are interconnected in art education and art. And it is very important that their role be deeply reflected in the learning process, since art education is closely linked to the development of society, that is, it consists in introducing new approaches to image into art teaching.

Біздің қазіргі қоғамдағы «инновация» терминін өнермен немесе ғылыммен байланысты екенін кез келген адам хабардар. Инновациялық процестер көркемдік білім мен өнерде бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ олардың ролы оқу процесінде терең көрінеді. Бұл тақырып өте маңызды, себебі көркемдік білім қоғамның дамуымен тығыз байланысты, яғни өнердегі оқытуға бейненің жаңа тәсілдерін енгізу болып табылады.

Бірқатар заманауи суретшілердің соның ішінде академик пікірінше, дәстүрлер мен инновациялар қақтығыс түрінде емес, симбиоз немесе синтез түрінде өзара әрекеттесе алады. Бұл тақырып қазіргі уақытта өте өзекті, себебі өнер саласындағы қазіргі заманғы оқу процесінің ажырамас бөлігі. Инновациялық тәсілдер оқу процесіне әсер ететін барлық материалдарды ұсынуға және ашуға көмектеседі [1]. Бұл мәселе бойынша дәстүрлерді сақтауға және өнерде инновацияларды енгізуге арналған ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізіледі. Тақырыптың келесі маңызды аспектілері қарастырылады:

- ✓ көркемдік білім беруде инновацияларды енгізу теориясы мен практикасы;
- ✓ қазіргі көркемсурет өнеріндегі техника мен технологиялардың даму ерекшеліктері;
- ✓ инновациялық дамудың негізі ретінде көркем шығармашылық өнерін дәстүрлі оқыту.

Білімнің үнемі жаңаруынсыз ештеңе дамымайды, өнер саласы да ерекшелік емес. Көркемсурет өнері тарихының мысалында олардың өзара байланысын байқауға болады. Сондай-ақ өнердегі дәстүр мен инновацияның көркемдік білімге әсерін түсінуге болады. Сонымен қатар, көркемсурет өнеріндегі материалдарды таңдау инновациялық шешімдерсіз аяқталмайтынын атап өту қажет. Мысалы, 15-16 ғасырларға жататын майлы бояулар. Осы жаңалықтың арқасында суретшілер плэнерге шыға бастады, бұл кейіннен импрессионизм сияқты өнер бағытына әкелді. Импрессионизм өз кезегінде инновациялық жаңалықтарға әкелді. Оптикалық эффектілерді және оюъектілердің ерекше түсін қолдану, майлы кескіндемені ұзақ уақыт сақтауға көмектесті. Мұндай инновация көркемдік білімнің мазмұны мен сапасына тікелей әсер етті. Енді бір кездері инновациялық тәсілдер санатына сәйкес келгеннің бәрі уақыт келе дәстүрлі тәсілдерге көшті. Барлық заманауи суретшілер суреттер мен графиктерді шебер меңгере бермейді. Осыған байланысты көркемсурет өнерінің құлдырауын байқауға болады, себебі, инновациялық тәсілдер әрқашан өнерде кемелдікке жете бермейді.

20 ғасырдың аяғы мен 21 ғасырдың басында технологияның дамуы суретшілерге әр түрлі графикалық редакторлардың қолжетімді болуына әкелді. Инновациялық тәсілдерді енгізген кезде оқу процесі үйлесімді болуы керек, бәрі қалыпты болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан дәстүр мен инновацияны синтездеуге деген ұмтылыс әрқашан негіз болады. Көркемсурет өнерін оқыту әдістемесінің негізі болуы керек. Әрине, бұдан басқа көркемсурет өнерін оқытуда сурет және кескіндеме, крмпозиция және мүсін академиялық мектебінің негіздерін білу қажет.

Соңғы жылдары педагогика ғылымында қосымша білім беру мамандарына білім алушының жалпы және арнайы қабілеттерін дамытуға көмектесетін, белсенді тәуелсіз шығармашылық тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін, қоршаған шындыққа өзіндік көзқарасы бар, нәзік сезінетін және мағыналы ойлайтын, сондай-ақ шындықты субъективті түсінуін басқа адамдарға жеткізе алатын технологияларды құру мәселесі өткір қойылды [2].

Ғылыми және шығармашылық тәсілге негізделген және қосымша білім беру жүйесінің өнер мектептері мен көркемсурет үйірмелерінің көркемсурет бөлімдерінің мұғалімдеріне арналған оқу басылымы. Сондай-ақ, бұл әр түрлі деңгейдегі және бейіндегі мамандардың кең ауқымына-суретшілерге, көркемөнер кафедрасының студенттеріне, психолгтарға және көркемсурет

мектебінің жоғары сынып білім алушыларын оқыту және өзара әрекеттесу үшін қызықты әрі пайдалы болуы мүмкін.

«Композиция» ұғымының маңыздылығы көркем шығармашылықпен байланысты адамға айқын көрінеді. Бұл композиция тұрғысынан да, көркем шығарма тұрғысынан да жан-жақты ұғым. Бұл жол нәтиже, процесс және шығармашылықтың өнімі. Бір сөзбен айтқанда композиция – бейнелеу өнерінің кез келген түрінің (графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, дизайн және т.б.) көркем шығармасының негізі болып табылады.

Композицияның мәні ме маңызын түсіну студенттердің оқу процесінде меңгеруі өте маңызды. Бұл шығармашылық ойлауын, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі тану дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін композиция сабақтары. Бұл факт мұғалімдердің бейнелеу өнеріндегі ассоциативті композицияға деген қызығушылығының артуын анықтайды. Сонымен бірге, психологиялық-педагогикалық ғылым мен білім беру практикасы ассоциативті композиция бойынша мамандандырылған әдістемелік әдебиеттерде нақты тапшылыққа тап болғанын атап өту қажет. Сондықтан оқу құралының авторы өзекті тақырыпқа мұқият назар аударады. Композиция туралы ойлана отырып ассоциативті композицияны оқыту процесіне авторлық көзқарас сурет салуды оқыту процесінің психология және педагогика сияқты пәндермен байланысында көрінеді. Автор бұл пәндердің «композиция» пәнімен байланысын, көптеген терминологиялық сәйкестіктерді (абстракция, нақтылау, сурет, бейнелеу, қиял, байқау, салыстыру, талдау, синтез, жалпылау, ойлау, қабілет, шығармашылық және т.б.) байқауға болады. Осыған байланысты композицияның инновациялық бағдарламасында педагогика және психология сияқты пәндермен композицияны біріккен зерттеу ұсынылды. Білімнің мұндай жинақталуы оқу іс-әрекетінің өрісін едәуір байытады және композицияны қабылдау шеңберін кеңейтеді.

Оқытудың мұндай тәсілі суретшінің шынайы мақсатын түсінуге мүмкіндік береді, шынайы суретші алынған ақпарартты көрерменге барынша берілгендікпен жеткізеді. Оқытуға ұқсас тәсіл білім алушылардың біртұтас ойлауын қалыптастырады және көркемсурет өнерінің мәні туралы түсінік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Saipov A., Uzakhova A.K., Baibatshaeva A.E. (2020) Scientific and methodological foundations for the training of vocational education teachers in the context of continuous education. Science and life of Kazakhstan. International Scientific Journal. № 6/1. p. 216-221.

2. Baibatshayeva A.E., Isatayeva G., Arzymbetova S., Daiyrbekova G., Shegenbayev N. (2018). Pedagogical management as the theory and practice of management of educational process: Case study of Kazakhstan.

ӘОЖ 372.8:78

ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ МУЗЫКА МАМАНДЫҒЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Абдуғаппар М.Е.- 1403-22 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Кужагулова Г.Е. – п.ғ.к., аға оқытушы

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается будущее и современное состояние музыкальной профессии в эпоху глобализации. При подготовке будущих музыкальных специалистов рассматриваются вопросы их деятельности и педагогической этики, значение культуры общения.

Symmary

This article examines the future and current state of the music profession in the era of globalization. When preparing future music specialists, issues of their activities and pedagogical ethics, and the importance of communication culture are considered.

Музыка мұғалімінің рөлі қазіргі заманда ерекше бағаланады. Себебі, музыка мұғалімі музыканың сыры мен сиқырын, нәзік үні мен адам жанын елжіретер жақтарын адам баласына түсіндіре және ұғындыра алады. Елімізге бәсекеге қабілетті, кәсіби білімі жоғары маман қажет екені бәрімізге мәлім. Жаһандық білім беру ұлттық құндылықтар мен жалпы азаматтық ізгіліктерді бойына сіңірген, ізденімпаз, жаңашыл мұғалімді даярлауды талап етеді. Мен осы мамандықты өзім таңдап келгенмін. Осы білім алу барысында менің түсінгенім – жаңашыл және бәсекешіл болу, музыкаға қатысты әлемдік озық тәжірибелерді зерттеп, түрлендіре білу, жасампаз жаңа мұғалімнің бейнесіне ену, бала жүрегіне жол табу, мұғалімдік ар мен адалдықты сақтау, өз кәсібіне опасыздық жасамай, шексіз сүю, имандылық ережелерін игеру, музыка мұғаліміне сай эстетикалық, жоғары мәдениеттілік дағдыларды меңгеру керектігін түсіндім. Біз қазіргі заманның болашақ музыка мұғаліміміз. Болашаққа көз жүгіртетін болса, болашақтағы біздің жағдайымыз қалай болады деген сан сұрақтар бізді мазалайды. Айтар кетер болсам, болашақта мен қандай маман бола алам, менің әлеуметтік жағдайым қалай болады, әлемдік деңгейдегі білім беру кеңістігіне үлесімді қосып, ене алам ба, мен тәрбиелеп, білім беретін болашақ ұрпаққа бойымдағы бар білімімді бере алам ба, болашақта музыка әлемінде қандай жетістіктерге жете алам, мектеп жағдайы қандай даму деңгейде болмақ, мен жұмыс жасайтын ортада жаңашылдық бола ма, ғылыммен айналысып, өз мамандығым бойынша ғылыми қызметкер бола алам ба деген мәселелерді қазірден бастап оптимистік көзқараспен талдап, қазіргі заман талабымен салыстырамын. Әрине, болашақты болжау кез келген адамның қолынан келетін нәрсе. Дегенмен өз мамандығымды жақсы көрумен қатар, болашақта сол мамандыққа сай маман иесі болу арманым да мені алыстарға жетелейді. Ұстаздан ұлағат демекші, мектеп кезінен бастап армандаған мамандығым бойынша білім алып жатқандықтан айналадағы өзіме сабақ беріп жүрген ұстаздарымнын жақсы жақтарын бойыма қабылдауға тырысамын. Ұстаз бойындағы ең маңызды қасиеттің болуы, ол оның қарапайымдылығында екенін ұғындым.

Жаңа қоғамдағы мұғалім – рухани жағынан дамыған, толыққанды шығармашыл, табысы біліктілігі арқылы дамитын, бәсекеге қабілетті, кәсіби шеберлігі шыңдалған, өзін тұрақты жетілдіруге талпынатын, білім беру сапасы жоғары, әдістемелік жұмыстарға шебер адам екені белгілі [1]. Қазір заман өзгерген сайын жаңа формация мұғалімі кез келген жағдайға бейімделген және әртүрлі қиын жағдаяттардан амалын тауып, шыға алатын, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болуы шарт. Өйткені, біз заман өзгерген сайын болашақта бізді не күтіп тұрғанын алдын-ала болжай алмаймыз. Оған мысал келтіретін болсақ, 2019 жылғы коронавирус індеті кезінде мектептердің қашықтықтан білім беруі, оқушылардың сабақ оқуы үшін интернет желісін іздеп, үй шатырлары мен даладағы дөң бастарына шығуы, алысқа бармай-ақ, қазіргі кезде ауа райының қолайсыздығынан көптеген жерлерде су тасқынының пайда болып, мектептерде уақытша оқу жүйесінің тоқтатылуы мысал бола алады. Осындай жағдайлардан оңтайлы шыға білуде, білім беруді үздіксіз жалғастыруда, әрине, музыка мұғалімінің үлесі де жоқ емес.

Қазіргі заманғы әлеуметтік түбегейлі өзгерістер жағдайында болашақ музыка мамандарының саясат пен экономикада емес, рухани және материалдық салада да дайын болу қажеттілігі ескеріледі. Мұғалімнің кәсіптік қызметінің табыстылығы, оның кәсіби шеберлігімен тығыз байланысты болып келеді [2]. Мұғалім неғұрлым шеберлігін шыңдап, өз білімін жетілдірген сайын соғұрлым оның білімі де жоғары деңгейде бағалануда. Болашақ музыка мұғалімінде ең алдымен идеялық мақсаттылық ұстанымының болуы, отаншылдығы, педагогикалық гуманизм ұстанымы, педагогикалық жанқиярлық ұстанымы, болашаққа сеніммен қарауы, экономикалық дағдарыстарға қарамастан, өз жауапкершілігін сезіне білуі, сана-сезімінің жоғары сатылығы, педагогикалық намысының болуы, өз бойындағы қадір-қасиетін де бағалай білуі, кәсіби жағынан шебер қарулануы, педагогтік мәртебесінің биік болуы – осының бәрі болашақта оның бойынан табылатын асыл қасиеттер болып табылады. Мен болашақ музыка мұғалімі ретінде өз бойымнан осы аталған қасиеттердің болуы үшін көп ізденіп, талпыныс жасағым келеді. Менің арманым, атақты музыкант болу емес, менің арманым

– жақсы педагог-музыкант, әдіскер, тәрбиеші, ұстаз, тәлімгер болу. Мұғалім тұлғасының мәдениеттілігі, бет-әлпетінің үйлесімділігі, беретін білімінің ауқымдылығы, шәкірт алдындағы беделі, шешендігі, жеке-дара мінез-құлқы, ойлау дәрежесі мен сезімталдығы, өз пәніне деген қызығушылығы, эстетикалық және этикалық мәдениеті көзге көрінбейтін реңктер арқылы беріледі. Сондықтан болашақ музыка маманы ретінде алдағы өмірден күтетін жақсылықтарымның бірі – мамандығымды терең меңгере отырып, мұғалімге сай іскерлікпен қатар қоғамдық-саяси қасиеттерді меңгеру, кәсіби қарулану, ғылыми біліктілігімді арттыру, рухани мәдениетті сақтау, педагогикалық біліктілік пен зиялылықты игеру, шығармашылығымды шыңдау, сонымен қатар материалдық-әлеуметтік жағдайымды көтеру болып табылады. Мен үшін ұстаздық ұлы іс деп бекерге айтылмаған, ұлы болу міндетті емес, ұстаздық ұлылықты сақтау міндетті деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогикалық қызметкерлердің әдеп нормалары. Университеттің педагогикалық мамандықтарында оқитын студенттерге, магистрлар мен докторанттарға және жалпы орта мектептің сынып жетекшілеріне, мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. / Н.Н.Накышов, Ә.Қ.Бүркіт, Н.Борахаева/. – Алматы: Эпиграф, 2022. – 136 бет.
2. Орынбасарова Э.А. Педагог этикасы мен қарым-қатынас мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: «Бастау», 2017. – 216 бет.

ӘОЖ 372.8:78

В.А.МОЦАРТТЫҢ «ҚОҢЫРАУЛАР СЫҢҒЫРЫ» ШЫҒАРМАСЫН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жандарбек Б.Ш. - 1403-22 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Кужагулова Г.Е. – п.ғ.к., аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается особенности использования произведения В.А. Моцарта «Колокольный звон» на уроках музыки в начальной школе. В контексте мирового развития образования рассматриваются вопросы о важности использования произведений зарубежной классики в начальных классах.

Symmary

This article talks about the peculiarities of using the work of V.A. Mozart's "Ringing of Bells" in music lessons in elementary school. In the context of the global development of education, questions about the importance of using works of foreign classics in primary school are considered.

Бастауыш мектептерде жүргізілетін музыка пәні негізгі пән ретінде маңызды орын алады. Себебі, музыка пәнінде оқушылар ерекше шабытқа бөленеді, шығармашылық қабілеттері артады, әртүрлі іс-әрекет түрлерімен айналысқанда жоғары белсенділік пен қызығушылық көрсете алады. Музыканың құдіретін оқушылар сөзбен емес, әрекетпен, шығармашылықпен ғана дұрыс қабылдай алады.

Ы.Алтынсарин адындағы Ұлттық білім академиясының 2022-2023 жылдарға арналған әдістемелік хатында музыка пәні бойынша ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиеге, ұлттық шежірелер мен дәстүрлерді жаңғыртып, оқушы бойына сіңдіру мәселесіне баса көңіл бөлінген болатын. Ал осы аталған Ұлттық білім академиясының 2023-2024 жылдарға арналған әдістемелік хатында ұлттық құндылықтармен қатар мектеп бағдарламасына эстрадалық әндер мен классикалық шығармаларды енгізу мәселесі қосымша көрсетілген. Жалпы білім беретін мектептердегі музыка пәні бойынша өзге ұлт өкілдерінің музыкалық шығармалары енгізілгенімен де бастауыш сынып оқушыларының жасына сәйкес келетін классикалық шығармалар саны жоқтың қасы. Сондықтан біз өз мақаламызда В.А. Моцарттың «Қоңыраулар сыңғыры» музыкалық шығармасын музыка сабағында пайдаланудың ерекшелігіне тоқталғанды жөн көрдік. В.А. Моцарт шығармалары музыка саласы бойынша мектеп бағдарламаларына енгізілген, бірақ, қазақ мектептері үшін енгізілмеген десек те болады.

Батыс музыкасының әлемдік музыкаға айналуын ауқымды тарихи үдерістің жай ғана музыкалық өлшемі ретінде мектеп бағдарламасында қарастыруға болады. Себебі, Батыс музыкасы әлдеқайда алда дамыған, мәдениетін терең жайған, шын мәнінде музыка арқылы қиын өмірді жеңілдеткен нағыз талпынысты құрал болып келеді [1]. Батыс музыкасының стилі ерекше, әрине, музыканың пайда болу тарихы да ұлт ерекшелігі мен демографиялық жағдайға байланысты. Әсіресе, әлемді мойындатқан классикалық шығармалардың әсері де ерекше болады. Соның ішінде жаңа өсіп келе жатқан ұрпақтың әлемдік музыка бойынша дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, шығармашылығы мен қызығушылығын арттыру - кез келген музыка мұғалімі үшін маңызды. Батыста әр үйдің терезесінің ішінде талант бар деп бекер айтылмаған. Сондықтан біз болашақ ұрпақты сауатты, білімде бәсекеге қабілетті болсын десек, өз ұлттық мәдениетімізді меңгертумен қатар өзге ұлттың мәдениетімен таныстыру артықшылық етпейді. Батыстағы музыкалық модернизацияның қасиеті сол Батыстың эстетикалық құндылықтарының негізінде дамыған.

Өнер адамы ретінде музыка мұғалімі әлеуметтік тұрғыдан алғанда өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты келеді. Себебі, шығармашыл адам болғандықтан музыкант өзі іздеген жаңа дүниені қоршаған ортадан алады [2]. Қоршаған орта шығармашыл адам үшін шексіз байлыққа толы қазына болып табылады. Ал бастауыш сынып оқушылары сол біз бойына құйған қорды әрі қарай бойына сіңдіретін өндіруші, жүзеге асырушы болып табылады. Тақырыбымызды әрі қарай ашу мақсатында В.А. Моцарттың «Қоңыраулар сыңғыры» музыкалық шығармасын бастауыш сынып оқушыларына тыңдату арқылы таныстыруды жөн көрдік. Әрине, музыкалық шығарманы таныстыру мақсатында оқушыларға тақырыпты тереңдету үшін сыни тұрғыдан ойлауға байланысты сұрақтар қойылады. Қоңыраулар сыңғырын ойнау кезінде қандай аспаптардың қолданылғаны, ол аспаптардың қандай дыбыс шығарғаны және ол аспаптар қалай аталатыны жөнінде сұрақтар қойыла отырып, талданады. Музыкалық шығарманың лирикалық сипатына ерекше көңіл бөлінеді. Шығармада қоңыраудың сыңғырын білдіретін қоңыраулы аспаптардың қолданылғаны туралы ақпарат беріледі. Бастауыш сынып оқушылары шығарманы тыңдау барысында интербелсенді тақтадан бейнежазба көрсетіліп, шығарма барысында ойналған аспаптар да таныстырылады. Арасында үзіліс жасалып, аспап атаулары туралы пысықтау сұрақтары беріледі. «Қоңыраулар сыңғыры» музыкалық шығармасын тыңдау барысында табиғат көріністерінен қоңырауға ұқсайтын қоңырау гүлдер көрсетіледі. Сол арқылы оқушыларға алдын-ала дайындалған сурет салу құралдары бойынша қоңырау гүлдің бейнесін салу ұсыналады. Әрине, сурет салу әрекеті оқушылар үшін өте қызықты болғандықтан оған да арнайы уақыт бөлінеді. Қоңырау гүлдерді қандай түске бояу еркі оқушылардың өздеріне беріледі. Сондықтан бұл музыкалық шығарманы қабылдату оқушыларға қиындық келтірмейді. Себебі, музыкалық шығарма лирикалық болғандықтан, оқушының тез қабылдауына жеңілдік береді, бейнежазбадағы музыкалық аспаптар оқушы есінде ұзақ сақталады, қоңырау гүлдерді салған оқушылардың өз суреттері өздеріне тарту етіледі, миға шабуыл әдісі негізінде қойылған сұрақтар оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын арттырады, соның негізінде оқушылар музыкалық шығарманың мазмұнын нақты сипаттайды. Музыкалық шығармамен

таныстырылып болғаннан соң бейнежазбадан В.А. Моцарттың бейнесі көрсетіліп, мүмкін болған жағдайда жасанды интеллект технологиясы арқылы жандандырылса, оқушылардың қызығушылығы арта түседі. Картадан оқушыларға В.А. Моцарттың елі – Австрия мемлекетін көрсетуге де болады. Шетел классикалық шығармаларымен бастауыш сынып оқушыларын таныстырудағы мақсат – Батыс классикалық шығармаларының сипаты мен ерекшелігін сезіндіру болып табылады. Жалпы сабақты өткізу барысында оқушылар тарапынан үлкен қызығушылық байқалды. Сабақ барысында оқушыларға тек музыкалық шығармамен танысып қана қоймай, классик композитор В.А. Моцарт туралы ұғым берілді, композитордың туған елі Австрия мемлекетімен таныстырылды және тақырыпқа байланысты қоңырау гүлдің түрімен танысты, музыкалық аспаптар туралы кең мағлұмат берілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Больман Филип. Әлем музыкасының тарихы. 1-бөлім. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 460 бет.

2.Аронсон Эллиот. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе, 11 басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 бет.

ӘОЖ 372.8

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Иса Нұрлыбек - 12-1 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Рамашов Нурмамбек – п.ғ.к., профессор

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме.

В данной работе авторами рассматривается вопрос использования кейс технологии в образовательном процессе. В ходе исследования были определены наиболее эффективные виды, функции кейс технологий и их возможности использования с другими не менее эффективными методами преоподавания и обучения.

Summary.

In this paper, the authors consider the use of case technology in the educational process. The study identified the most effective types, functions of case technologies and their possibilities of use with other equally effective methods of teaching and learning.

Кейс-стади-педагогикалық технологиялардың бір түрі, бұл іскерлік ойын, кез келген немесе нақты жағдайды талдау. Нақты жағдайларды талдау технологиясын "жеке жағдай" деп атауға болады. Технология нақты жағдайларды пайдалануға немесе бір жағдайды сипаттауға негізделген. Біріншіден, талдау үшін берілетін жағдай нақты өмірде кездесетін жағдайдың көрінісі болуы керек. Екіншіден, сипаттамада зерттеуші шешуі керек тікелей немесе жанама қиындықтардан тұратын бір проблемалық жағдай болуы керек. Үшіншіден, зерттеуші нақты немесе бірнеше проблемалық міндеттерді практикалық шешу үшін теориялық білімдер

жиынтығын игеріп, жүзеге асыруы қажет. Іспен жұмыс жасау кезінде көп жағдайда қосымша ақпарат қажет болады, осы тұрғыда зерттеуші ақпаратты өз бетінше іздей білуге шешім қабылдайды. Танымдық жұмыстың соңында студенттер проблемалық жағдайдан шығудың жеке жолдарын табуы керек.

Бұл педагогикалық технология интерактивті, өйткені студенттер пәндік қарым-қатынастың белсенді қатысушылары ретінде танылады.

Оқу процесі оқушыға бағытталған және жеке тұлғаға бағытталған идеяларды ұстанатындықтан, оқыту/оқу іс-әрекеті қоян-қолтық қарым-қатынастан тұруы керек. Бұл қарым-қатынас мұғалім мен оқушы, оқушы мен басқа оқушы арасында, оқушылардың шағын топтары арасында жүреді. Профессор А.К. Алимовтың айтуынша, бүгінгі таңда білім беру жүйесінде проблеманы осы тұрғыдан да қоюға болады:"сіз тек белсенді өзара әрекеттесуге негізделген қарым-қатынас арқылы ғана үйреніп, үйрете аласыз" және "сіз тек өзара әрекеттесу арқылы үйренуге/үйретуге болады" [1].

Сондықтан мұғалімнің алдында дидактикалық материалды және оқу процесіне қажетті интерактивті әдістерді таңдау мәселесі тұр, олардың бірі кейс технологиясы. Бұл технология өз тарапынан дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың сыни ойлауын дамыту құралы ретінде қарастырылады. Оқу орындарында интерактивті оқыту/оқыту принциптерін және оларды аталған жұмыс түрлері мен іс-шаралар арқылы жүзеге асыру жолдарын тиімдірек түсіну үшін осы әдістердің әрқайсысына қандай мақсаттар мен принциптерді қолдануға болатынын қарастырайық:

Бірлескен жұмыс:

Мақсаты: ұжымдық жұмыс, өзара іс-қимыл және коммуникация дағдыларын дамытуға жәрдемдесу.

Принциптері: ынтымақтастық, проблемаларды бірлесіп шешу, серіктестердің пікірін құрметтеу, идеялар мен білім алмасу.

Жеке және бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстары:

Мақсаты: зерттеу дағдыларын, сыни ойлауды және тәуелсіздікті дамыту.

Принциптері: нәтижелерді белсенді талқылау, шешім табуға өзара көмек, тәжірибе алмасу, қателерді талдау және кері байланыс қабылдау.

Рөлдік және іскерлік ойындар:

Мақсаты: кәсіби рөлдерді игеру, нақты жағдайларда шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

Принциптері: Эмпатия, нақты жағдайларды модельдеу, кері байланыс, рефлексия және бейімделу.

Әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу:

Мақсаты: ақпаратты іздеу, талдау және бағалау дағдыларын дамыту.

Принциптері: сыни тұрғыдан ойлау, Тәуелсіздік, ақпараттың дұрыстығын тексеру, мультимедиялық тәсіл.

Кейс-стади:

Мақсаты: аналитикалық және проблемалық-бағдарланған дағдыларды дамыту, теориялық білімді практикада қолдану.

Принциптері: сыни тұрғыдан ойлау, шешім іздеу, топтық талқылау, салдарын талдау.

Тренингтер:

Мақсаты: кәсіби дағдыларды арттыру, көшбасшылық қасиеттерді және командалық ынтымақтастықты дамыту.

Принциптері: практикалық фокус, ойын тәсілі, ұжымдық оқыту, рефлексия және интроспекция.

Аталған әдістер мен іс-шаралар арқылы интерактивті оқыту студенттерге қазіргі әлемде және кәсіби қызметте табысты бейімделу үшін қажетті әр түрлі дағдыларды дамыта отырып, оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Ұсынылған интерактивті оқыту/оқыту идеялары мен принциптері педагогикадағы заманауи трендтерді көрсетеді және белсенді, икемді және мақсатты оқыту процесіне назар аударады. Осы идеялар мен принциптерді жоғары білім беру

тәжірибесінде қалай жүзеге асыруға болатындығы туралы мысалдар келтірейік: 1 Оқытуға болмайды, тек оқуға болады: Студенттер өзін-өзі оқыту процесіне қатыса алады, оларды дәрістер мен оқу материалдарында берілген материалды өз бетінше зерттеуге және талдауға ынталандырады. 2 Белсенді іс-әрекеттер арқылы білімді игеру: оқу жоспарларында практикалық сабақтар, Зертханалық жұмыстар, жобалар қарастырылуы мүмкін, онда студенттер теориялық білімді практикада қолданады. 3 Өмір бойы оқу қабілеті: оқыту бағдарламалары студенттерді өмір бойы үйренуге және дамытуға үйрететін кәсіби даму мен оқытудың құрамдас бөліктерін қамтуы мүмкін. 4 Бірлескен қызмет арқылы оқыту: жобалық жұмыстар, топтық тапсырмалар және бірлескен зерттеулер студенттерге топтық жұмыс және идеялармен алмасу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. 5 Диалог ретінде оқу: әдебиеттерді талқылау және студенттердің талқылауға белсенді қатысуы оларға аналитикалық және сыни дағдыларды дамытуға көмектеседі. 6 Рефлексия: студенттер журналдарды немесе рефлексиялық есептерді жүргізуге шақырылуы мүмкін, онда олар өз тәжірибелері мен оқушыларынан алған сабақтарын талдайды.

Осы идеялар мен принциптерді оқу процесіне енгізу оқуды тиімдірек және студенттердің қазіргі қажеттіліктеріне сәйкес етуге көмектеседі.

Бұл тұрғыда оқушылардың белсенділігі құпталады, сынып оқушылары арасында консенсусқа келу немесе жеке пікірін білдіру еркіндігі беріледі. Дегенмен, бұл педагогикалық технологияның ең маңызды ерекшелігі-бұл әдістің көмегімен студенттер теорияны өз бетінше меңгере отырып, практикалық дағдыларды да, өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігін де меңгереді. Студент жағдайды талдай отырып, болашақ маман ретінде қалыптасады және сабақты қызықты зерттеуге ұмтылады. Демек, инновациялық технологиялардың тамаша үлгісі ретінде кейс-стади бойынша білім беру және оқу процесі оқытудың мақсаты емес, оқушылардың құзыреттілігін оқыту құралы болып табылады.

Әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді талдауға сүйене отырып, кейс-технологияларды қолданудың және дағдыларды дамытудың келесі ерекшеліктерін ажыратуға болады:

- аналитикалық дағдылар: кейс-технологиялар студенттердің күрделі жағдайларды талдау, негізгі аспектілерді бөліп көрсету және қолда бар ақпарат негізінде салмақты шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді;
- практикалық дағдылар: кейстермен жұмыс істеу студенттерге теориялық білімді нақты кәсіби мәселелер мен жағдайларды шешуге үйрету арқылы тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді;
- шығармашылық дағдылар: кейс технологиясы студенттердің шығармашылық ойлауын дамытады, өйткені олар көбінесе күрделі мәселелерге дәстүрлі емес шешімдер іздеуді қажет етеді;
- қарым-қатынас дағдылары: кейстермен жұмыс істеу қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді, мысалы, өз ұстанымын білдіру, пікірталас жүргізу, сендіру және топ алдында өз шешімдерін дәлелдеу;
- әлеуметтік дағдылар: кейс-технологиялар студенттерді топта тиімді өзара әрекеттесуге, басқалардың пікірлерін тыңдауға, пікірталастарды қолдауға және жанжалдарды шешуге үйретеді;
- өзін-өзі диагностикалау: кейстермен жұмыс жасау студенттердің өз іс-әрекеттері мен шешімдерін сыни тұрғыдан бағалау, сондай-ақ қабылданған шешімдердің моральдық-этикалық аспектілерін талдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: кейс-технология студенттерге жағдайларды сыни тұрғыдан талдау, әртүрлі көзқарастарды бағалау және негізделген шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға көмектеседі. Бұл ерекшеліктер кейс-технологиялардың студенттердің қазіргі әлемде және кәсіби қызметте табысты бейімделуі үшін қажетті әр түрлі дағдыларын дамыту құралы ретіндегі маңыздылығын көрсетеді.

Оқу процесінде кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі кезеңдерден тұрады: 1) материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені анықтау, негізгі баламаларды тұжырымдау; 2) негізгі проблеманы енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс; 3) жалпы талқылаудағы шағын топтардың презентациялары және тәжірибе нәтижелері. Жағдайлардың әртүрлілігіне қарамастан, олардың барлығы типтік құрылымға ие

Сонымен қатар, кейс технологиясының маңызды ерекшелігі оның басқа әртүрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлесуі болып табылады. 1-кестеде кейспен жұмысты ұйымдастыруда әртүрлі әдістерді біріктіру мүмкіндіктері көрсетілген.

1-кесте-Кейс технологиясының басқа әдістермен үйлестірілуі

Кейс-стади әдісімен біріктірілген әдіс	Кейс-стади технологиясы рөлінің сипаты
"Модельдеу"	Кейс-модель құрастыру
"Жүйелік талдау"	Жүйелік ұсыныс және жағдайды талдау
"Ойлау тәжірибесі"	Рефлексия және трансформация арқылы іс туралы білім алу мүмкіндігі
"Сипаттау әдістері"	Кейс таңбасын жасау
"Проблемалық әдіс"	Кейстің негізінде жатқан негізгі мәселенің тұсаукесері
"Жіктеу әдісі"	Кейстің құрамдас бөліктерін анықтау, тараптардың тізімін жасау
"Ойын әдістері"	Кейс таңбаларының мінез-құлқының нұсқаларын ұсыну
"Миға шабуыл"	Кейске байланысты ойларды жалпылау
"Талқылау"	Негізгі проблема және оны шешу жолдары туралы пікір алмасу

Кейс әдісі мұғалімнің шығармашылық ойлауын дамытады, оның шығармашылық қабілеттерін сабақ мазмұнының ерекше құрылымына дейін кеңейтуге жағдай жасайды.

Кейс әдісінің тәрбиелік мақсаттары: 1) оқушының міндеті-кейстер жүйесін меңгеру және оны іс жүзінде жүзеге асыра отырып, нақты шешімдер қабылдау; 2) оқушы логикалық ойлауды қолдана отырып, ашық жүйені қолдана отырып, бастапқы ойдың мәні мен болжамын түсінуі керек; 3) студент өз тәжірибесін сенімді түрде түсінуі керек; 4) студент істің негізгі мәселелерін байыпты қарастыруға, өз орнын білдіруге, бөлектеуге және қатысуға міндетті; 5) студент өзінің дайындығы мен бейімділігін көрсетіп, сандық талдау әдістемесін қолдануы керек.

Қорытындылай келе, XXI ғасырдың жан-жақты интеллектуалды, дарынды тұлғасын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің назарында деп айтуға болады. Білім мен ғылымның Қазақстанның дамуына оңтайлы әсер етуі үшін әлемдік кеңістікке шығу міндеті туындайды, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заманауи талаптармен үйлестіру, білім берудің бүкіл оқу-әдістемелік жүйесіне жаңа талаптар қойылады. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімге оқытудың тиімді тәсілдерін таңдау және қарастыру еркіндігі беріледі. Қай кезеңде де, қай уақытта да мектептегі басты тұлға ұстаз, ұйымдастырушы-ұстаз жауапты борышы, қазақ ойының иесі, әлемдік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тіресе алатын, алған білімі мен білім қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын тұлға. Сонау XX ғасырдың басында Ш. Аймауытов: «Оқыту-бұл үйреншікті дағды ғана емес, ол жаңаға ие болатын өнер», - деді.

Сондықтан, бүгінгі таңда мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі - білім беру мен оқыту процесін ұйымдастыруда тең диалог құру кезінде әркім өз баласының құзыреттілігіне назар аударуы керек. Сыныпта осы мәселені шешуде инновациялық, интерактивті әдістерді

қолдану тиімді болып келеді. Осы тұрғыда біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың тақырыбы студенттердің сыни тұрғыдан ойлау құзыреттілігін дамытудағы интерактивті тәсілдердің біріне, атап айтқанда кейс технологиясына арналды.

Осылайша, кейс технологиясы студенттерге дене шынықтыру сабақтарын қызықты және нақты өмірге жақын оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әрбір жағдай келесі принциптерге негізделеді: нақты өмірден проблемалық жағдай ұсынылады, оны шешудің тәсілдері талқыланады, сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша әртүрлі жаттығуларды орындау кезінде шешу әдістері қарастырылады және ең соңында рефлексиялық кезеңмен аяқталады. Оқытудың бұл түрі сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуда, оқуға деген ынтаны арттыруда ерекше орын алады. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау деңгейіндегі оңтайлы өзгерістер бізге жүктелген міндеттерді ойдағыдай арттыруға мүмкіндік береді және біздің болжамымыз орындалды деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Инновационные образовательные технологии: учебное пособие. Часть 2/ А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова. – Алматы, Қазақ университеті, 2020. – 362 с

ОӘЖ (37.5)

ЖОҚТЫ ЕМЕС ЖОҒАЛҒАНДЫ ІЗДЕЙМІЗ

Байзах Ұ.Б., Пердебекова Н.Ж. – 1404-10 тобының студенттері .
Ғылыми жетекші: Пошаев Д.Қ . – п.ғ.к., профессор
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме
в центре внимания-жизнеспособность национальных ценностей.
Summary
The focus is on the viability of national values.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң қазақтың қоғамдық санасында орын алатын өзгерістер ұмыт болған ұлттық дәстүрлер мен құндылықтардың жандануымен сипатталады. Бұл ұлттық мәдениеттің жаңғыруы. Ол ғасырлар бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің әсерінен мәдени деградация мен трансформацияға ұшырады. Осының салдарынан ұлттық идея негізін құрайтын құндылықтарға деген құштарлық ояна бастады. Қазақ халқының інжу-маржанын жан-жақты зерттеулер арқылы ұлттық мәдениті бен рухани мұрамызды игеру сияқты міндеттер шешіліп, ұлттық тарих қалпына келтіріле бастады.

Сонымен бірге, тәуелсіздік жылдарынан кейін еліміздің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі, жаңа дәуірдің талаптарына жауап бере алатын ұлттық идеяны қалыптастыру мәселесі, қазіргі заманғы модернизация жағдайында қоғамдық өмірдегі ұлттық идеяның мәртебесін анықтау, ұлтымыздың рухани жетілуін қамтамасыз ету, оларды бір ұлттық идеологиялық бірлікте дамыту қажеттігі туды.

Ұлттық дамудың қазіргі кезеңіндегі Қазақстандық көпұлтты қоғамның бір ерекшелігі - әр түрлі құндылықтармен байланысты қалыптасқан, әр түрлі әлеуметтік және мәдени

құрылымдардың орын алуы әр қоғамдық сана мен мінез-құлыққа сәйкес ұғымдардың пайда болуынан деуге болады. Сондай-ақ, тарихта ұмыт болған немесе тоталитарлық кезеңде тыйым салынған ұлттық құбылыстарды қайта қалпына келтіру және жандандыру процесі байқала бастады. Олай болса, қоғадық, әлеуметтік өмірімізді реформалау мен демократияландыру ұлттық идеяның қалыптасуы қажеттілік және заман талабы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардан халыққа ортақ бағыт беретін ұлттық идеяның қалыптасуының шарты болып табылатындығын көруге болады. Бұл, процесс белгілі бір шарықтау шегіне жеткен және алдына қоғам мен елдің барлық саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және басқа да күштерін біріктіру міндетін қойған кез келген елдің дамуының түбегейлі жаңа сатысына көтерілудің орасан зор мақсатына қарай жылжып, өзінің ұлттық идеиясын қалыптастыру қажеттілігін сезінеді.

Ұлттық идея табиғаты «идея» және «ұлт» ұғымдарының ғылыми анықтамасына назар аударуды қажет етеді.

Гректің «иде» сөзі - көрінетін және бейне ұғымын, яғни мағынаны, ойды, көзқарасты білдіру үшін әртүрлі мағынада қолданыс табатын философиялық термин. Идеяның қандай болуы керектігінің жалпы жағдайын көрсетеді және оның жалпы бағытын анықтайды. Осы идеяға сүйене отырып, содан кейін бүкіл жүйені, олардың нақты түрлері мен формалары пайда болады. Бұл жағынан идея шын мәнінде анықталғанмен (әмбебап, ұлттық, гуманистік және т.б. тығыз байланысты.) саяси және қоғамдық өмірде, өнерде, дінде, философияда құндылықтар мәнінде көрініс табады. Мысалы, әр адам өз ұстанымы, өмірге көзқарасы, мұраттары мен құндылықтар жүйесіне ие. Олар бірігіп, сол адамның рухани жан дүниесін қалыптастырады. Олай болса, ұлтты сақтайтын олардың ұлттық құндылықтары болуы керек. Ол, елдің бар екендігі, тілектері, ниеттері олардың қолданбалылығы туралы мәселені алға тартады. Жоғарыда айтқанымыздай, елдің өзіндік құндылықтары мен мұраттар жүйесі,олардың өзіндік дүниетанымы болып саналады. Әрбір ел өзінің тарихи дамуы барысында кейбір ұлттық құндылықтардың « тасымалдаушысына» немесе жүзеге асырушысына айналады. Сондықтан бүкіл елдің ұлттық құндылықтар элементтері мақсат, бағыт және өмірлік құндылықтар болып табылады.

Ұлттың ұлт екенін танытатын оның ділі,діні,тілі,әдет-ғұрыпы,салт-дәстүрі және т.б.Қазақ халқы бұдан кем емес.Халық ауызында жүрген мақал-мәтелдердің немесе тиымның өз тәрбиелік мағыналары бар.Алайда қазіргі жаһандану заманында бұл құндылықтар өз бағасын жоғалтып,өткеннің еншісінде қалып жатыр.Оны ескертіп отыратын көне көз қарияларымыздың бүгінгі келбеті мүлдем бөлек.Ақ жаулығын таққан әже мен ақсалы мен тақиясы бар атаны қазіргі таңда кезіктіру өте қиын.Себебі бүгінгі таңда заманауи жас отбасылар туыстық байланыс, ата-ана қадірі,салт-дәстүрді біле бермейде.Барлығы бірдей емес.Бұны білетін жастарымызда жетерлік.Өйткені олар отбасынан жақсы тәлім тәрбие алған.Сол алған білімді келешекте өз ұрпағына үйретіп,үнемі айтып отырған.

Қазақ елінің кең даланың кеңдігіндей халқымыз салт-дәстүрге өте бай.Ұлт пен ұлттың бір-бірінен айырмашылығын осы дүниелерге ажыратқан.Заманымыз өркендеген сайын ұлттық дәстүрлерімізде жаңаша табыс табады.Ескірген деп әр салтты шетке ысыра беретін болсақ,ұлттық құндылығымыздың қадірі қайда қалмақ?

Еліміз үшін ең маңызды құндылық, ұшы қиыры жоқ ұлан-байтақ жеріміз,керемет табиғатымыз баршылық.Елімізді қорғап қалу үшін ата-бабаларымыз қаншама қан мен тер төккен.Біздің айтқымыз келгені көлемі жағынан жер жүзін толық қамтитын ұлан ғайыр жер болсын аталарымыз осы киелі жерімізді көз қарашығындай қорғап,ел болсын деп қорғады.Олар елін – жерін қорғау маңызды екенін түсінді.Табиғатымыздың тұтас тіршілікке ортақ екенін есекере отырып адам тұрмақ жануардың өз тобынан алыс кете алмайды.

Ұлттың –отбасы ұғымының ұлғайған түрі.Сол себепті ошағының басында тілі мен ділі,діні мен дәстүрі дәріптелген ұрпақтарымыздың ұлт туралы ойыда қысқа болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Пошаев Д.Қ., Кемелбекова Г . Білім беру жүйесінің ұлттық моделін қалыптастыру мәселелері.//

Ұлт тағылымы №2 2006 – Б.55-59
2. Пошаев Д.Қ., Рысқұлов А. Гумандылық білім берудің қазіргі кезеңдегі құндылығы. Оқу құралы. Шымкент, ОҚМПУ, 2021- 80 б.

ӘОЖ (37.5)

КӨРКЕМ ЕҢБЕКТІ ОҚЫТУДЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ

Сыдыков Мейірбек, Хайрулла Айбек – 1404-10 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Пошаев Д.Қ. – п.ғ.к., профессор
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье учитывается, что исторические аспекты обучения художественному труду становятся незаменимым фактором формирования национального самосознания подрастающего поколения и чувства гражданской ответственности за культуры своей страны.

Summary

The article takes into account that the historical aspects of teaching artistic work are becoming an indispensable factor in the formation of national consciousness of the younger generation and a sense of civic responsibility for the cultures of their country.

Қоғамдағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік, экономикалық қайта құрулардың сапасы, рухани-адамгершілік өмірдің негіздерін жетілдіру адам факторының әлеуетімен, білімімен, жігерлілігімен, бастамашылығымен және адамдардың шығармашылық белсенділігімен анықталады. Осы тұрғыдан қарағанда, адам бойындағы шығармашылық принциптердің дамуы, қоршаған шындықты өзгерту қабілетіне негізделінеді және ол үлкен маңызға ие.

XX-XXI ғасырлар тоғысында репродуктивті-педагогикалықтан білім берудің креативті-педагогикалық парадигмасына көшу орын алған кезде адамның рухани қабілеттерін үйлестіруге және дамытуға бағытталған көркемдік білім беруді дамытудың шұғыл қажеттілігін алға тартты. Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың көркемдік біліміні жалпы білім беру саласында көркем еңбекті оқыту арқылы үлкен мәнге ие болды.

Мемлекеттік құжаттарда көркем еңбекті оқытудаға маңызды мақсаты білім мен мәдениеттің әр түрлі салаларында еркін бағдарланған, әлеуметтік жауапты және рухани шығармашылыққа ие болашақ адамды қалыптастыру болып табылады.

Қазақстанда да көркемдік білім берудің негізгі тенденцияларының бірі ұлттық мазмұнда қалыптасқан салт-дәстүрлерге назар аудару болып табылады. Мұндай тұжырым өскелең ұрпақтың ұлттық сана-сезімін және өз елінің мәдениеттері үшін азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастырудың таптырмас факторына айналатынын алға тартады. Бұл процесс білім беру мазмұнының, мегатенденцияларының бірі болып саналатын, білім беруді гуманитарландыру негізінде жүзеге асырылады.

Көркемдік білім беру дәстүрлері ұлттық мәдениеттің ғасырлық тәжірибесі негізінде Еуропалық өркениет пен ұлттық мәдениеттің ара салмағын сезінуде де қамтиды.

Көркемдік білімнің қазақ жеріндегі тарихына үңілетін болсақ, Қазақстанда аталған білім нұсқасы XIX ғасырдың екінші жартысында дами бастағанын аңғаруға болады, дегенмен олар арнайы мектеп ретінде емес мәдени орталықтар ретінде, ел ішінде орта ғасырларда (VIII ғасыр) көріне бастады. Сол кездегі ірі білім беру орталықтары мекемелері болып саналатын Оңтүстік топырағында Отырар, Тараз, Сайрам қалаларында медереселер түрінде жұмыс істеді.

Қазақ жерінде көркем еңбек негізі қару жарақ жасайтын ұстаханаларда, зергерлік бұйымдар жасайтын шеберханаларда құрыла бастады. Онда тіпті болашақ мамандықтар негізі

анықталынып мазмұнға ие болды. Бұл, «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер!» - деген мақалдың шығуына да сеп болды.

Біз көркем еңбекті оқытудың тарихи аспектілерін зерделеуде көркемдік білім беруді жеке тұлғаны дамытудың мақсатты, жүйелі ұйымдастырылған процесі ретінде түсінуді алға тартамыз. Мұнда, туған елдің мәдениетін, оған тән нормалар мен құндылықтар жүйесін дамыту, өнердегі көркемдікті қабылдау және түсіну дағдыларын дамыту, эстетикалық көзқарастарды, сезімдерді, талғамды,әсемдікті құру қажеттіліктерін тәрбиелеу, сондай-ақ ұқыпты және жауапкершілікті дамытуұлттық мәдениет негіздерін меңгеру, ұлттық мәдениет диалогына ашықтық және құзыретті мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін қажетті білім мен дағдылард қалыптастыру мәселесін оқыту процесіне ендіруді мақсат тұтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Пошаев Д.Қ., Айнаходжаева Л. Ұлттық мәдениет және өркениет, олардың оқыту мазмұнын қалыптастырудағы маңызы// Әуезов оқулары -10 : «20 жылдық белес: Ғылым, білім және мәдениеттің инновациялық даму бағыттары.ҚР 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми тәжірибелік конф. Еңбектері 3 том. Шымкент, 2011- Б 173-175.

2. Пошаев Д.Қ. Оңтүстік топырағында қалыптасқан дидактикалық ой-пікірлер// М.Әуезов атындағы Оңтүстік қазақстан мемлекеттік университетінде «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша 17-ші студенттік ғылыми конференцияның еңбектері, Том 4. Шымкент, 2014- Б. 136-137

3. Пошаев Д.Қ., Ұзахова А. Білім беру мазмұнын қалыптастырудың үйлесімділік қағидалары//Materialy YIII mijdzynarodowej naukowi-praktycznej konferencji ``Aktualne problem nowoczesn ych nauk -2012 07-15 czerwca 2012 roku Uolume 21 Pedaqoqiczne nauki Muzyka I zycie Przemysl Nauka I studia -2012,- 19- 22 s

БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨНЕРГЕ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

Әзтаева Жазира Баймұратқызы
Шымкент қаласы, №57 Хадиша бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Резюме
В данной статье рассматривается развитие творческих способностей у детей дошкольного возраста
Summary
This article examines the development of creative abilities in preschool children

Үкіметіміз білім беру мекемелеріне Тәуелсіз мемлекетімізді өркениетті елдер қатарына жеткізетін ұл - қыз тәрбиелеуді талап етуде. Қоғамда, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда соны әрі айрықша шешім қабылдайтын жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылығын дамытатын тәрбиеші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған оқу - іс әрекеті барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бұл орайды баланы жалықтырып алмаудың жолдарын қарастырып, төмендегі тәсілдерді тиімді қолдану қажет:

- бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу;
- білімін қосымша әдебиеттермен толықтыру;
- жылы сөздер арқылы «сенің қолыңнан келеді», «сенің болашағың зор»- деп, үнемі балаға шабыт беріп отыру.

Әр тәрбиешінің алдындағы сәулелі мұрат шәкіртіне білім, тәрбие беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу. Сол «менді» шығармашылық тұлғаға айналдыру. Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам. Сәбиді жоғары деңгейдегі білім мен адамгершілікке баулитын тәрбиешінің бойында барлық асыл қасиеттердің табылуы тиіс. Өйткені, тәрбиеші бала болмысын, жүзін көріп түзелер айна іспетті. Бала қабілетінің ашылуы үшін тәрбиеші жаңашыл, білімді, іскер, қабілетті, жауапкершілік сезімді, жаңа технологияны толық менгерген, өз ісінің шебері болуы керек:

Бала қабілетінің ашылуы үшін;

1. Тәрбиеші білімін ұдайы жетілдіріп, кәсібі шеберлігін шыңдауы тиіс.
2. Бала білімі мен қабілетіне сеніммен қарау керек.
3. Баланы ақпарат, жаңалықпен қамтамасыз етіп отыру қажет.
4. Ата - анамен тығыз байланыс орнағаны жөн.
5. Баланы өмірге бейімдеуде дәл, дұрыс бағыт беріп, жеке ерекшелігіне көңіл бөлінуі керек.

Оқу мен тәрбиенің егіз екенін бір сәт те естен шығармаған жөн, соның нәтижесінде ғана сапалы білім мен саналы тәрбиеге қол жеткізуге болады. Ол жайлы Әл – Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- деген. Баланың ойында не бар, ол не істей алады, жасы өскен сайын ол қалай өзгеріп, нені үйреніп келеді дегенді анықтау, оған әсер ететін себептері іздестіру балалар психологиясының маңызды міндеті. Балалар психологиясын зерттеудің негізгі әдістері: бақылау және эксперимент. Бағдарламаның ерекшілігі баланың жалпы тәрбиесіне, дамуына әсері зор. Бала шығармашылық қабылеттері арқылы өсіп көптеген ойындарға таратылады (сюжетті – рөлдік, драматизация ойындары, сахналау, көріністер). Блок арқылы құралған бағдарлама:

1 блок – толтырынды кезең (кіріспе)

2 блок – моделдендірілген

Толтырынды кезінде кіріспе шығармашылыққа ерекше көп әсер келтіреді.

Бұл жерде бас рөлде тәрбиешінің өзі болады.

Екінші кезең баланың өз еркіндігімен және тапқырлығымен байланысты. Моделдік қасиеттер – айналадағы араластықтан және әр түрлі еліктеуден пайда болады. Блок арқылы жұмыс реттік бойынша, жеңілден ауырға немесе біртіндеп жеке өткізіледі (ойнаған, ертегілер қойған кезінде немесе тындаған күйінде). Бұл бағдарлама баланың шығармашылық қабылетін қуыршақ театр ойыншықтар, ойын сахналау, ойын – еліктеуші, сюжетті рөлдік ойындар арқылы дамып отырады.

Реттік жұмыстары:

Шығармашылық қабілеттерін дамыту кезінде тағы да басқа тәсілдер және тәсілден тыс әрекеттерді қолдану.

Коммуникативтік әсерді жою.

Меңгерілген шығармашылық қабілеттерін қолдану және іске асыру.

Оқу кезеңде іс – әрекет аптасына 1 сағат бөлінеді. Жылдық жоспарда 36 сағат ұйымдастырылады. Шығармашылық салалары ауысып отырып театр көрінісі тәсілден тыс, практикалық әрекет т.б.

Музыкалық, яғни, сазды – сахналық өнерге екінші кішкентайлар тобынан даярлық тобына дейінгі балдырғандарды қамту. Мұның барлығы балалардың шығармашылық қабілет - дарынын дамытып, оны қоршаған ортаның ерекшеліктеріне орай бейімдеп, сонымен тығыз байланыстыра отырып ұғындырып, олардың өмірді түсінуіне жағдай жасап, қиял армандарын жетілдіруге тырысу. Осы жұмыстарды педагогикалық талаптарға сай ешбір күштеп, зорлаусыз - ақ, өздерінің әдеттегі ойындарын қызықты да әсерлі етіп ұйымдастырған шақта балалар одан сайын ынталанып, оның жемісі де айтарлықтай болады. Жалпы театырландырылған ойындарда

балалардың шығармашылық қабілет - мүмкіндіктері айқын аңғарылады. Бұған пайдаланылатын шығарманың сюжеті мен ойындық қимылдары оның мазмұны бойынша анықталады, ал рөлдерді орындау тәсілдері мимика, интонация, дене қимылдары арқылы жасалып, іске асырылады. Бұл ойындарда балаларға шығармашылық жағдайлар жасауға, өздеріне тапсырылған ролдерді толық игеріп, кірісіп кетулеріне көп көңіл аудару. Олардың тиісті бейнелерді дұрыс жасаулары үшін іс - әрекет, қимылдарын көрсетіп, жетілдіруіне көмектесіп, кейіпкерлердің сөздерін, көңіл - күй, сезімін, мінез - қалпының қандай болуы керектігін түсіндіріп, ұғындырып отыру. Сөйтіп ойын барысында олардың тартымды бейнелер жасай білуіне қол жеткізу. Оған тәрбиешілер жан тәндерімен кірісіп, көп еңбек сіңіру керек.

Тәрбиешілер балалардың өздеріне тән жеке қасиеттерін анықтай түсу мақсатымен жылдың басында және аяғында театрландырылған жұмыстар арқылы «Құпия» сынақ (эксперименталдық) ойындар өткізіп отыруы. Бұл ойындардың өн бойында музыканың тигізер әсері мол. Бұл ойындарда қабілеті бар деген балалар өздерін еркін ұстайтын, ал ұялшақ, ұяң балаларға жәй рөлдер беріледі. Бұдан кейін өздерін тиісті рөлдерде ойнай алатын қабілетті балаларды театрландырылған жұмысқа кіргізіп отыру. Осындай 5 - 6 баламен жекелей жұмыс жүргізу. Оларға қуыршақты қалай ұстау керектігін, мимика, дауыс ырғақтарын үйрету. Театрландырылған ойындардың мазмұнына ерекше мән беру. Бұл - негізінен адамгершілік, достық, кішіпейілдік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық қасиеттерді уағыздаудан тұрады. Әдетте балалардың өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өсетіні белгілі. Осыған қарап, шапшаң, ширақ балаларға жуас, қарапайым рөлдер, ал мінездері салмақты байыпты балаларға жағымсыз рөлдер тапсырылады. Бұл арқылы біз балалардың шындық өмірге тереңірек үңіліп, ненің жаман, ненің жақсы екенін айқындырақ ұғынып, жаманнан жиіркеніп, жақсыдан үйренуге, өз қылықтарын дұрыс бағалап, жақсы кейіпкерлерге еліктеуге үйрету. Театрландырылған ойындарды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар керек.

Осыны ескере отырып, әрбір топта театрбұрыштары жасалады. Бибабо саусақтары, үстелдік және саусақты - қолғап, тағы да басқа түрлері қолданылып отырады.

Сөздік суреттеме бере отырып, балаларды рөлдерін толық орындауға үйрету, өздерінің рөлдерін қызықты ойнаған балаларды көтермелеп, мадақтап отыру. Естиярлар мен ересектер тобының балалары сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы артады. Қандай да сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізілу қажет.

Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің міңез - құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударылып, әр кейіпкерлердің киіміне көңіл бөлінеді. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады. Мысалы: орыс ертегілерінде түлкі басына орамал тартады, қазақ ертегілерінде түлкіге жейде кигізіледі. Сұрақ - жауап арқылы кейіпкерлердің қимылын, іс - әрекетін байқап, бағалап отыру қажет. Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалау керек.

Мысалы: «Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» туралы ертегіні оқып бергеннен кейін тәрбиеші балаларға мынадай сұрақтар қойды:

Алдар көсенің міңез - құлқы қандай?

Алдардың жүрісін кім көрсете алады?

Байдың мінезі қандай?

Оның жүріс - тұрысын кім көрсете алады?

Кім бай мен Алдар көсе болып ойнай алады?

Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтын ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал - мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән - күйлер мен билерді кіріктіріп отыру қажет. Сосын нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабаева Ю. Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 1997г.
2. Азанбаев Б. Бала біздің болашағымыз. №1-2002ж. //Бастауыш мектеп. №1. 2002 жыл
3. Тұрғынбаева Б. «Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту» //Бастауыш мектеп/ №2-2005ж.

ҮЙІРМЕ ТОПТАРЫНА ҚАТЫСУШЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ЭКСКУРСИЯ ҰЙЫМДАСТЫРЫП ӨТКІЗУ

Бертан Бауыржан Жүрсінбекұлы
Шымкент қаласы, №125 ЖОББМ география пәні мұғалімі ДОІЖО

Резюме
В данной статье рассматриваются организаций экскурсий в кружковой деятельности
Summary
This article discusses the organization of excursions in circle activities

Экскурсия (лат.excursio-саяхат жол жүру) жалғыз немесе топпен, ұжыммен көрікті жерлерді аралау музейлерге, саябақтарға бару, көрмелерге кәсіпорындарға тарихи-мәдени орындарға т.с.с оқу-танымдық білімдік сипаттағы, ғылыми спорттық немесе көңіл көтеру қызықтау мақсатында аралау.
- Экскурсия әртүрлі жас ерекшеліктегі топтармен бекітілген бағытта әр түрлі қозғалу тәсілдері (көлікпен жаяу) мен құралдарды қолдана отырып жүргізіледі.
- Экскурсия топпен бір немесе бірнеше нысандарды (географиялық ,тарихи мәдени т.б.) оқу-танымдық және тәрбие алу мақсатында келіп көруі.
- Жоспарлы түрде экскурсия мекеменің бұйрығы бойынша ұйымдастырылып өткізіледі.
- Экскурсияға қатысушылар өздеріне –өздері қызмет етсе, өз беттерімен дайындалса онда өз бетінше дайындалған экскурсия болып табылады.
- Экскурсиялар өткізілу аймағы бойынша жергілікті және алыс жерлерге жасалынаты экскурсия болып бөлінеді.
-Жергілікті экскурсиялар аудан облыс көлемінде жүргізіледі.
-Өз аумағынан тыс жерлер алыс экскурсиялар.
- Экскурсияларға дәрігерлік тексеруден өткен денсаулығы жақсы азаматтарға рұхсат етіледі.
- Бір күндік экскурсияларға 7-жастан бастап, көп күндік экскурсияларға өз бетінше болатын және жоспарлы экскурсиларға 12-жастан бастап рұхсат етіледі.Экскурсиялық бағыттарды ондағы нысандарды жан-жақты білікті білімді маман гид- экскурсовод жетекші ретінде таныстыруы керек.

Экскурсиялық бағытты дайындау үш кезеңнен тұрады.
1)Алдын-ала істелетін жұмыстар.
-экскурсиялық бағытты таңдап белгілеу,
-экскурсиялық бағыт бойынша мәліметтік мәтінді таңдап алу,оларды жинақтап зерделеу.
2) Экскурсияның бағытын жасау мәліметтерді саралау экскурсия мазмұнын қарастыру, ол негізгі сұрақтарды қамтуы керек, бақылау мәтіні жазылуы керек, экскурсияны өткізу әдістемесімен жұмыс жасау қажеттігі, экскурсия кезінде нысанды көрсету мен әңгімелеудің керекті тиімді әдіс –тәсілдерін қолдану, экскурсиялық бағыттың әдістемесі, гид-экскурсовод жетекші ретінде экскурсияны жүргізушілердің экскурсиялық бағыт туралы жеке мәтіндерінің болуы.
3) Экскурсиялық бағытты қорғау экскурсиялық бағытқа жіберуші мекеме басшысының экскурсиялық бағытты бекітуі, экскурсиялық бағыт бойынша мәтінді қорғаған гид-экскурсовод

жетекшіге рұхсат беруі.

Экскурсиялық бағыт бойынша экскурсияға жауапты азаматтардың жауапкершілігін белгілеп бұйрық шығаруы.Оқушылардың немесе экскурсияға барушылардың тізімін медициналық анықтамасын сұраныс хаттарын дайындау.

Экскурсиялық бағыттың мәтініне және оның өткізілу жағдайына қарамастан барлық экскурсиялық нысандар бойынша экскурсияны өткізілу формасы бірдей болады,кіріспе, негізгі бөлім қорытынды.

Экскурсияны ұйымдастырып өткізу барысында экскурсанттармен танысу,олардың автокөлікке мініп-түсуі жолдағы, нысан маңындағы техника қауіпсіздігімен таныстыру, тәртіп ережесі туралы нұсқама беру.

Ақпараттың мәтін туралы қысқаша хабарлама ,бағыттың ұзақтығы, шығатын қайтатын уақыты тазалықтың сақталуы.

Экскурсиялық бағыттың технологиялық картасы

Экскурсиялық бағыттың аталуы: Шымкент-Отырар-Түркістан-Шымкент.

Экскурсияның мақсаты: Экскурсияны ұйымдастырып өткізу барысында Отырар мен Түркістан туралы жан-жақты толық мағлұмат беру.

Экскурсияның міндеттері: Экскурсиялық бағыттың дайындалған мәтіні негізінде нысанның немесе орынның өткені, қазіргісі және келешегі туралы бар ақпаратты айтып жеткізу.

Экскурсиялық бағыттың журіп өту уақытының ұзақтығы - 12 сағат.

Экскурсиялық бағыттың жүріп келу қашықтығы - 540 км.

Экскурсияның мазмұны: Түркістан облысы, Шымкент қаласы туралы қысқаша мәлімет Отырар ауданы Әл-Фараби музейі, Отырар төбе, Арыстанбаб кесенесі, Түркістан қаласы туралы Әзірет Сұлтан атындағы мемлекеттік тарихи археологиялық қорығы туралы ақпарат беру.

Экскурсиялық бағыттар: тарихи-мәдени, сәулеттік, өндірістік, табиғат аясында және экономикалық тақырыптар бойынша өткізіледі.

Қорытынды 5-7 минутта жасалады, оны екі бөлімге бөлуге болады.

-экскурсиялық бағыттың негізгі мазмұнын қорытындысы.

-экскурсиялық бағыттың мақсатын жүзеге асыратын мәтінге байланысты түсінік жасау

Экскурсиялық бағытты ұйымдастырып өткізу барысында мынадай кезеңдер болады.

-экскурсиялық бағыт бойынша тапсырыс қабылдап құжаттарын рәсімдеу

-экскурсия жасайтын нысанды орынды анықтау ,белгілеу.

-экскурсиялық бағыттың тақырыбы мен мақсаты міндетін анықтау.

-экскурсиялық нысанның ,орынның орналасуы, ол туралы білім беру құндылығы.

-экскурсиялық бағыт бойынша мәліметтердің дереккөздерін анықтау.

-экскурсиялық бағыттың схемасы бойынша жүріп өту жолы.

Экскурсия жүргізудің технологиялық картасы.

-экскурсия жүргізушінің «жеке портфелінің» болуы.

-әдістемелік әдіс-тәсілдерді меңгеру.

-экскурсиялық нысандарын іріктеу мен зерделеуде экскурсиялық бағыт нысандарын дұрыс таңдау,

Экскурсиялық нысандар негізгі және қосымша болып бөлінеді:

1) Негізгі экскурсиялық бағыт нысаны экскурсияның тақырыбын анықтайтын нысандар жатады,экскурсияны көрсету барысында тақырыпшаларға бөлінеді.

2) Экскурсиялық бағыттың қосымша нысандары өткен жағдайлар туралы егжей-тегжейлі әңгімемен нақты деректерді толықтырады.

Экскурсия тәжірибесінде 2,5-3сағаттық шолуда 15-30 тақырыптық нысан, тақырыптық экскурсияларда 10-15 нысандар пайдаланады.

Нысан ретінде:

1.Туған өлкеміздің тарихи-мәдени өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты ұмытылмайтын жерлер(мысалы, Үш жүздің басын қосқан Ордабасы.т.с.с

-атақты тұлғалардың өмірі мен қызметіне байланысты мемориалдық ескеркіштер музейлер сәулеттік құрылыстар тұрғын және қоғамдық ғимараттар мәдениет ғимараттары, инженерлік-өндірістік ғимараттар, мекемелердің ғимараттары т.б. құрылыстар.
2.Табиғат нысандары (орындары(өзен, көлдер ,қорықтар, ормандар, тоғайлар саябақтар, жоғалып бара жатқан өсімдіктер, ағаштар.
-мемлекеттік музейлер, көрмелер тұрақты және уақытша көрмелер,
-өнер ескерткіштері, қолөнер бұйымдары мүсіндер, сурет бейнелеу өнері шығармалары т.б.
Экскурсиялық нысандар сақталуы жағдайына қарай толық сақталған, жартылай сақталған жойылған болып есептеледі.
Экскурсиялық нысандарды іріктеу барысында әрбір нысанға жеке карточка толтырылады. Корточкада мынадай мәліметтер болуы тиіс:
-нысанның атауы бұрынғы, қазіргі жұртшылық қалай атайды.
-экскурсиялық нысанға байланысты тарихи оқиға, оның уақыты.
-экскурсиялық нысанның географиялық орны, пошталық мекен жайы орналасқан аймағы (облысы елді мекен)
-экскурсиялық нысанның (ескерткіштің) сипаттамасы (авторы салынған , жасалған пайда болған уақыты, жасалған материалы жазба мәтіні)
-экскурсиялық нысан туралы мәлімет дереккөзі (жазылған әдебиеті мұрағат мәліметі, ауызша айтылған сөз, баспасөз материалдары.
-экскурсиялық нысанның сақталуы орналасқан жердің жағдайы мен қайта өңделген уақыты.
-экскурсиялық нысанды (ескерткіштерді қорғауға алған мекеме ұйым кімге жүктелген).
-қандай экскурсияларда нысан қолданылады.
Карточканың жасалған уақыты , оны жасаған адамның лауазымы мен аты –жөні жазылады, сондай-ақ экскурсиялық нысанның бұрынғы суреттерімен қазіргі суреті болуы тиіс.

Экскурсиялық нысандар негізгі және қосымша болып бөлінеді:

1) Негізгі экскурсиялық бағыт нысаны экскурсияның тақырыбын анықтайтын нысандар жатады,экскурсияны көрсету барысында тақырыпшаларға бөлінеді.
2) Экскурсиялық бағыттың қосымша нысандары өткен жағдайлар туралы егжей-тегжейлі әңгімемен нақты деректерді толықтырады.
Экскурсия тәжірибесінде 2,5-3сағаттық шолуда 15-30, тақырыптық экскурсияларда 10-15 нысандар пайдалынады.

Нысан ретінде:

-Туған өлкеміздің тарихи-мәдени өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты ұмытылмайтын жерлер(мысалы, Үш жүздің басын қосқан Ордабасы.т.с.с
-атақты тұлғалардың өмірі мен қызметіне байланысты мемориалдық ескеркіштер музейлер сәулеттік құрылыстар тұрғын және қоғамдық ғимараттар мәдениет ғимараттары, инженерлік-өндірістік ғимараттар, мекемелердің ғимараттары т.б. құрылыстар.
Табиғат нысандары (орындары(өзен, көлдер ,қорықтар, ормандар, тоғайлар саябақтар, жоғалып бара жатқан өсімдіктер, ағаштар.
-мемлекеттік музейлер, көрмелер тұрақты және уақытша көрмелер,
-өнер ескерткіштері, қолөнер бұйымдары мүсіндер, сурет бейнелеу өнері шығармалары т.б.

Шымкент қаласы және Оңтүстік өлкесінде жасалынатын экскурсиялық бағыттардың арақашықтықтары

1 . Бәйдібек ескерткіші, Зообақ-Дендробақ. (40-50км)
2. Облыстық тарихи өлкетану музейі. Ұлттық салт-дәстүр орт.(40-50км)
3. Абай саябағы-Құғын сүргін құрбандарының мұражайы.(35-40км)
4. Тәуелсіздік саябағы-Ордабасы алаңы,Шәмші алеясы.(30-35км)
5. Шымкент-Тұрлан елді мекеніндегі қолданбалы этног, музейі.(40-50км)
6. Шымкент-Түркістан қаласы-Шымкент.(360-380км)
7. Шымкент-Отырар-Арыстанбаб-Шымкент.(360-380км)
8. Шымкент-Отырар-Арыстанбаб-Түркістан-Шымкент.(410-420км)

9. Шымкент-Біркөлік шатқалы-Шымкент. (120-130км)
10.Шымкент-Сайрамсу шатқалы-Шымкент. (160-18км)
11.Шымкент-Ақмешіт шатқалы-Шымкент.(120-130км)
12.Шымкент-Ақсу Жабағалы-Шымкент. (200-220км)
13.Шымкент-Машат шатқалы-Шымкент. (120-130)
14. Шымкент-Домалақ ана-Ақмешіт үңгірі-Шымкент. (250-260км)
15. Шымкент-Сайрам-Мәртөбе-Шымкент.(100-110км)
16. Шымкент-Ордабасы тарихи-мәдени ұлттық қорығы.(100-110км)
17.Шымкент-Ғайып Ерен-Қырық шілтен-Кеме қалған кешені-Шымкент.(120-140км)

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Ердавлетов Р.С. «География туризма» Алматы 2000 год.
2 Веденин Ю.А. «Рекреационная деятельность» Москва 1971 г.
4. Ә.Ә.Жолдасбеков «Қазақстан Республикасына туризм дамытудың әлеуметтік экономикалық мәселелері». Алматы 2003ж.

ӘОЖ 371.39

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРДА БІЛІМ АЛАТЫН СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

(Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін даярлау мамандығы негізінде)

Л.Г.Ташмет, 6В01408 Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін даярлау мамандығы, 1408-13 тобының 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Ж.Т. Саймбетова, PhD философия докторы,
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушысы,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме

В статье рассматриваются современные технологии, профессиональные компетенций в подготовке студентов творческих специальностей.

Художественный труд, информационные технологии, профессиональные компетенции.

Summary

The article discusses modern technologies, professional competencies in the preparation of students of creative specialties.

Artistic work, information technology, professional competencies.

Шығармашылық мамандықтар студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін дайындау мен қалыптастырудағы заманауи технологияларды зерделеу бакалаврларды оқытудың қажетті шарты болып табылады. Бұл тақырып жоғары кәсіптік білім беруді жаңғырту жүйесінде маңызды болып

табылады. Дәстүрлі білім беру жүйесі оқытудың оң бағаларын алуға бағытталғандықтан және оқытудың жаңа әдістері болашақ маманды оқу процесінде құрылған мамандыққа бағыттауға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері каферасының тәжірибесінен шығармашылық мамандықтардың студенттерін оқытудағы технологиялары ұсынылған, студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған, шығармашылық мамандықтарды оқыту әдістері анықталған.

Еңбек нарығы студенттердің теориялық білімін де, практикалық дағдыларын да зерттеуді талап етеді, бұл *6В01408 Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін даярлау мамандығы бакалаврларын даярлау* бағыты бойынша мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес жасалған жаңа технологияларда көрінеді.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін енгізуге негізделген бакалаврларды даярлаудың көп деңгейлі жүйесі көркем еңбек мамандарында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру әдістерін зерттеуді қажет етеді. Бірқатар ғылыми еңбектерде дизайнерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістері зерттелген [1].

Құзыреттілік-бұл қалыптасқан білім, дағдылар, қызмет тәжірибесі және кәсіби маңызды жеке қасиеттер негізінде белгілі бір түрдегі қызметті сәтті орындау қабілеті болып табылады.

Мемлекеттік стандартына сәйкес бакалавр жалпы мәдени құзыреттілікке және жалпы кәсіби құзыреттілікке ие болуы керек.

Осы бағдарлама бағдарланған кәсіптік қызмет түрлеріне сәйкес келетін кәсіптік құзыреттермен өлшенеді, олар:

1. *көркемдік қызмет;*
2. *жобалық қызмет;*
3. *ақпараттық-технологиялық қызмет;*
4. *ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;*
5. *ғылыми-зерттеу қызметі;*
6. *педагогикалық қызмет.*

Болашақ маманның кәсіби қасиеттері кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес келетін құзыреттермен тікелей байланысты. Студенттердің қалыптасқан құзыреттіліктерін кеңейту түлектердің кәсіби қасиеттерін арттыруға әкеледі.

Ғылыми әдебиеттерде жоғары білім беруді модернизациялау мүмкіндігі зерттелген – жобалық циклды басқару, бұл студенттің шығармашылық тұлғасын белсендіруге байланысты оқу және өмір сүру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы студенттің жеке басын дамытуды көздейді. Бұл қасиеттердің дамуы оқытушылардың шығармашылық қабілетін арттырумен тікелей байланысты.

«Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін даярлау» мамандығы бойынша білім алатын болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістерін төмендегіше жіктеуге болады:

- студенттердің кәсіби конкурстарға;
- ғылыми конференцияларға;
- өндірістік практикадан өтуге;
- мерекелер мен іс-шараларға қатысуға;
- классикалық және қазіргі заманғы өнердің көркем көрмелеріне;
- кәсіби көрмелерге қатысуға;
- болашақ маман ретінде еркін жұмыс тәжірибесін қалыптастыруға;
- кафедра түлектерімен кездесулерге;
- көшпелі сабақтарға;
- шеберлік сыныптарына қатысуға;
- шетелдік тағылымдамаларға қатысу қажеттілігін арттыруға және т.б. дағдыландыру керек

[2].

Қазіргі білім берудің негізгі проблемасы – білім беруді нақты жұмыс берушілерден ажырату. Бұл мәселені шешу ЖОО және білім алушы студенттермен өзара іс-қимылын кеңейтуге негізделген. Оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын құруда, базалық кафедраларды ашуда әлеуетті жұмыс берушінің қатысуын дамытқан жөн.

Шығармашылық мамандықтарды оқыту әдістері төмендегіше жіктеп қарастыруға болады. Бұл теориялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік беретін жобалар әдісі:

Ынтымақтастық әдісі – ең жақсы шығармашылық нұсқаны алуға бағытталған шығармашылық топтың өзара әрекеттесуіне негізделген.

Портфолио әдісі – оқу шығармашылық жұмыстарын жинау, болашақ мамандарға өз білімдерін көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

«Әлемдік шығармашылық пен мамандыққа ену» әдісі - кәсіби көрмелер мен семинарларға үнемі қатысуға негізделеді, бұл сізге шығармашылық жобаларда классикалық шығармашылық техниканы да, заманауи әлемдік тенденцияларды да қолдануға мүмкіндік береді.

Студенттің таңдалған мамандыққа деген қызығушылығын қалыптастыру әдісі – болашақ маманға өзінің эмоционалды компонентін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқытудағы инновацияларды арттырудың маңызды әдісі – мультимедиялық және ақпараттық технологияларды қолдану болып табылады. Білім беру процесінің дамуы ақпараттық технологиялар ортасындағы прогреспен байланысты болғандықтан, бұл дербес компьютерлер мен телефондар үшін жаңа кәсіби дизайн бағдарламалары мен жаңа қосымшалардың пайда болуы.

Осылайша, Кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру бірінші курстан басталуы керек. Студентті ақпаратты таңдауға және талдауға, көркемдік құзыреттіліктер мен технологиялық заманауи шығармашылық әдістерін қолдануға үйрету маңызды, бұл оған еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді. Оқу процесіне оқытудың заманауи әдістерін енгізу білім беру сапасын арттырудың және жоғары кәсіби деңгейде еңбек технологиясы саласында мамандар даярлаудың қажетті шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Николайчук А.С. Современные методы обучения студентов творческих специальнольностей в системе компетентностного подхода. Территория науки. Новосибирский государственный педагогический университет. № 6, 2016
2. Пашаев А. А. Өнер педагогикасы және шығармашылық қабілеттер. - М., 2001

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ТЕРАПИЯ

Маханбетова Жансая Әубәкірқызы

Шымкент қаласы, МКҚК N55"Самал" бөбекжай- бақшасының ән жетекшісі

Резюме

В данной статье рассматриваются цели и задачи музыкального образования в дошкольных учреждениях

Summary

This article discusses the goals and objectives of music education in preschool institutions

Балалар күннің көп бөлігін балабақша қабырғасында өткізеді. Яғни, біз ата – аналармен тең дәрежеде тәрбиеленушілердің денсаулығына жауаптымыз. Балалардың физикалық және

психикалық жағдайы бізге тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін ерекше орта қажеттілігін тудырады.
Бүлдіршіндеріміздің жан – жақты етіп тәрбиелеуге, отансүйгіштікке, мейірімділікке, әсемдікті сүйюге тәрбиелеуде музыканың алар орны ерекше. Баланың музыкалық мәдениетін, эстетикалық талғамын,ұлттық сана – сезімін қалыптастыру сөзбен жеткізе алмайтын әсемдікті музыка тілімен жеткізуге болады. Музыкалық терапияның әдістері мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық жағынан жетілдіріп, тәрбиелеудегі қызметтің барлық түрінде сені мен жүйелі қажеттігін айқындайды. Сонымен қатар, өз ойын еркін білдіру баланың жағымсыз психикалық – эмоционалдық жағдайын жою үшін, балалның бойындағы психологиялық қиындықтарды және т.б шешу үшін қажет. Музыкалық терапияның мүмкіндіктері іштегі жағымсыз агрессивті энергияның кесірінен ашуыңды немесе оны «өзіңде ұстаудың» алдын алуға мүмкіндік береді. Музыканы қабылдау, оны орындау және шығару тек музыкалық қабылдаудың ғана емес, сонымен қатар психикалық терапияның да негізгі формалары болып табылады. Қазіргі жағдайда мен балабақшадағы күнтәртібіндегі музыкалық терапияның қолдану маңыздылығына тоқталамын.

Алғаш бала балабақшаға келгенде «адаптациядан», яғни «балабақшаға бейімделу» сатысынан өту керек болады. Бұл жағдайда баланы таңертен балабақшаға қабылдау кезінде баланың көңіл – күйін көтеру, тәрбиешінің бала көңілін өзіне аудару мақсатында қолданады. Орта темптегі лирикалық немесе көңілді әуендер балаларды балабақшаға, соның ішінде сол ортаға бейімделуіне көмектесетін бірденбір әдіс – тәсіл. Сондықтан біз осындай тақырып таңдадық.

Өнердің басқа түрлері сияқты музыканың танымдық маңызы да бар. Музыка балалардың эстетикалық және ақыл - ой тұрғысынан жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандырады

Музыканың бала тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Музыкасыз, ойынсыз, ертегісіз баланың толық мәндегі ақыл – ой, қиялын дамыту мүмкін емес. Музыка – адам мен ұрпақ арасындағы қарым-қатынас формасы, басқа адамды түсіну тәсілінің ерекшелігі және өзінің басқаға мәнерлеушілігі. Музыка ерекше қарым-қатынас мәдениеті, ерекше тілі. Баланы жан - жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті. Осы маңызды міндетті орындау үшін балада жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек.

Музыкалық тәрбие эстетикалық тәрбие сұлулықты, әдемілікті, көркемдікті сезінуге баулу. Бала музыканы тыңдап әнді, ойынды, көз алдына елестете отырып өзінше қабылдайды, қабілеті ашылады.

Музыкалық қабілеттің бірінші белгісі - музыкалық шығарманың сипатын/характерін/ сезіну, естігеніне бірге қуану, не күйіну, эмоциялық әсерін көрсету, музыкалық образды түсіну қабілеті. Музыка баланы толғандырады, қабылдаушылық қабілетін оятады, өмір құбылыстарымен таныстырады, оларды бір- бірімен салыстыратын ой туғызады.

Музыкалық қабілеттің екінші белгісі - тыңдау қабілеттілігі, ең қарапайым музыкалық дыбысты тыңдап, ести білу мәдениетін байқайды. Ең қарапайым қасиетін (аспаптардың жоғары және төмен тембрлік дыбысын) салыстырады, шығарманың ең қарапайым құрылымын (әннің бастамасын, қайырмасын, бөлімдерін) айырады, бір - біріне қарама - қарсы көркем образдарын айқындайды.

Музыкалық қабілеттің үшінші белгісі - музыкаға творчестволық көзқарастың көрінісі. Бала музыканы тыңдап отырғанда, көркем образды әнді, ойынды көз алдына елестете отырып, өзінше қабылдайды. Мысалы: маң - маң басқан аю, үркек қоян т.б..

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуден де, нұсқаулардан да анағұрлым күшті болады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болады. Сондай-ақ, Қазақстан азаматы болғандықтан, әрбір бүлдіршін еліміздің рәміздерін, әсіресе, мемлекетіміздің Әнұранын есіне сақтап, жаттап алуын қамтамасыз еткен жөн. Әнұранның мазмұнын балаларға егжей - тегжейлі түсіндіріп, мереке күндері топ

болып айтқызу – Отансүйгіштік, еліне деген мақтаныш сезімін, ұлттық рухын күшейтуде айрықша мәні бар іс. Түрлі халықтардың жеке және хормен айтылатын әндері мен билері достыққа тәрбиелейді. Әсіресе біздің балабақшамыздағы орыс топ балаларының казақ тілінде ән шырқап аудан көлемінде өткен «Тіл болашағы балабақшада» атты байқауда жүлделі орынға ие болғаны қазақ әні мен билеріне деген сүйіспеншіліктерін арттырады.

Музыкалық тәрбиенің негізгі міндеті – балаларға қуаныш әкелу музыкаға деген сүйіспеншілік егу, оның қабылдау қабілетін дамыту мен белсенді үн қосуға ынталандыру.

Музыкалық терапия – психотерапияның маңызды салаларының бірі.

Қазіргі уақытта педиатр, психолог мамандар балалар классикалық музыканы тыңдау керек екендігін айтады. Мұнда музыка емдік зат ретінде қолданылады. Бұл терапия бұрынғы заманнан белгілі.

Біріншіден – ырғақ сақтаған музыка мидың бөліктеріне әсер ету арқылы оның жұмыс істеуіне көмектеседі. Адамның белгілі жағдайымен, көңіл – күймен байланыса отырып, бізге белгілі эмоцияның пайда болуы әсер етеді.

Ал, балабақша жағдайында балалардың денсаулығының дамуына көп көмегі тиеді. Мысалы: таңертеңгі қабылдау, топтық жұмыстарды жасауда, ұйқыдан оятарда, сергіту сәттерінде музыкалық терапияны қолдануда баланың денсаулығына жақсы әсер етеді. Балалардың денсаулығының дамуына мерекелік ертеңгіліктердің өткізіліп тұруының маңыздылығы зор. Жақсы әзірлік ертеңгілік жоспары, дұрыс ұйымдастыру – осының бәрі әр баланың көңіл – күйімен мінез – құлқына әсер етеді. Мерекелік ертеңгілік – балаларға арналаған қуаныш болғандықтан көпке дейін естерінде жүреді. Ұжым болып ән салу, билеу, ойнау көп ретте тәрбиелік міндеттерді шешеді. Ән айту бәрінің бірдей күш салуын қажет етеді, әнді дәл айтпайтын бала жақсы айтатын балаға қарап үйренеді. Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі баланың жалпы мінез -құлқына, мәдениетіне себін тигізеді.

Музыкалық ырғақ сәтінде балалар рақаттана әндетіп, музыка ырғағына сай қимылдай жүріп, өздері ойлап тапқан жаңа биге көшеді. Би, халықтың жеке билері, пантомимо, әсіресе музыкалық ойын түріндегі драма балаларды өмір көріністерін бейнелеуге, бейнелі қимыл, мимика, сөз арқылы персонаждарды сомдайды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты музыкалық даму ерекшеліктері де жылдан - жылға өсе береді, баланың қабілеті белсенді музыкалық қызмет процесінде дамиды. Музыкалық дамудың неғұрлым елеулі ерекшеліктері: есту сезімі, музыкалық есту қабілеті, ән айту, музыкалық ырғақ орындаудағы қарапайым дағдылары, қимылдары.

Музыкалық – дидактикалық ойындар балалардың музыкалық даму міндеттерін шешуге көмектеседі. Ритм сезімін қалыптастыруға, музыкалық қабілетін дамытуға, қандай да болмасын дағдыны түзетуге тәрбиелейді.

Ертеңгілікте эстетикалық тәрбие құралдарының бірі ретінде тек музыка ықпалымен шектеліп қалмай, сонымен қатар өнердің бірнеше түрін үйлестіріп пайдалануға да болады. Олар: вокалдық терапия, аспаптық терапия, шығармашылық терапиясы, ритмикалық, логоритмикалық, фольклорлық арт – терапия, ертегі терапиясы.

Жақсы ән мен музыка – жан азығы. Сазды, ырғақты, жан тербетер ән музыка тыңдаған сәби ерекше қуанышты күйге бөленеді. Музыка көңілді көтереді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды эстетикалық дамыту үшін, негізінен музыканың екі түрі пайдаланылады: аспаптық және вокальдық. Бөбектік жастағылар үшін дыбыс шығарудың вокальдық түрі көбірек түсінікті. Сонымен қатар әндегі музыкалық кіріспе, сүймелдеу және қорытынды баланы балалар бақшасының ересек балалары топтарында жиі қолданылатын аспаптық пьесаларды қабылдай білуге жақындатады.

Балалар аспаптық музыканың көмегімен табиғат құбылыстарын, құстарды, жануарларды, әр түрлі қызықты кейіпкерлерді сипаттайтын көркем образдар әлемін таниды. Жасөспірімдерді тек батыс және орыс композиторларымен ғана емес Ұлтымыздың Ұлы Құрманғазы Дина, Тлендиев сынды күйші композиторларымызбен бірге Б.Байқадамов, А.Жұбанов, Л.Хамиди тағы

басқа көптеген балалар композитор шығармаларымен әндерін музыкалық сабақтарға осы заманда қолданып келеміз.

Музыкалық терапияның тәрбие мақсаты бала бойында жеке қабілеттерін дамыту, ән әлемін таныстыра отырып, баланың табиғи мүмкіндіктерін ашуды көздейді.

Музыка әуенін тыңдап түсіну мәдениеті бала кездегі тәрбиенің негізінде қалыптасқаны жөн. Ол үшін баланы, ең алдымен, сезім байлығын дамытуға, есту, есте сақтау, қиялды ұштау және шығармашылық еңбекке үйреткен тиімді.

Музыканы дұрыс тыңдап, одан ерекше ләззат алу үшін музыкалық шығарманың талғамдық деңгейі, балаға беретін сезімдік ассоциациясы маңызды орын алады.

Атақты биолог ұлы ғалым Чарльз Дарвиннің «Егер маған екінші рет өмір сүруге тура келсе, ең болмағанда аптасына бір рет поэтикалық шығармалар оқу мен музыка тыңдауды әдетке айналдырар едім, сонда миымның семіп қалған бөліктері өзінің өміршеңдігін сақтаған еді» деп жазған екен. Ендеше, денсаулықты ойласақ есті ән мен күй тыңдайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байжігітов Б. Көркем өнер терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі / Б. Байжігітов.- Алматы: РБК, 1998 .–
2. Балтабаев М. «Елім-ай» / М. Балтабаев, Б. Өтемуратова. - Алматы: Атамекен, 1993
3. Балтабаев М. Әсем саз: бастауыш сыныптарға арналған музыка әліппесі / М. Балтабаев, Б. Өтемуратова - Алматы: Атамекен, 1993.
4. Балтабаев М.Х. «Елім - ай»: бағдарламасының ғылыми әдістемелік негіздері / М.Х. Балтабаев - Алматы: РБК, 1993

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА «ДЕБАТ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Толаметов А.О. – М1502-13 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Уалиханова Б.С. – Phd, аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

Түйін

Бұл мақалада тұлғаны дамыту және қазіргі қоғамда сәтті бейімделу үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру мақсатында білім беру процесінде «дебат» технологиясын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеу құзыреттілікке бағытталған және жүйелік-белсенді тәсілдерге, сондай-ақ Шымкент қаласындағы Қорқыт ата атындағы №22 жалпы орта білім беретін мектебінде физиканы зерттеуде осы технологияны қолданудың педагогикалық тәжірибесін талдауға негізделген. Талдау нәтижесінде, әсіресе 7-11-сыныптар аралығында физика пәнін оқу жағдайында оқу үдерісіне дебаттарды енгізу қажеттілігі анықталды. Бұл технологияны қолдану нәтижесінде қарастырылатын оқушылардың үйлесімді, жан-жақты тұлғасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қорытындылай келе, мемлекеттік білім беру стандартының талаптары тұрғысынан «Дебат» технологиясын қолданудың объективті қажеттілігі атап өтіледі.

Кіріспе

«Дебат» педагогикалық әдістемесін тұлғаны дамытудың және қазіргі қоғамда негізгі дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қолдану өзекті міндет болып табылады [1]. Дебат технологиясы оқушылардың интеллектуалды, лингвистикалық және коммуникативті дамуына ықпал етеді, сонымен қатар олардың өзін - өзі тәрбиелеуі мен өздігінен оқуына бағытталған. Ол ашық педагогика принциптеріне негізделген, мұнда оқушының қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамытуға баса назар аударылады.

Зерттеу әдістемесі құзіреттілікке бағытталған және жүйелік – белсенділік тәсілдерін, сондай-ақ оқыту тәжірибесін жалпылау және талдау әдістерін қолдануды қамтиды. Талдау 7-11 – сыныптар аралығында физиканы оқыту үдерісіне дебат әдістемесін енгізу қажеттілігін растады. Жаратылыстану-математикалық цикл пәнін оқытуда осы әдістемені қолдану нәтижесі үйлесімді, көп қырлы тұлғаны қалыптастыру үдерісіне ерекше көңіл бөлінеді.

Негізгі бөлім

Физика ғылым ретінде көптеген оқушылар үшін күрделі және түсіну қиын болып көрінеді. Алайда, оқытудың заманауи әдістері осы пәнді оқуды қызықты әрі түсінікті етуге мүмкіндік береді [2]. Осындай әдістердің бірі – дебат, ол тек дәлелдеу және сыни ойлау дағдыларын дамытып қана қоймай, физикалық ұғымдарды терең түсінуге ықпал етеді.

Дебат (пікірталас) – бұл қатысушылар белгілі бір мәселе бойынша өз көзқарастарын білдіретін, оларды дәлелдейтін және басқаларды өз пікірлерінің дұрыстығына сендіруге тырысатын пікірталас түрі. Әдетте пікірталастар сөйлеу тәртібін, сөйлеу уақытын және бағалау критерийлерін реттейтін белгілі бір ережелер бойынша өткізіледі [3].

Қазіргі өркениет түлектерге жоғары талаптар қоятын жаға ақпараттық ортаны қалыптастыру процесінде. Қоғамда сәтті бейімделу үшін олар ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларына, аналитикалық және сыни ойлауға, сондай-ақ тек өзгеретін әлемде өз көзқарастарын дәлелдеуге және өзара әрекеттесуге қабілетті болуы керек. Демек, белсенді, ынталы және табысты тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау қазіргі білім берудің негізгі аспектісі болып табылады, мұнда пікірталас әдістемесі осы процестегі құралдардың бірі болып табылады.

Пікірталас әдістемесі коммуникативті және аналитикалық дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыруға ықпал ететінін атап өткен жөн. Пікірталасқа қатысу олардан өз көзқарасын дамытуды ғана емес, сонымен қатар қарсыластардың дәлелдерін негізделген сынға алу қабілетін талап етеді. Бұл процесс оқушыларды ақпаратты талдауға, сенімді көздерді іздеуге және өз қорытындыларын қалыптастыруға белсенді түрде ынталандырады [4].

Сонымен қатар, пікірталас әдістемесі оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндіктер ашады. Пікірталасқа дайындық барысында оқушылар стандартты емес шешімдерді ойлап табуға, мәселені шешудің немесе өз ұстанымдарын дәлелдеудің жаға тәсілдерін іздеуге мәжбүр болады. Мұндай тәжірибе оқушылардың ойлау икемділігін және әртүрлі жағдайларда шығармашылықпен ойлау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Пікірталас әдістемесі оқушылардың академиялық өсуіне ықпал етіп қана қоймай, олардың әлеуметтік дағдыларын дамытатынын атап өткен жөн. Пікірсайысқа қатысу командада тиімді жұмыс істеу, басқа қатысушылардың көзқарастарын тыңдау және құрметтеу, сондай-ақ дәлелді деңгейде сендіру және диалог жүргізу қабілетін талап етеді. Бұл дағдылар түлектердің қазіргі қоғамға сәтті бейімделуі үшін маңызды және оларға академиялық және кәсіби салаларда пайдалы болады.

Мақала Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты, Қорқыт ата атындағы №22 жалпы орта білім беретін мектебінде физика пәнін оқытуда «Дебат» әдісін қолданудың бес жылдық нәтижесін қарастырады. 2019 жылдың 13 қаңтарында, 7 – 11 сынып оқушылары арасында физика сабағына қызығушылық және білім сапасын көтеру мақсатында, мектепте 45 минуттық сабақтың 10 минутын «Дебат» әдісіне бөлу көзделді. Бастапқыда бұл әдісті енгізу «уақытша» (1 жылға) деген статуста болды. Сабақ өту барысында оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығы айтарлықтай артты. Бұл әдіс оқушылардың белгілі ғалымдардың тұжырымдама, анықтама және

заңдылықтарын терең түсініп, өз сыныптастарымен аргумент және фактке толы пікіралмасуына мүмкіндік берді. Дәлел ретінде 1 - кестедегі білім сапасының көрсеткіштеріне назар аудралуға болады.

Білім сапасының салыстырмалы өзгеру көрсеткіші		
Сыныбы	***2018-2019 оқу жылы***	***2019-2020 оқу жылы***
7	58	66
8	52	74
9	47	58
10	62	75
11	53	62

Кесте 1.

Бірінші жылдың өзінде нәтиже бере бастаған «дебат» әдісінің жанкүйерлерінің пайда болуына алып келді және 2021 жылы 15 қыркүйек айында мектеп базасында «NEW LIGHT» интеллектуалдық - дебат клубы құрылды. Нәтижесінде, оқушылар сабақтан тыс уақытта физика және басқа да пәндерден өзекті деп табылған тақырыптарды зерттеп, талқылауға мүмкіндік беретін интеллектуалдық алаңға ие болды. Қазіргі таңда бұл клубтың 512 түлегі және 114 мүшесі бар.

Зерттеу физика пәнін оқытуда бұл әдістің жоғары тиімділігін растайды. Жоғарыдағы зерттеулерге сүйене отырып, пікірталас әдісінің келесі артықшылықтарын көрсетуге болады:

1. *Пәнге қызығушылықты ынталандыру*

«Дебат» әдісі оқушылардың оқу процесіне әртүрлі ойлау түрлерін тарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. 7-ші сыныптан бастап 11-ші сыныпқа дейін пікірталас оқушыларға физика туралы білімдерін өз бетінше зерттеуге және тереңдетуге мүмкіндік береді, бұл олардың пәнге деген қызығушылығын оятады [5].

2. *Шығармашылық белсенділікті қалыптастыру*

Пікірталас өткізу білім алушылардың белсенді өзіндік жұмысына ықпал етеді. Пікірталасқа дайындық барысында оқушылар мектеп курсынан тыс ақпаратты іздейді және талдайды. Бұл процесс оларға қарастырылып отырған мәселелердің күрделілігін жақсырақ түсінуге және оқу материалын терең меңгеруге көмектеседі.

3. *Ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту*

Оқушылар ақпаратты іздеу, талдау және жалпылау дағдыларын игереді, бұл ақпаратқа қол жетімділік кеңейіп келе жатқан заманауи білім берудің маңызды аспектісі болып табылады.

4. *Монологиялық сөйлеу мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіру*

Пікірталас өткізу оқушылардың жеке және кәсіби дамуының маңызды элементі болып табылатын монологиялық сөйлеу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді [6].

5. *Коммуникативті дағдыларды және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту*

Пікірталас оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға, басқалардың көзқарасын тыңдауға және құрметтеуге, сондай-ақ командада жұмыс істеуге ықпал етеді.

6. *Өз ұстанымын қалыптастыруға және қорғауға ықпал ету*

Пікірталасқа қатысу оқушыларға әртүрлі мәселелер бойынша өз көзқарастарын тұжырымдауға және дәлелдеуге көмектеседі, бұл олардың жеке дамуына және өз ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді [7].

Қорытынды

Осылайша, «дебат» әдісі оқу материалын тереңірек және саналы түрде игеруге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың табысты оқуы мен жеке дамуына қажетті дағдылар мен қасиеттердің кең ауқымын дамытады.

Қорытындылай келе, талдау физиканы оқытуда пікірталас әдістемесін қолдану қажеттілігін көрсететіні, өйткені бұл мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес пәндік, метапәндік және тұлғалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тумашева Ольга Викторовна, Солдаева Мария Владимировна Методические дебаты как эффективная педагогическая технология развития универсальных компетенций будущих учителей // Педагогика. Вопросы теории и практики. 2023. №6. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/metodicheskie-debaty-kak-effektivnaya-pedagogicheskaya-tehnologiya-razvitiya-universalnyh-kompetentsiy-buduschih-uchiteley
2. Пустынникова И. Н., Юдина В. С. Использование комиксов и анимации на уроках физики //Актуальные вопросы развития профессионализма педагога в современных условиях. – 2019. – С. 303-307.
3. Назаров А. Дебаты. Искусство спора. – Litres, 2022.
Creative search is very important for mastering any field. Each search, each new information expands the blue side of human knowledge, develops deep thinking and increases knowledge in their field. For programmers, such searches are also very necessary. Because the IT industry is a new era industry . The IT industry is developing every day. If you want to become a qualified specialist, a knowledgeable programmer, you should not always stop looking.

What sites or textbooks can young programmers increase their knowledge by reading? Many online courses, books, articles, video tutorials and programming documentation are only available in English. Knowledge of the English language allows you to access a large source of information and advanced knowledge in the field of programming. In addition to the ability to create your startup projects , which requires programming knowledge when working on some simple software projects, you can learn how to program websites and phone applications from scratch . Such sites include Code Academy, Harvard University CS50 class, Coursera, etc

1.Code Academy – this site is considered one of the most popular and best for learning online programming for free, as the number of programmers learned in its classes has reached more than 24 million programmers. [1]

This site allows you to immerse yourself in many classes and courses that give you experience in everything you need, such as HTML, JAVA, PHP, PYTHON, and even RUBY.

2.Harvard University CS50 class – this free course is an introduction to Harvard University computer science and includes learning HTML, C, JavaScript, SQL, and CSS programming languages. It also allows you to learn logical thinking, understanding algorithms, and effectively solving programming problems. The student (intern) can pay 90 dollars for a notarized certificate after successfully completing the course. [1]

For the student, it is always necessary to search tirelessly . And if you want a high search, then you will need to read a lot of foreign sites. For this, English is again important for the learner. The more

educated a programmer is, the more creative his vision will develop. A person with a developed worldview can create a model of new, advanced technologies.

Practical qualification is a set of skills and abilities that a person acquires in the learning process and can apply in life. It plays an important role in the learning process because:

- Practical classes allow students to consolidate the knowledge gained in practice.
- By applying the theory to life situations, students better understand its essence.
- Practical classes allow students to develop the skills necessary to work in their chosen field.
- These skills can include problem solving, critical thinking, communication, and teamwork.
- When students see how they can apply the knowledge they have gained in life, their motivation to learn increases.

If you want to improve your professional skills at a high level . You will be welcomed by American IT companies only if you are fluent in English.For example:

- Facebook Blueprint: - a training program that helps people learn the skills they need to work in digital marketing.[2]
- Facebook Hacker Cup: is a programming competition organized by Facebook.[3]
- Amazon Career Choice: - An app that helps Amazon employees acquire the knowledge and skills they need to work for other companies.[4]

English is very important in teaching programmers programming and working effectively with operators, seeking comprehensive knowledge and improving professional skills at a high level.

LIST OF REFERENCES

1. https://ultahost.com/blog/ru/20-lutsih-saitov-viuciti-progromirovanie/
2. https://ru-ru.facebook.com/business/learn
3. https://ru.wikipedia.org/wiki/Facebook_Hacker_Cup
4. https://www.aboutamazon.com/news/workplace/career-choice-free-education-for-amazon-employees

СЫЗЫҚТЫҚ ЖӘЙ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ ҚИСЫНДЫ КЕҢЕЮІ МЕН ТАРЫЛУЫНЫҢ ДЕЗИН-ӨТЕЛБАЕВ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕРІ

Төрехан М.М. – 1508-10 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Иманбаев Н.С. ф.-м.ғ.к., профессор

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Рассмотреть основные абстрактные понятия теории Дезина-Отелбаева в корректных расширениях и сужениях линейных обыкновенных дифференциальных операторов и изучать корректное расширение и сужение некоторых линейных обыкновенных дифференциальных операторов в конкретных примерах.Рассмотрение задач главы дифференциальных уравнений в реальном пространстве, реальном примере. Проведение сравнений и анализа путем введения теории операторов в главу дифференциальных уравнений школьного курса математики.

Summary

Consider the basic abstract concepts of the Dezin-Otelbaev theory in correct extensions and contractions of linear ordinary differential operators and study the correct extension and contraction of some linear ordinary differential operators in specific examples. Consideration of problems of the chapter of differential equations in real space, a real example. Carrying out comparisons and analysis by introducing operator theory into the differential equations chapter of a school mathematics course.

Сызықтық жәй дифференциалдық операторлардың қисынды кеңеюі мен тарылуының Дезин-Өтелбаев териясындағы негізгі ұғымдарын қарастырып және осы теорияның орта мектеп математика курсымен байланысын көрсетейік.

A_0 – (сызықтық болуы шарт емес) банах $\boldsymbol{B}$ кеңістігіндегі оператор, үзіліссіз кері операторы A_0^{-1}, $R(A_0)$ көпбейнелігінде анықталған. $D(A_0)$ және $R(A_0)$ арқылы A_0 операторының анықталу облысын және мәндер облысын белгілейміз.

A_k операторын A_0 операторының *қисынды кеңеюі* деп, келесі шарттар орындалса айта аламыз:

а) $A_0 \subset A_k$ яғни $D(A_0) \subset D(A_k) \subset \boldsymbol{B}$ және кез келген $u \in D(A_0)$ үшін $A_k u = A_0 u$

б) барлық $\boldsymbol{B}$ бойынша анықталған, үзіліссіз A_k^{-1} операторының болуы (яғни $A_k u = f$ теңдеуінің оң жағы кез келген $f \in B$ үшін тек жалғыз $u \in D(A_k)$ шешімі болады).

A_0 операторының кемінде бір қисынды кеңеюі A_ϕ бар болсын және $\pi\left(A_0\right)$ арқылы шектелген (сызықтық болуы шарт емес) түрлендірулердің $K : \boldsymbol{B} \to \boldsymbol{B}$ жиынын белгілейміз және келесі шарттар орындалсын.

(1) $R(A_0) \subset KerK = \left\{u \in \boldsymbol{B}, Ku = 0\right\}$

(2) $A_\phi^{-1} f + Kf = A_\phi^{-1} g + Kg$, $f, g \in \boldsymbol{B}$ болғандықтан, $f = g$ екендігі келіп шығады.

<u>1-теорема.(Дезин-Өтелбаев)</u>

Егер $K \in \pi\left(A_0\right)$ болса, $A_k^{-1} = A_\phi^{-1} f + Kf$, $f \in \boldsymbol{B}$ формуласымен анықталатын A_k^{-1} операторы A_0 операторының қандайда бір қисынды операторына кері оператор болады.

A_c - A операторының *тарылуы* деп атаймыз егер ол келесі шарттарды қанағаттандырса және оны $A_c \subset A$ арқылы белгілейміз.

а) $D(A_c) \subset D(A)$

б) $Au = A_c u$, кез келген $u \in D(A_c)$ үшін

A_c - A операторының *қисынды тарылуы* деп аталады, егер барлық $\boldsymbol{B}$ бойынша анықталған, үзіліссіз кері A_c^{-1} операторы бар болса, яғни кез келген $f \in \boldsymbol{B}$ үшін $Au = f$ теңдеуінің жалғыз шешімі $u \in D(A)$ болады.

<u>2-теорема.(Дезин-Өтелбаев)</u>

Егер $K \in B(\boldsymbol{B}, KerA)$ болса, онда A_k^{-1} операторы $A_k^{-1} f = A_\phi^{-1} f + Kf$, $f \in B$ формуласымен анықталады және A операторының қандай да бір қисынды тарылуының кері операторы болады.

Нақты мысалмен ақырлы өлшемді кеңістіктегі матрицалар үшін қисынды тарылу мен кеңею көрсетейік.

1-мысал. R^2 –екі өлшемді векторлардың кеңістігі болсын, яғни $R^2 = \left\{x = (x_1, x_2), x_1, x_2 \in R\right\}$, $A_0 - R^2$-ден R-ге әсер ететін сызықтық оператор.

$$A_0 x = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} \\ a_{21} & a_{22} \end{pmatrix} \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \end{pmatrix}$$

Анықталу облысы: $D(A_0) = \left\{x = (x_1, x_2), x_2 = 0\right\}$

A_0 операторының сызықтық қисынды кеңеюін құрастырайық.

Шешуі.

$\det A_0 = d \neq 0$ болсын, онда шенелген оператор бар болады:

$$A^{-1} = \frac{1}{d}\begin{pmatrix} a_{22} & -a_{12} \\ -a_{21} & a_{11} \end{pmatrix}$$

Шенелген, R бойынша анықталған және $R(A_0) \subset KerK$ шартын қанағаттандыратын K операторын құрсақ

Осындай бір оператор

$$K = \begin{pmatrix} a_{21} & -a_{11} \\ 0 & 0 \end{pmatrix}$$

Егер $f_0 \in R(A_0)$ болса, яғни $f = (a_{11}x_1, a_{21}x_1)$, онда

$$Kf = \begin{pmatrix} a_{21} & -a_{11} \\ 0 & 0 \end{pmatrix} \cdot \begin{pmatrix} a_{11}x_1 \\ a_{21}x_1 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} (a_{11}a_{21} - a_{21}a_{11})x_1 \\ 0 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} 0 \\ 0 \end{pmatrix}$$

1-теорема бойынша:

$$A_k^{-1} = \frac{1}{d}\begin{pmatrix} a_{22} & -a_{12} \\ -a_{21} & a_{11} \end{pmatrix} f + \begin{pmatrix} a_{21} & -a_{11} \\ 0 & 0 \end{pmatrix} f = \frac{1}{d}\begin{pmatrix} a_{22} + a_{21}d & -a_{12} - a_{11}d \\ -a_{21} & a_{11} \end{pmatrix} f$$

Демек, оператор

$$A_k = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} + a_{11}d \\ a_{21} & a_{22} + a_{21}d \end{pmatrix}, \ \det A_k = 1$$

A_0 операторының қисынды кеңеюі болып табылады. Расыменде, егер $x = (x_1, x_2) \in D(A_0)$, яғни $x = (x_1, 0)$ болса, онда

$$A_k x = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} + a_{11}d \\ a_{21} & a_{22} + a_{21}d \end{pmatrix} \cdot \begin{pmatrix} x_1 \\ 0 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} a_{11}x_1 \\ a_{21}x_1 \end{pmatrix} = A_0 x$$

Орта мектеп математика курсында I-ші реттік сызықтық дифференциалдық теңдеулер қарастырылады. Ол теңдеулер бастапқы шарт , яғни Коши есебі арқылы шығарылады. Оның шешімділігі мектепте қарастырылады. Енді осы дифференциалдық теңдеулердің операторлар терминіндегі шығарылуын қарастырамыз. Орта мектеп математика курсымен тікелей байланысы осы жерде байқалады.

2-мысал. $\mathrm{Ly} = \mathrm{y}'(\mathrm{x}) = \lambda \mathrm{y}(\mathrm{x}) + \mathrm{f}(\mathrm{x})$, $0 < x < 1$ операторын қарастырайық, $\mathrm{D(L)} = \left\{ \mathrm{y(x)} \in \mathrm{C}^1[0,1], \mathrm{y}(0) = 0 \right\}$. Есептің мақсаты $(\mathrm{L} - \lambda \mathrm{E})^{-1}$ кері операторын құру.

$$\begin{cases} \mathrm{Ly} = \mathrm{y}'(\mathrm{x}) = \lambda \mathrm{y}(\mathrm{x}) + \mathrm{f}(\mathrm{x}) & (*) \\ \mathrm{y}(0) = 0 & (**) \end{cases}$$

$(*)$ дифференциалдық теңдеуін шешейік, яғни теңдіктің екі жағында $e^{-\lambda x}$ көбейтеміз. Сонда

$$\mathrm{e}^{-\lambda x}\mathrm{y}'(\mathrm{x}) - \lambda \mathrm{e}^{-\lambda x}\mathrm{y}(\mathrm{x}) = \mathrm{e}^{-\lambda x}\mathrm{f}(\mathrm{x})$$

$$\mathrm{e}^{-\lambda x}\mathrm{y}'(\mathrm{x}) + (\lambda \mathrm{e}^{-\lambda x})'\mathrm{y}(\mathrm{x}) = \mathrm{e}^{-\lambda x}\mathrm{f}(\mathrm{x})$$

$$(\mathrm{e}^{-\lambda x}\mathrm{y}(\mathrm{x}))' = \mathrm{e}^{-\lambda x}\mathrm{f}(\mathrm{x})$$

$$e^{-\lambda x}y(x)=\int_0^x e^{-\lambda x}f(t)dt+C$$

$$y(x)=\int_0^x e^{(x-t)\lambda}f(t)dt+Ce^{-\lambda x}$$

Соңғы шыққан өрнекті, $y(0)=0$ шекаралық шартқа қанағаттандыра отырып, C тұрақтысының мәнін табамыз, яғни $y(0)=C=0$.

$R_\lambda(L)=(L-\lambda E)^{-1}=y(x)=\int_0^1 e^{(1-t)\lambda}f(t)dt$ мұндағы $\left|e^{(1-t)\lambda}\right|$ - кері оператордың ядросы $e^{\lambda(1-t)}=G(t,\lambda)$ L операторының Грин функциясы.

Грин функцияның жақсы қасиеті λ бойынша экспоненталық өсім бар $\left|e^{\lambda(1-t)}\right|\le e^{\mathrm{Re}\lambda},\lambda\ \square\ 1,e^{\mathrm{Re}\lambda}\to\infty$. Жаман қасиеті $e^{\lambda(1-t)}$ - функциясы λ бойынша бүтін болғанымен, t бойынша бүтін емес. t айнымалысы бойынша жинақталмайтын интеграл болуы мүмкін.

Бұл жұмыста Дезин-Өтелбаев теориясындағы негізгі түсініктер мен қатар нақты кеңістіктерде нақты мысалдар келтірілген. Операторлар теориясы дифференциалдық теңдеулерді жеңіл, ыңғайлы түрде көрсетуге мүмкіндік береді, яғни оларды шешуді және анализ жасауды жеңілдетеді. Дифференциалдық теңдеулердің маңызды класы – сызықтық дифференциалдық теңдеулерді операторлар арқылы шешу шешімдердің бар болуы және оның жалғыз болуы теориясы сияқты әртүрлі әдістерді қолдануға мүмкіндік беретін дифференциалдау және интегралдау операциясын формализациялауға көмектеседі. Үзіліссіз өсіп келе жатқан мектеп математика курсында дифференциалдық теңдеулер тақырыбын кеңінен түсіну үшін бұл теорияның маңызы өте зор деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кокебаев Б.К., Отелбаев М.О., Шыныбеков А.Н. «Теория сужения и расширения оператора.» // Изв. АН Каз. ССР, 1982 г. №5 1983, №1

2. Әбілқасымова А.Е., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. «Алгебра және анализ бастамалары»// Алматы. Мектеп. 2019

3. Imanbaev N. S. “Zeros of an entire function connected by a loaded first-order differential operator on a segment” // Вестник Национальной инженерной академии Рк. Алматы. 2023. No 1(87). С.124-132

4. Колмогоров А.Н. Фомин С.В. Элементы теорий функций и функционального анализа.// М. Наука. 1976. С.128-138

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ

Сайын Г.Ә – М1502-22 тобының магистранты

Ғылыми-жетекшісі : Рамазанова С.А –п.ғ.к., доцент

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В сатьте обсуждались примущество использование компьютерного моделирования, включая визуализацию, создание учебных пособий и возможность повышения уделяется на то как эти симуляции способствует развитию творческого мышления поскольку учащиеся могут

самостоятельно исследовать различные явления, формулировать гипотезы и проверять их на практие.

Анализируя практические примеры и исследование , авторы подчеркивают, что использование компьютерных моделей обучения физике не только помогает учащимся лучше понять физические закономерности, но и развивает их творческое мышление, умение проблемно мыслить и веру в собственные знания и навыки.

Summary

The article discussed the advantages of using computer modeling, including visualization, the creation of textbook and the possibility of increasing attention to how these simulations contribute to the development of creative thinking since students can independently explore various phenomena, formulate hypotheses and test them for practice.

Analiyzing practical examples and research, the authors emphasize that the use of computer models of teaching physics not only helps students to better understand physical patterns, but also develops their creative thinking, the ability to think problem-solving and faith in their own knowledge and skills.

Технология біздің өміріміздің барлық салаларына сонымен қатар, білім саласынада үлкен қолданысқа ие болып табылады. Әсіресе физика сияқты жаратылыстану ғылымдары саласында компьютерлік модельдеу оқу сапасын арттыруда және оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуда шешуші рөл атқарады. Бұл әдіс оқушылардың физиканың негізгі ұғымдарын түсінуге ғана емес, сонымен қатар эксперимент жасауға, зерттеуге және шығармашылық ойларын дамытуға мүмкіндік береді.

Физика- мектеп пен университетте оқытылатын ең негізгі пәндердің бірі болып табылады. Бұл бізге табиғат заңдылықтарын және әртүрлі физикалық құбылыстарды түсіндіруге көмектеседі. Алайда физиканы оқу көптеген оқушылар үшін күрделі болуы мүмкін. Осы тұрғыдан компьютерлік модельдеу физиканы оқытуда маңызды рөл атқарады және оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Бұл оқушыларға күрделі физикалық құбылыстарды елестетуге және әртүрлі параметрлермен жұмыс жасауға мүмкіндік береді, бұл материалды тереңірек түсінуге және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Тақырыпқа кіріспес бұрын компьютерлік модельдеу дегеніміз не және ол физиканы оқытуда қалай қолданылатынын қарастырайық. Компьютерлік модельдеу- бұл объектілердің немесе жүйелердің виртуалды модельдерін құру және олардың әртүрлері жағдайларда қалай әрекет ететінін зерттеу процесі.Шығармашылық ойлау- бұл жаңа идеяларды қалыптастыру, стандартты емес шешімдерін табу және оларды практикалық жағдайларда қолдану мүмкіндігі. Физика контекстінде бұл дене қозғалысын, бөлшектердің өзара әркеттесуін, электромагниттік өрістерді және т.б. модельдеуді қамтуы мүмкін.Компьютерлік модельдеу оқушыларға әртүрлі құбылстармен тәжірибе жасауға, параметрлерді өзгертуге және нәтижелерді бақылауға тікелей мүмкіндік береді. Физиканы үйренудің бұл тәсілі сабақты қызықты етіп қана қоймай, сонымен қатар шығармашылық ойлауды дамытады.

Физиканы оқытуда компьютерлік модельдеу:

- **Көрнекілік**: Компьютерлік модельдеу оқушыларға дерексіз ұғымдар мен күрделі физикалық құбылыстарды елестетуге мүмкіндік береді. Бұл оларға материалды жақсы түсінуге және әртүрлі физикалық процестер арасындағы байланысты көруге көмектеседі.
- **Эксперимент**: Компьютерлік модельдеу арқылы оқушылар виртуалды эксперименттер жүргізе алады, параметрлерді өзгерте алады және нәтижені байқай алады.
- **Инерактивтілік**: компьютерлік модельдермен өзара әрекеттесу оқушыларды қызықтыра алады және оларды интерактивті тәсіл арқылы физиканы үйренуге ынталандырады.

Физикадағы компьютерлік модельдеуге мысалдары:

Ауырлық күшінің әсерінен дене қозғалысын модельдеу. Компьютерлік бағдарламаларының көмегімен ауырлық күшінің әсерінен объектілердің қозғалысын

визуализациялауға жіне зерттеуге , бастапқы жылдамдықпен лақтыру бұрышы сияқты әртүрлі параметрлерді өзгеруге мүмкіндік беретін модельдерді қолдануға болады.

Электр тізбектерін модельдеу- виртуалды электр тізбегін құруға және олардың кедергі, ток және кернеу сияқты параметрлерін зерттеуге мүмкіндік береді.Бұл оқушыларға Кирхгоф заңдарын жақсы түсінуге және оларды іс жүзінде қолдануға көмектеседі.

Толқындық процесстерде – дыбыс немесе электромагниттік толқындар сияқты толқын модельдерін пайдалануға болады. Бұл студенттерге жиілік, ұзындық және таралу жылдамдығы сияқты толқындардың қасиеттерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Жылу беру- өткізгіштік, конвекция және сәулелену сияқты жылу беру процестерін зерттеуге көмектеседі. Бұл арқылы әртүрлі материалдар мен жағдайыңдың жылу беріліуіне ұалай әсер етеінін зетттей алады.

Ядролық реакцияларды модельдеу- энергия, радиоактивті ыдырау және ядролық реакция қасиеттерін түсінуге көмектеседі.

Модельдеу үшін физикада әртүрлі бағдарламалар қолданылады. Олардың кейбіреулері мыналарды қамтиды:

Autodesk maya: бұл 3D модельдерін құруға және визиуализациялауға арналған ең танымал бағдарламаның бірі.Ол VFX (визуалды эффектер) индустриясында кенінен қолданылады физикалық объектермен модельдерді қолдануға арналған.

3ds Max: 3д моделді құруға және физикалық процесстерді модельдеуге, анимациялауға арналған құралдар ұсынады.

Blender: анимациялар жасауға арналған ақысыз және ашық бағдарлама.

Pixologic ZBrush: бұл бағдарлама 3д нысадарын модельдеуге жіне мүсіндеуге маманданған. Бұл сізге нақты текстурадағы егжей-тегжейлі модельдер жасауға мүмкіндік береді.

Мысал ретінде компьютерлік модеьдерді сабақ барысында қолданудың екі түрін көрсетейік.

1.Зерттеу сабағы – оқушылар өз бетімен жұмыс істеу ұсынылады компьютерлік модельдерді пайдаланып шағын зерттеу жүргізіп және қажетті нәтижелерді ала алады. Бұл жағдайда сабақ біздің қойған мақсатымызға бір саты жақындайды себебі оқушылар өз бетінше шығармашылық жұмыс жасау барысында білім алады, себебі нақты нәтижені экраннан көру үшін олар компьютердік модельдеуді қолданады.

2.Компьютерлік тексерумен проблемаларды шешуге арналған сабақ. Мұғалім оқушыларға сыныпта немесе сыныптан тыс шешуге арналған, кейінірек оқушылар өзбетінше қатедерін тексере алатын жаттығулар ұсынады. Өзін-өзі тексеруге арналған компьютерлік эксперименттерді орындай отырып оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып қана қоймай көбінесе ғылыми зерттеулерге жақындатады.

Компьютерлік модельдерді пайдалану мақсаты оқу процессін саралау, керібайланыс, диагностика және бақылау арқылы бағалау, мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және оны жүзеге асыру, өздігінен білім алуға тәрюиелеу болып табылады.

Компьютерлік модельдер оқытушыларға оқушылардың әртүрлі дайындық деңгейлеріне байланысты бейімдеуге мүмкіндік береді. Модельдерді әртүрлі қиындық деңгейіне сай бөліп қарастыруға арқылы студенттердің физиканы біртіндеп игеруіне мүмкіндік береді. Алайда, физиканы оқыту барысында компьютерлік модельдеудің шектеулерін ескеру қажет. Физикалық процестердің кейбір аспектілері модельдеу үшін күрделі болуы мүмкін және арнайы бағдарламалық жасақтаманы немесе есептеу ресурстарын қажет етеді. Сонымен қатар, студенттердің нақты жабдықпен жұмыс істеу және бақылаулар жүргізу дағдыларын дамыту үшін компьютерлік модельдеу мен практикалық эксперименттер арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Қорытындылай келе, физиканы оқытудағы компьютерлік модельдеу оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытудың тиімді құралы бола алады. Бұл күрделі физикалық процестерді елестетуге, әртүрлі параметрлермен тәжірибе жасауға және шығармашылық ойлауды ынталандыруға мүмкіндік береді. Алайда оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеруге

және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын ескер отырып, оқыту әдістемесін бейімдеу маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Холмс Н. г., Виземан К. Е. және Бон Д. А. (2015). Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Ұлттық Ғылым академиясының еңбектері, 112 (36), 11199-11204.
2. Энглехардт П, Чурукян А. Д., Джонс М. Г. (2017). Физиканы оқытудың бастапқы кезеңінде шығармашылық есептерді шешуді қолдау: импульс пен қозғалыс инерциясы мысалында. Physical Review, Physical Education Research, 13 (1), 010125.
3. Финкельштейн Н.Д және Кабалеро М.Д Физика сабағында компьютерлер. Pysics Today 59(3). 45-51.
4. Кристиан В. и Беллони М.Физика физлетов:интерактивные иллюстрации, исследование и задачи по выводной физике-2014 г.
5. Маджидов,Ж Моделирование и размещение профессиональных образовательных учереждений на основе многоступенчатой системы- 2020 JSPI Scientific Publications.1(48)

УДК372.8:53

LEARNING PHYSICAL SCIENCE THROUGH AMERICAN MOVIES

Sultanova Galia Fanzirovna

Senior lecturer

Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University

Department of «foreign languages» ,

Davlatbekkyzy Albina

6B01508-training of a teacher of Mathematics and physics science

1st year student of the specialty

Түйін

Қазіргі уақытта Ең өзекті мәселелердің бірі-болашақ жастарға білім беру. Сондықтанда болашақ жастарға барынша түрлі америкалық киноларды көру арқылы физиканың заңдары мен қозғалыстарын үйренуге жағдай жасау және олардың қызығушылығын арттыруға көмек береді.

Резюме

В настоящее время одной из самых актуальных проблем является образование будущей молодежи. Таким образом, способствовать интересу будущих молодых людей к физическим наукам через просмотр американских фильмов и создавать условия для понимания законов и движений физики.

The study of Physics is the natural science which examines basic concepts such as energy, force, and spacetime and all that derives from these, such as mass, charge, matter and its motion. More broadly, it is the general analysis of nature, conducted in order to understand how the world and universe behave.

Physics is both important and influential, partly because advances in its understanding often translate into new technologies, but also because new ideas in physics often resonate with other sciences, mathematics, philosophy and sometimes fiction films. We can watch movies and study physics at the same time. For example:

1) The Silver Surfer moves at the speed of ϑ_3 given to the him to overcome the gravitational forces of the Earth and the Sun without the influence of auxiliary forces and leave the Solar System.



$$\frac{m\vartheta_Z^2}{2} = G\frac{M_K m}{R_{ZK}^2} \qquad \vartheta_K = \sqrt{\frac{2GM_K}{R_{ZK}}}$$

As the Silver Surfer orbits the Sun with the Earth, it has a speed determined by Newton's second law

$$\frac{m\vartheta_Z^2}{R_{ZK}} = G\frac{M_K m}{R_{ZK}^2} \qquad \vartheta_Z = \sqrt{\frac{GM_K}{R_{ZK}}}$$

Silver Surfer let's put the Earth in the direction of the vector of rotation of the Sun in its orbit, when its cosmic motion relative to the Earth to leave the Solar System: $\vartheta_{RZ} = \vartheta_K - \vartheta_Z = \vartheta_Z(\sqrt{2}-1)$

Silver Surfer In order to overcome the gravitational force of the Earth, it needs to be given a second cosmic velocity:

$\vartheta_2 = \sqrt{\frac{2GM_Z}{R_Z}}$ Taking this into account, the kinetic energy , that Silver Surfer provides to leave the solar system consists of the sum of the T2 kinetic energy required to leave the Earth's gravitational field and the TRZ kinetic energy required to leave the Sun's gravitational field from the Earth's orbit:

$$\frac{m\vartheta_3^2}{2} = \frac{m\vartheta_2^2}{2} + \frac{m\vartheta_{RZ}^2}{2} \qquad \vartheta_3 = \sqrt{\vartheta_2^2 + \vartheta_{RZ}^2} \qquad \vartheta_3 = \sqrt{\vartheta_Z^2(\sqrt{2}-1)^2 + \vartheta_2^2}$$

Using these formulas we can find out the speed of Silver Surfer and its speed is 16.7 km/s. At this speed he can move freely from one galaxy to another.

2) Ava Star in the movie Ghost. In the film, she gains an unusual ability. Sometimes the connection between the molecules of her body can weaken, and the girl can pass through walls. Ant-Man makes up a significant portion of the water. To break a covalent bond in a water molecule, an average of 900 kJ per mole is required. If the mass of one mole of water is 18 g, then 3.5 billion J of energy will be required to break all the bonds in a human body weighing 70 kg. Since a person is more complex than 70 kg of water, more energy is needed. If the girl had not carried a pocket nuclear reactor with her, she would not have received much energy.



3) “Wanted” is an American action movie. The film has a lot of creepy stunts and special effects, and a lot of laws of physics. For example: Newton's first law states that if no forces act on a body, or if they are mutually balanced, then the body moves uniformly and in a straight line. A bullet fired from a barrel is affected by gravity and air resistance. The latter is usually directed along the vector of the bullet’s movement in the opposite direction, so it definitely has nothing to do with the beautiful arcs drawn by the bullet on the screen. The Earth's gravitational force, on the contrary, forces the bullet to describe a nice ballistic curve in the air, but the trouble is, in a plane perpendicular to the surface of the earth.



4) Cars is a 2006 American animated sports comedy film produced by Pixar Animation Studios for Walt Disney Pictures. In this film, Cars can move smoothly in motion according to the dead loop. Now we will study this movement from the point of view of physics. During this movement, the machine is affected by the friction force against the movement and the centripetal force. As a result, the centrifugal force and weight can maintain stability with equalization.

Learning physics through movies can be a creative and fun way to understand complex concepts. Many films contain elements of physics

such as gravity, motion, and energy that can be used to illustrate scientific principles. Critical viewing of films will help you present these concepts in practice and deepen your understanding. In addition, there are resources on the Internet that analyze the physics behind popular films and give a complete idea of how physics works in the real world.

LIST OF REFERENCES

1. https://www.ucl.ac.uk/~zcape72/What%20Is%20Physics/whatisphysics.html
2. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B1%D1%80%D1%8F%D0%BD%D1%8B%D0%B9_%D0%A1%D1%91%D1%80%D1%84%D0%B5%D1%80
3. https://en.wikipedia.org/wiki/Cars_(film)

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ФИЗИКА КУРСТАРЫНДАҒЫ ВЕКТОР ҰҒЫМЫ

Келдібек А.Н. – 1508-10 тобының студенті

Ғылыми жетекші:Ниязымбетов А.Д. -ф-м.ғ.к.,доцент

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Цель работы - изучить и раскрыть теоретические и практические аспекты межпредметных связей математики и предметов естественного цикла школьного курса обучения, в частности, физики. Исследуйте, определите и разработайте планы уроков для интегрированного обучения, реализующие междисциплинарные принципы в образовании.

Summary

The purpose of the work is to study and reveal the theoretical and practical aspects of the interdisciplinary connection between mathematics and the subjects of the natural cycle of the school curriculum, in particular, the subject "physics". Research, identify and develop integrated teaching lesson plans that implement interdisciplinary principles in education.

Мектеп курсында вектор және векторлары бар әрекеттер ұғымдары орта мектептің 9-сынып оқу бөлімінде математика және физика пәндерінде оқытылады.Оқушылар геометрия сабағында «вектор» ұғымымен параллель көшіру мысалында танысады.Берілген кесінді де A вектордың басы, ал B вектордың соңы болса онда бұл $\overrightarrow{AB}$ символымен белгіленеді. Көп жағдайда векторлар көрсеткі белгісі бар кішкентай латын әріпімен арқылы белгіленеді немесе қою шрифтпен белгіленеді: $\vec{a}$, ***a.*** Вектор соңында көрсеткі белгісі бар кесіндімен беріледі:



$\overrightarrow{AB}$ векторы оның ұзындығының модулі деп аталады және $|\overrightarrow{AB}|$ мұндағы $\vec{a}=1$ бірлік вектор деп аталады. Егер вектор басы мен соңы бірдей болса және оның нақты бағыты жоқ және ұзындығы нөлге тең болса онда бұл вектор нөлдік *вектор* деп аталады. Бір түзуде немесе параллель түзулерде орналасқан $\vec{a}$ және $\vec{b}$ коллинеар деп аталады. Нөлдік вектор кез келген векторға коллинеар бола алады, егер $\vec{a}$ және $\vec{b}$ векторлары тең болса және бағыттары бірдей болса. Мұндай жағдайларда $\vec{a} = \vec{b}$ деп жазылады. Векторлар теңдіктерінің анықтамасынан мынадай

қорытындыға келуге болады: вектордың басын кеңістіктің кез келген нүктесінде орналастыра отырып өзіне параллель жылжытуға болады, атап айтқанда жазықтықта. Оны еркін векторлар деп атаймыз.
Вектор терминін физикада «физикалық кеңістік» векторды белгілеу үшін классикалық физикадағы үш өлшемді кеңістікте немесе қазіргі таңдағы төрт өлшемді кеңстікте қолданады.
Вектор ұғымы физикада математикадағыдай толық дерлік ұғымы сәйкес. Алайда, қазіргі таңдағы математикада, яғни, физика қажеттілігіне байланысты бұл ұғымның біршама тым абстрактілі ерекшелігі бар.
Математикада «вектор» ұғымы жалпы вектор деген сөзді білдіреді, яғни, өз ерекшеліктеріне сәйкес кез келген өлшемдегі және сипаттағы кез келген ерікті абстрактілі сипаттағы сызықтық кеңістіктің кез келген векторы.
Физикада біз математикалық обьектілер (белгілі бір формальді қасиеттері бар) туралы емес, олардың нақты (физикалық) байланысы айтамыз. Нақты және анық әрі ыңғайлылық тұрғысын ескере отырып физикадағы терминологиялық тәжірибе математикадағыдан аыз толтырарлықтай ерекше екендігіне көз жеткізе аламыз. Физикада да вектор ұғымы жиі кездеседі, әрі векторлық шамалар бір-біріне ұқсас екі сыныптың векторлары деп аталады:
Векторлық шамалардың мысалдары: жылдамдық, күш, жылу ағыны.
Физика пәнінде векторлық шамалар айрықша орын алады. Алайда вектор және векторлық шама ұғымы тығыз байланысты, бірақ ұқсас емес. Ал «векторды өлшеу» ұғымы жоқ.
Физика кеңістіктегі өлшем мен бағытты көрсететін векторлық шамалармен жұмыс жасайды. Сондықтан бағытталған кесінді векторлық шаманың ыңғайлы визуалды бейнесі болып табылады.
Бағытталған MN сегментін құру операциясы, ал ол үшін $\overrightarrow{MN}$ $\vec{a}$-ға тең болуы керек. Сонда M нүктесінен $\vec{a}$ кейінге қалдыру деп аталады.
Көптеген физикалық шамалардың бағытын анықтау кезінде (сонымен қатар кейбір заңдарды жазу кезінде) векторлық сипатқа да баса назар аударылады, ал бұл шамалардың сандық мәндерін есептеу скаляр түрінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты оқушыларға векторлық формада жазылған теңдеулерден скалярлық формадағы теңдеулерге ауысудың негізін әдістері мен ережелерін түсіндіру қажет.
Физикада вектордың қажеттілігі және алғашқы қиындылықтар түзу сызықты қозғалыс теңдеуін жазуда пайда болды. Бұл жағдайда механиканың негізгі мәселесін шешу үшін екі теңдеуді қолдану жеткілікті:

$\vec{V}_t = \vec{V}_0 + \vec{a}t$ және координат үшін теңдеу $x = x_0 + V_{0x} + \dfrac{a_x t^2}{2}$,

мұндағы x_0-бастапқы нүктенің координатасы V_{0x} және a_x қозғалыс жолына параллель болатын X осіне проекциясы.
Есеп шартына сәйкес көптеген қиындықтарды шеші үшін бірінші скаляр формадағы тиісті теңдеуден анықталған лездік жылдамдықтың сандық мәнін білу жеткілікті. Ол үшін алдымен X осіне проекциясы үшін лездік жылдамдықтың теңдеуін жазу қажет, яғни, $\upsilon_x = \upsilon_{0x} + a_x t$;
Механиканың негізіг міндеті екі тәуелсіз теңдеудің көмегімен шешіледі:

$$\upsilon_x = \upsilon_{0x} + a_x t; \qquad x = x_0 + V_{0x} + \frac{a_x t^2}{2},$$

Егер координатаның басы қозғалыстың басқа нүктесіне сәйкес келсе, теңдеулер жеңілдетіліп келесі форманы алады:

$$\upsilon_x = \upsilon_{0x} + a_x t; \qquad x = V_{0x} + \frac{a_x t^2}{2}.$$

Есептеу барысында координаталық жолдан басқаны есептеу үшін жолға енгізіледі, яғни, траекторияның ұзындығына тең скаляр мәнге (жолға):

$$S = V_{0x} + \frac{a_x t^2}{2}.$$

Лездік жылдамдық пен координаталар осіне кіретін шамаларды және олардың уақыт бойынша өзгеруін оқушылар графиу салу барысында кеңінен түсіндіріле қалыптастырылады.Динамикалық векторлар бастапқыда векторлық түрде де беріледі, алайда оны скаляр түрде жазуға келтіру қажет.Оқушылар Ньютонның екінші заңын мына түрде өрнектейді: $F = ma$

Ал кейбір оқулықтарда $\vec{F} = m\vec{a}$ мына түрде беріледі. Белгілеудің скалярлық түріне көшу үшін мына мысалды қарастырайық: денеге $\vec{F}_1$ және $\vec{F}_2$ күш әсер етті десек, ал сол денеге $\vec{a}$ үдеу беріледі.

Егер $\vec{F}_1$ және $\vec{F}_2$ векторларын ерікті x осіне проекциялайтын болсақ, онда параллель түзулер арқылы бұрыштың қабырғаларында кесілген кесінділердің пропорционалдығын ескере отырып былай жаза аламыз:

$\frac{\sum \vec{F}}{\vec{a}} = \frac{\left(\sum \vec{F}\right)_x}{a_x}$ Мұндағы $\left(\sum \vec{F}\right)_x = m\vec{a}_x$ -ға тең, ал $\left(\sum \vec{F}\right)_x$ нәтиженің x осіндегі проекциясы.Қорытқы проекция түсірілген күштердің проекцияларының қосындысына тең, яғни, $\left(\sum \vec{F}\right)_x = \sum \vec{F}$, демек, $\left(\sum \vec{F}\right)_x = m\vec{a}_x$ болады.Соңғы теңдеуде динамикалық есептерді шешуде маңызы зор: кез келген ось бойымен денеге түсірілген күштердің проекцияларының қосындысы, дене массасы мен сол ось бойынша үдеу проекциясының көбейтіндісіне тең.

Бұл жағдайда $\upsilon_x = \upsilon_{0x} + a_x t$ жылдамдық формуласы $V = V_0 + at$, болса $S = V_{0x} + \frac{a_x t^2}{2}$ – жол формуласы болады, ал $V_{2x}^2 - V_{1x}^2 = 2aS$ формуласы $V_2^2 - V_1^2 = 2aS$ түрінде өрнектеледі.

Аталған тақырыпқа байланысты мысалдар қарастырайық:

1-мысал: «Массасы $50кг$ конькиші үдеу алғаннан кейін тоқтағанға дейін $50м$ жол жүріп, мұзда сырғанады. Үйкеліс күші тұрақты және ол $10H$ –ға тең. Тежеу қанша уақытқа созылды?»Сызбаны аяқтағаннан кейін біз оқушылардың назарын конькишіге үш күш әсер ететініне назар аударамыз: ауырлық күші, реакция күші (коькимен сырғанаушының қозғалыс бетіне қалыпты бағытталған) және қарсылық күші.

Осы күштердің y вертикаль осіне проекцияларын қарастырайық және динамикалық теңдеуін жазайық:

$N_y + P_y + F_{cy} = 0, a_y = 0, F_{cy} = 0, P_y = -P$ және $N_y = N$, содан кейін, $N = P.$

Сонымен бірге, x осіндегі проекциялар үшін динамика теңдеуі мынадай пішінге ие болады: $N_x + P_x + F_{cx} = ma_x$, осыдан ($N_x = 0$ және $P_x = 0$) біз аламыз:

$-F_c = -ma$ немесе $a = \frac{F_c}{m}$ (мұндағы a және $F_c - \vec{a}$ және $\vec{F}_c$ векторларының модульдері).Қажетті мән- уақытты кинематика теңдеулерінен анықтауға болады:

$$\begin{cases} V_x = V_{0x} + a_x t \\ x = V_{0x} + \dfrac{a_x t^2}{2} \\ V_x = 0 \end{cases}$$, Енді векторлардың проекцияларын олардың модульдері арқылы өрнектесек,

мынаны аламыз: $\begin{cases} \vec{V}_t = \vec{V}_0 + \vec{a}t, \\ S = V_0 t - \dfrac{at^2}{2}, \\ V_t = 0 \end{cases}$

Біз оны келесіден ала аламыз, $S = \dfrac{at^2}{2}$ немесе $t = \sqrt{\dfrac{2S}{a}}$. $a = \dfrac{F_c}{m}$ болғандықтан $t = \sqrt{\dfrac{2Sm}{F_c}}$.

2-мысал: Денелердің көлбеу жазықтықтардың қозғалысы.

Денені табанындағы көлбеу бұрышы 30° көлбеу жазықтықта ұстау үшін еңкеюге параллель ең аз 100 H күш қолдану керек. Денені жоғары тарту үшін бірдей күш кем дегенде 200 H болуы керек. Үйкеліс коэффициентін табыңыз.

Есеп шартына сәйкес екі жағдайды қарастырайық:

Дене көлбеу жазықтықта тыныштықта және ауырлық күшінің әсерінен айналады. Оған үйкеліс күші оған қоса ең аз күш әсер етеді. Бұл күш үйкеліс күшімен бірдей бағыттас болады. Дене біркелкі жоғары көтерілгенде бұл жағдайда үйкеліс күші қозғалысқа кедергі келтіреді және қозғалысқа қарама-қарсы бағытта бағытталады.





Осы екі жағдай үшін Ньютон заңын 1 координаталық осьтерге проекцияларын жазамыз:

$Ox: F_1 + F_{үйкелис} - mg\sin a = 0$ $\qquad$ $Ox: F_2 + F_{үйкелис} - mg\sin a = 0$

$Oy: N - mg\cos a = 0$ $\qquad$ Үйкеліс күші: $F_{үйкелис} = \mu N$

Екі теңдеуді біріктіріп теңдеу шешсек:

$$\begin{cases} F_1 + \mu mg\cos a - mg\sin a = 0 \\ F_2 - \mu mg\cos a - mg\sin a = 0 \end{cases}$$

Теңдеулер жүйесіндегі екі теңдеуді қосу және азайту нәтижесін алайық:

$$\mu = \frac{F_2 - F_1}{2mg\cos a}; mg = \frac{F_1 + F_2}{2\sin a};$$

Жоғарыда көрсетілген тиісті шамаларды орнына қойып, есептің мәнін шығарайық:

$$\mu = \frac{F_2 - F_1}{F_1 + F_2} \cdot tga; \mu = \frac{200 - 100}{100 + 200} \cdot tg30^\circ \approx 0{,}19.$$

Жауабы: $\mu = 0{,}19$.

Математика жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерімен тығыз байланыста болып, математикалық біліктер мен дағдыларды практикалық қолдануды ашады. Мектеп курсының пәндерін оқу кезінде

математиканың тарихпен, әдебиетпен және орыс тілімен байланысын жүзеге асырған жөн, бұл оқушылардың оқытылатын пәндерге танымдық қызығушылығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Е.Шәкілікова, Қ.Ж.Ағанина , М.О. Кенжебаева және т.б. 5-11сыныптарға арналған оқу бағдарламалары.А: 2000ж.
2. А.Е.Әбілқасымова, А.Қ.Көбесов, Д.Рахымбек, Ә.С.Кемеш Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі.А. 1998ж.
3. Әбілқасымова А.Е., Шойынбеков К.Д., Есенова М.И., Жұмағұлова З.А., «Алгебра және анализ бастамалары», 10-сынып, Алматы, «Мектеп», 2006.
4. Әбілқасымова А.Е., Бекбоев И.Б., Абдиев А.А., Жұмағұлова З.Ә., «Алгебра және анализ бастамалары», 11-сынып, Алматы, «Мектеп», 2007.+

ОРТА МЕКТЕП КУРСЫНДАҒЫ ПЛАНИМЕТРИЯНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ КОМПЛЕКСТІ АНАЛИЗДІҢ ПЛАНИМЕТРИЯДА ҚОЛДАНЫЛУЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРУ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Аманова А.Е.– 1508-10 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Иманбаев Н.С. ф.-м.ғ.к., профессор
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

При рассмотрении проблем доказывания в задачах планиметрии было установлено, что использование метода комплексных чисел более эффективно, чем использование классических методов в курсе средней школы.Использование элементов комплексного анализа при решении задач планиметрии позволяет упростить математические вычисления.

Summary

When considering the problems of proof in the problems of planimetry, it was found that using the method of complex numbers is more effective than using classical methods in a high school course.The use of elements of complex analysis in solving problems of planimetry makes it possible to simplify mathematical calculations.

Орта мектеп курсындағы планиметрияның классикалық әдістері мен жоғары математика курсындағы комплексті анализдің планиметрияда қолданылуы бойынша салыстыру зерттеулерін жүргізейік:

Планиметрия есептеріндегі дәлелдеу мәселелерінің орта мектеп курсындағы классикалық әдістері	Комплексті анализ элементтерінің планиметрия есептерін шығарудағы қолданысы
Үшбұрыштың ауырлық центрі (центроид)	



ΔABC үшбұрышының төбелері: $A(x_1,y_1), B(x_2,y_2), C(x_3,y_3)$

BC қабырғасының ортасы – D

Орта нүкте формуласы бойынша D координатасы: $\left(\frac{x_2+x_3}{2},\frac{y_2+y_3}{2}\right)$.

$G(x,y)$- ΔABC үшбұрышының центроиді болсын. Сонда G ауырлық нүктесі AD-ны 2:1 қатынасында бөледі.

$$x=\left\{\frac{2\cdot\frac{(x_2+x_3)}{2}+1\cdot x_1}{2+1}\right\}=\frac{(x_1+x_2+x_3)}{3}$$

$$y=\left\{\frac{2\cdot\frac{(y_2+y_3)}{2}+1\cdot y_1}{2+1}\right\}=\frac{(y_1+y_2+y_3)}{3}$$



Кейбір xOy декарттық координаттар жүйесіне қатысты ABC үшбұрышының төбелерінің комплексті координаттары берілген . Үшбұрыштың ауырлық центрінің комплексті координатын тапсақ:

$$K(k)=K\left(\frac{a+b+c}{3}\right).$$

Үшбұрыштың инцентрі



Үшбұрыштың төбелерінің координаттары - $A(x_1,y_1), B(x_2,y_2), C(x_3,y_3)$ болса, үшбұрыштың инцентрі келесі формуламен анықталады:



Инцентрдің комплексті координатасы кез-келген үшбұрышта келесі формуламен анықталады:

$I_x = \dfrac{ax_1 + bx_2 + cx_3}{a+b+c}$ $I_y \dfrac{ay_1 + by_2 + cy_3}{a+b+c}$ Мұндағы a, b, c – үшбұрыш қабырғаларының ұзындықтары. a, b, c ұзындықтарын келесі формула арқылы анықтауға болады: $d = \sqrt{(x_2 - x_1)^2 + (y_2 - y_1)^2}$ Мұндағы, d – екі нүкте арасындағы қашықтық. a – B және C төбелері арасындағы қашықтық b – A және B төбелері арасындағы қашықтық c – A және C төбелері арасындағы қашықтық	$g = \dfrac{BC \cdot a + AC \cdot b + AB \cdot c}{AB + BC + AC}$, Мұнда a, b, c үшбұрыштың A, B, C төбелерінің комплексті координаттары.
Үшбұрыштың ортоцентрі	
 Төбелері $A(x_1, y_1), B(x_2, y_2), C(x_3, y_3)$ болатын үшбұрыш бар делік. Онда үшбұрыш ортоцентрінің координатасы мына формуламен анықталады: $H_x = \dfrac{(x_1 + x_2 + x_3)}{3}$ $H_y = \dfrac{(y_1 + y_2 + y_3)}{3}$ Бұл формулалар үшбұрыштың барлық төбелерінің координаттарының арифметикалық ортасын анықтайды. Үшбұрыштың ортоцентрі – үшбұрыштың барлық үш биіктігінің қиылысу нүктесі, бұл формулалар осы нүктенің координаттарын көрсетеді.	 Кез келген үшбұрышта ортоцентрдің комплексті координаты үшін келесі формула қолданылады: $h = a + b + c - 2z_0$ мұндағы z_0 - ABC үшбұрышына сырттай сызылған шеңбердің центрінің комплексті координаты; a, b, c – үшбұрыштың A, B, C төбелерінің комплексті координаттары.

Мысал:

Үшбұрыш биіктігінен перпендикулярлар бұл биіктікке сәйкес келмейтін екі жаққа түсірілді.Бұл перпендикулярлардың арасындағы қашықтық үшбұрыштың биіктігіне тәуелді емес екенін дәлелдеңіз.



1.1-сурет. Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбер.

Шешуі:

ABC үшбұрышы берілсін.Үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің теңдеуі - $z\bar{z}=1$.Егер CD үшбұрыштың биіктігі болса, онда $d=\frac{1}{2}\left(a+b+c-\frac{ab}{c}\right)$. D нүктесінен AC және BC қабырғасына түсірілген перпендикулярлардың M және N негіздерінің күрделі координаттары $m=\frac{(a+c+d-acd)}{2}$ және $n=\frac{(b+c+d-bcd)}{2}$.

Қарастырсақ:

$$m-n=\frac{1}{2}\left(a-b+c\bar{d}(b-a)\right)=\frac{1}{2}(a-b)\left(1-c\bar{d}\right)=\frac{(a-b)(a-c)(b-c)}{4ab}.$$

$|a|=|b|=1$ болса, онда $|m-n|=\frac{|(a-b)\times(b-c)(c-a)|}{4}$.Бұл өрнек a,b,c-ға қатысты симметриялы, яғни MN қашықтығы үшбұрыштың биіктігіне тәуелді емес.

Зерттеу жұмыстары бойынша нақты ұсынысым: стереометрия тарауындағы кеңістіктегі фигуралардың көлемін есептеу, қиылысудан кейінгі пайда болған жаңа фигураның көлемін есептеу, айналу денелерінің конфигурациясын көрсету мәселелерінде комплексті анализ элементтерін қолдана отырып жеңілдету.

Жоғарыда көрсетілген зерттеулерді қарастыра отырып, комплексті анализ элементтерін планиметрия есептерін шығаруда қолдану арқылы түсінікті, әрі тиімді нәтижеге қол жеткізе алатынымызды көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сагиндыков Б.Ж., Бимурат А. Вписанные и описанные четырехугольники в комплексных числах // Сборник статей международной научно-практической конференции, 12 января 2020, г. Пенз А, РФ, МЦНС «Наука и просвещение» - С. 11-22.
2. Imanbaev N.S On a topological method for calculating the index of quasi – singular integral equation // Известия НАН РК. Серия физико – математическая. – 2021. – 4(338). –С.143 – 150.
3. Акбердин Р.А., Костина А.А. Некоторые «нестандартные» признаки равенства треугольников // Математические образование, 2023, выпуск 3 (107). С. 14-23
4. Imanbaev N.S On zeros of an entire function having an integral representation and coinciding with exponential – type quasipolynoms // International journal of Applied Mathematics, 2022, 35(3), P. 439 – 446.+

ӘОК 378
МҒТАР 14.35.09

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Бахтыбай Ә.Б. - М1501-22 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Ибрагимов Р.-математика кафедрасының профессоры, п.ғ.д.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ.

Резюме

Бұл мақалада компьютерлік технологияларды қолдана отырып, оқушылар арасында графикалық мәдениетке тәрбиелеудің оңтайлы білім беру жағдайларын ғылыми және эксперименталды түрде анықтауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстары баяндалған. Бұл шарттарды орнатудың тиімділігі қазіргі ооқушыларды жалпы мәдениетінің кең контекстінде графикалық мәдениеттің құрылымдық компоненттерін талдау арқылы бағаланады. Графикалық мәдениеттің қалыптасуын жақсарту үшін компьютерлік технологияларды қалай қолдануға болатындығын түсінуге ерекше назар аударылады. Оқушылар арасында графикалық мәдениет ұғымын түсіндіру үшін теориялық негіздер де, эксперименттік тұжырымдар да қолданылады. Мақалада бағдарламалық жасақтама пакеттерін, әдістемелік және педагогикалық материалдарды, сынып жағдайында оқытудың белсенді модельдерін қолданудың әртүрлі тәсілдері қарастырылған. Сонымен қатар, ол оқу процесін оңтайландыру үшін мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттесуіне ықпал етудің маңыздылығын көрсетеді

Summary

This article describes research work aimed at scientifically and experimentally identifying optimal educational conditions for educating graphic culture among students using computer technologies. The effectiveness of establishing these conditions is assessed by analyzing the structural components of graphic culture in the broad context of the general culture of modern students. Particular attention is paid to understanding how computer technologies can be used to improve the formation of graphic culture. To explain the concept of graphic culture among students, both theoretical foundations and experimental conclusions are used. The article discusses various approaches to the use of software packages, methodological and pedagogical materials, active learning models in the classroom environment. In addition, it highlights the importance of promoting teacher-student interaction to optimize the learning process.

Кіріспе

Барша адамзаттың өмірінде айналадағы барлық салаларды ақпараттандыруды, бір тұсынан қарасақ, ғылым мен техниканың әртүрлі салаларына және кескіндерді бейнелеуге байланысты ақпаратты жинау, өңдеу, түсіндіру және беру мәселелерін шешуді жеңілдетті.

Екінші жағынан алып қарастыратын болсақ, бұл алғашқыда адамның интеллектуалды іс-әрекетін жеңіл түрде ұйымдастыру контекстінде сипатталған ақпараттық мәдениет пен метадисциплинарлықтың маңызды екендігін көрсетті.

Ақпараттық мәдениет көптеген кеңістіктерді қамтитын нақты виртуалды мәдениетті білдіретін құбылыс ретінде әрекет етеді [1] - қарым - қатынастан желілерге дейін-ақпараттық бейнедегі оңтайлы бағдарлау талаптарын ескере отырып, тұлға мәдениеті әлемдік ақпараттық қоғамға бейімделуге әсер етеді және өзгертеді.

И.В. Чугунова [2] зерттеуінше графикалық мәдениет адамгершілік, экологиялық, ақпараттық және осындай мәдениеттің басқа да түрлерімен қатар, баланың жеке басының жалпы

мәдениетінің құрылымында, бейнелеу объектілерін түрлендіруде және графикалық тілдерді меңгеруде анықтайды.
Сонымен қатар, нақты "жеке элемент" - "бейнелеу мәдениеті"ұғымына аксиоматикалық мағына беретін өзін-өзі көрсету қабілеті баса айтылады.
Тағыда бір пікірінде автор студенттердің графикалық мәдениетін ақпаратты түрлендірудің графикалық әдістерін үйреніп және қолдану саласындағы оқу және жеке жетістіктердің жиынтығы ретінде түсіндіреді.
Автордың "оқушының графикалық мәдениеті" ұғымын анықтауға қосқан үлесі оның құрылымдық элементтері мен функцияларын, сондай-ақ арнайы жасалған жағдайлардың әсерінен мазмұны мен мазмұнын нақтылау болып табылады және олардың әрқайсысы іске асыру дәрежесін анықтаудан тұрады, эксперименталды түрде орнатылды және тексерілді.
Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптстыруға көмектеседі;
Тіл байлығын дамытады;
Өз ойын жан-жақты ізденуге үйретеді;
Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;
Өз бетімен бетімен білім алатын ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген,білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының 2015 жылғы білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
2.Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Қазақстан мектебі 2010ж
3.Абубаева А.Э. Электрондық оқулықтарды пайдалану. Қазақстан мектебі 2017ж

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аберова Перизат Каримовна
Түркістан облысы Шардара ауданы
Т.Тәжібаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің
математика пәнінің мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматриваются повышение функциональной грамотности учащихся на уроках математики

Summary

This article discusses improving functional literacy students in math classes

Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу, оларды қолдану ерекше орын алады. Әр сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – адамдардың мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни қазіргі жаңа заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай әрдайым білімін жетілдіріп отыруы.

Математикалық сауаттылық – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын білу, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеруі. Ой-өрісі, ақыл-санасы кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны өте маңызды. Біздің заманымызда математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өздігінен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы өте зор. Бүгінгі күнде математика пәнін нәтижелі, сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған маңызды мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау кезінде, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы жеткілікті болып, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір, ойын айтуға машықтанады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының тиімділігі математика пәнін оқытуда ерекше орын алатынын атап айтқан жөн. Жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы математиканы оқытудың мазмұнын сапалы жүзеге асыру тиімді. Математика сабағында оқушылар өз бетінше білу дағдыларын дамыту маңызды іс-әрекеттің бірі. Тапсырмаларды өздігінен тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру үшін жаңа технологиялар әдістерін кеңінен таңдап, қолдану қажет. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әртүрлі стратегияларын қолдану, өздігінен жұмыс істеу факторы – есептерді өзі шығара білу. Шапшаңдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру мақсатында шығармашылықтарын дамыту. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа заман оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, ойларын еркін айтуға, балаларды шығармашылыққа, қысқа уақытта шешім қабылдауға көмектесетін ең тиімді технологияның бірі болып табылады. Бұл технологияны пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде оқушы мен пән мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа деген көзқарасының ерекше өзгергенін байқайды. Сын тұрғысынан ойлау әдісі математика сабағында оқушылардың қызығушылықтарын арттыра отырып, өз ойын еркін және дәл тұжырым жасауға үйретеді. Пікір қозғай отырып оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни тұрғыда қарап көрген-білгенін талдап, реттеп, салыстырып, зерделеп, жүйелеп білмегенін өзі реттеп, дәлелдеп, тұжырымдар жасауға бағыттайды. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық тұжырым жасауға тырысады.

Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде сараланған жаттығуларды орындауда жаңа технологияларды, әдістерді қолданудың маңыздылығы көп. Оны айта кетсек, жеке, жұптық немесе топтық жұмыстарда әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды қолдануға болады. Теориялық негізін есеп түрінде игеру математикада оқушының ойын жинақтайды, икемділік, терең қызығушылық, жинақылық, жүйелік сияқты қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қоса, есептер, түрлі жаттығулар, математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару — оқу және кәсіптік іс-әрекеттің негізгі түрі. Әрбір есептің өзіне сай әдістемелік мақсаты болады. Сондықтан оқушы есепті шапшаң, оны қатесіз шығаруға, жаттыға түсуге ұмтылуға қарағанда, оны шығармашылықпен шешуге, шешімінен керекті қорытынды жасай алуға тырысуы керек. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні де өте зор.

Есеп шығару оқушының бойында төзімділік пен табандылықты қалыптастырады. Керекті шешімді іздеп жазудың, сызудың ықшамдылығы мен мұқияттығын керек етеді.

Математикалық ойлаудың ерекше стиліне тәрбиелейді:

— талқылаудың, формальдік-логикалық сұлбасын сақтауға (талдауға, құруға, дәлелдеуге, зерттеуге);

— ойдың ықшамдығына;

-ойлау барысының нақтылығына;

— математикалық символиканы дәл қолдануға.

Есеп шығару, талдау есептер жүйесін құрудың мынадай әдістемелік ерекшеліктерін анықтауға жол ашты:

Есеп шығаруды үйретудің дамытушы сипаты;

Есеп мазмұнындағы мәліметтердің ғылымилығы;

Есепті кәсіби түрде шығара білуді қалыптастыру мен дамытудың жүйелілігі және сабақтастығы;

Есеп мазмұнының кәсіби бағыттылығы;

Есеп мазмұнында мәселе көтерілуі;

Есеп шығаруды үйретудегі саналылық пен мақсаттылық;

Осының барлығында да математикалық ойлаудың негізгі түрдегі жоғары деңгейін қалыптастыру керек.

Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар арқылы мүмкіндігінше игерумен қатар функционалдық сауаттылығы да қалыптасады.

Қазіргі ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалану, оқушының білім сапасын шығармашылық ретінде арттыру – өмір талабының бірі. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы сабақта проблемалық ситуациялар енгізіп, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өздігінен тақырыпты түсінуге мүмкіндігінше жағдай туғызады, танымдық қызметін игеріп, нәтижеге жетелеп отырады. Сабақ соңында оқушылар өздері қорытынды шығарып, практикалық-шығармашылық жұмыстармен бекітеді.

Математика сабағында пәнаралық байланысты негізінде, сұрақ-жауап, баяндау, проблемалық ситуацияларды туғыза отырып оқушыларды алға қойған мәселені шешуге, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, бірін-бірі бағалай алуға, өз ойларын нақты, толық жеткізе білуге көңіл бөлінеді. Осы аралықта бастауыш сыныпқа арналған

«Логикалық математика» есептерінің маңызы зор.

№ 1. Біздің ықшам ауданда 5 үй бар. Әрбір үйде 5 мысық бар. Әрбір мысық 5 тышқан аулайды. Тышқандарды ұстай алмаса, әрбір тышқан 4 уыс ұн жейді. Егер әрбір уыс ұн 5 граммға жуық болса, мысықтар тышқанды ұстағанда неше кг ұн сақтап қалады? (3,125 кг)

№ 2. Егер 8 адам 8 сағатта бір жұмысты бітіретін болса, адамдардың біреуі осы жұмыстың жартысын неше сағатта бітіре алады? (332 сағ)

№ 3. Делдал 3000 теңгеге тауар сатып алып, 3500 теңгеге оны сатты. Келесі күні осы тауарын 4000 қайта сатып алып, екі күннен кейін 4500 теңгеге сатса, делдал осы саудада қанша пайда не шығын көрді? (1000 тг пайда)

№ 4. Ахметтің анасының 3 баласы бар. Егер олардың үлкенінің аты – Қыркүйек, ортаншысының аты – Қазан болса, кенжесінің аты кім болғаны? (Ахмет)

№ 5. Бір ауылда 80 үй бар. Осы ауылдағы 60 үйде ат, 50 үйде есек болса, ауылдағы ең аз қанша үйде ат та, есек те бар? (30)

Әртүрлі қызықты есептер бала ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз. Оның ішінде логикалық есептерінің де маңызы зор. Осының дәлелі ретінде айтылғандай бірнеше есептерді орындап, ойлау қабілеттерін тексеруге де болады.

Бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы, белсенділігі болмаса, онда оның

алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса жалықпай, үлкен міндетпен, алдымызға келген оқушыларымызға олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, кемел білім беру үшін аянбай еңбек ету.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың жоғарыға дамыған кезеңі, біз мұғалімдер, сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі, біз оқушы тағдырына, жалпы адам тағдырына жауаптымыз деп есептеу керекпіз. Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр бөлімі, әр бөлігі, тақырыбы бойынша «білу-түсіну-қолдану-тұжырымдау» жүйелі деңгейлік тапсырмаларымен жұмыс жасауды күшейтуіміз кере.

Сабақта практикалық-шығармашылық есептерді, әртүрлі форматтағы тест жұмыстарын, стандартты емес жағдайларда білімді пайдалануға негізделген, қызықты есептер шығартуымыз керек;

Әртүрлі таңдау курстарында алған білімдерін математика сабақтарында өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйретуіміз керек;
Белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағыттап, үйретуіміз керек.

Қорытындылай айтсақ, бүгінгі заман талабы – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Педагогтің сабақ беру шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті негіздесе, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі педагог оқытқан оқушы – өмірде өз жолынан адаспай, білімді азамат болып қалыптасады. Бұл педагог үшін маңызды, яғни жұмысының жемісі, әр педагог осыған ұмтылса алдымыздағы оқушымыз, болашақтың жұлдызы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. PISA халықаралық зерттеу. Әдістемелік құрал — Астана ,ҰББСБО, 2013
3.Садыбекова Ж. Оқу- тәрбие үрдісінде ақпараттық коммуникацияны қолдану қажеттілігі. №4, 2008
4.Ералиева М.Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп -2006.№5

ӘОЖ 517.98

$p \le q$ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАРДИ ТИПТЕС ОПЕРАТОРЫНЫҢ ШЕНЕЛГЕНДІЛІГІ

Абдихадир Б.А. – 1508-10 тобының студенті
Қадырбек Б.Қ. – 1501-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сейлбеков Б.Н. – PhD
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

В данной работе рассматривается ограниченность оператора дробного порядка. Поэтому имеются многочисленные исследования устанавливающие различные свойства таких операторов, а также их взаимосвязи. В последнее годы интенсивно исследуются операторы дробного интегрирования в весовых функциональных пространствах. В предлагаемой работе рассматривается один класс операторов дробного интегрирования, который включает в себе известные операторы Римана-Лиувилля, Вейля, Ердей-Кобера и устанавливается критерий их ограниченности из одного весового пространства Лебега в другое.

Summary

In this paper, the boundessness of the fractional order operator is considered. Therefore, there are numerous studies establishing various properties of such operators, as well as their interrelationships. In recent years, fractional integration operators in weighted functional spaces have been intensively studied. In the proposed paper, we consider one class of fractional integration operators, which includes the well-known Riemann-Liouville, Weil, and Yerday-Kober operators and establish a criterion for their limitation from one Lebesgue weight space to another.

Айталық $I=(0,1)$ және v, w барлық жерде дерлік оң, локальды интегралданатын функциялар, сонымен қатар $v \in L_1^{loc}(I)$, $w \in L_1(0,t)$, $\forall t>0$.

Сонымен қатар $1<p,q<\infty$, $\frac{1}{p}+\frac{1}{p'}=1$ және $0<\alpha<1$. Ал $L_{p,w}(I) \equiv L_p(w,I)$ – арқылы I аралығында f өлшенетін функциялардан тұратын және келесі норма ақырлы болатын кеңістікті белгілейміз:

$$\|f\|_{p,w}=\left(\int_0^1 |f(s)|^p w(s)ds\right)^{\frac{1}{p}},\ 1<p<\infty.$$

Айталық $W(\cdot)$ – функциясы I аралығында теріс емес, өспелі және абсолютті үзіліссіз функция болсын. Онда $\frac{dW(x)}{dx}=w(x)$ функциясын келесі түрдегідей анықтаймыз, мұнда $\forall x \in I$.

Егер де $w \equiv 1$ деп алсақ, онда $L_{p,w}(I) \equiv L_p(I)$, $\|f\|_{p,w} \equiv \|f\|_p$.

Бұл тарауда $L_{p,w} \equiv L_p(w,I)$ кеңістігінен $L_{q,v} \equiv L_q(v,I)$ кеңістігінде бейнелейтін интегралдық оператордың

$$Kf(x):=\int_0^{x^2} \frac{f(s)w(s)ds}{(W(x)-W(s))^{1-\alpha}},\ x \in I,$$

шенелгендігі қарастырамыз, мұнда $1>\alpha>0$.

Бұдан кейін $W(\cdot)$ функциясын I аралығында теріс емес және $\lim\limits_{x\to 0+} W(x)=0$ қасиеттерін қолданамыз. Егер $x^2=\varphi(x)$ болғанда, бұл жұмыстың шенелгендігі мен компактылы [1] жұмыста қарастырылған.

Лемма 1 [2, б. 60]. Айталық $1<p\le q<\infty$ болсын. Онда H операторы $L_{p,w}$ кеңістігінен $L_{q,v}$ кеңістігінде шенелген болады сонда, тек қана сонда, егер $A_{\alpha,\beta}=\sup\limits_{x>0} A_{\alpha,\beta}(z)<\infty$ болса, мұнда

$$A=\sup_x W^{\frac{1}{p'}}(x^2)\left(\int_x^1 W^{q(\alpha-1)}v(x)dx\right)^{\frac{1}{q}}.$$

Сонымен қатар $\|H\| \approx A$.

Мұнда және одан кейін K сызықты операторының нормасын $\|K\|$ белгілейміз.

Лемма 2. Айталық $0<\beta<1$ және I аралығында $\gamma(\cdot)$ функциясы анықталсын, сонымен қатар $0<\gamma(x)\le 1$, $\forall x \in I$. Онда

$$\int_0^{\gamma(x)} \frac{dz}{(1-z)^{1-\beta}} \le \frac{\gamma(x)}{\beta},\ \forall x \in I.$$

Дәлелдеуі: Шынында да анықталған теңсіздікті қолданамыз $(1-\gamma(x))^{\beta} \geq 1-\gamma(x)$, олай болса

$$\int_0^{\gamma(x)} \frac{dz}{(1-z)^{1-\beta}} = \frac{1}{\beta}\left[1-(1-\gamma(x))^{\beta}\right] \leq \frac{1}{\beta}\left[1-(1-\gamma(x))\right] = \frac{\gamma(x)}{\beta}.$$

***Келісім*:** Диссертациялық жұмыс аясында, келесі анықталмағандықтарды $0\cdot\infty$, $\frac{0}{0}$, $\frac{\infty}{\infty}$ нөлге тең деп болжам жасаймыз, $A << B$ түрінде берілген қатынас $A \leq \beta \cdot B$ дегенді білдіреді, мұндағы β тұрақты оң шама, ал $A \approx B$ эквивалетті қатынасты $A << B << A$ ретінде түсіндіреді. Біз келесі белгілерді $:=$ жаңа шамаларды енгізу үшін қолданамыз.

$L_{p,w}$ кеңістігінен $L_{q,v}$ кеңістігінде бейнелейтін кез келген сызықты операторын қолайлы болу үшін келесі түрде белгілейміз $\|T\| \equiv \|T\|_{L_{p,w}\to L_{q,v}}$.

Теорема 1. Айталық $0<\alpha<1$, $\frac{1}{\alpha} < p \leq q < \infty$. Онда K операторы $L_{p,w}$ кеңістігінен $L_{q,v}$ кеңістігінде шенелген болады сонда, тек қана сонда, егер $A<\infty$ болса, мұнда

$$A = \sup_x W^{\frac{1}{p'}}\left(x^2\right)\left(\int_x^1 W^{q(\alpha-1)} v(x)dx\right)^{\frac{1}{q}}.$$

Соны қатар $A \approx \|K\|$.

Дәлелдеуі. Қажеттілігі: Айталық K операторы $L_{p,w}$ кеңістігінен $L_{q,v}$ кеңістігінде шенелген болсын. $A<\infty$ орындалатынын көрсетейік. Ол үшін $W(\cdot)$ функциясының қасиеті бойынша $\min_{0\leq s\leq x} W(s)=0$ және $f \geq 0$ функциясы үшін

$$Kf(x) = \int_0^{x^2} \frac{f(s)w(s)ds}{(W(x)-W(s))^{1-\alpha}} \geq \int_0^{x^2} \frac{f(s)w(s)ds}{(W(x))^{1-\alpha}}$$

$$= \frac{1}{W^{1-\alpha}(x)} \int_0^{x^2} f(s)w(s)ds = Hf(x).$$

K операторы $L_{p,w}$ кеңістігінен $L_{q,v}$ кеңістігінде шенелгендігі – $L_{p,w}$ кеңістігінен $L_{q,v}$ кеңістігінде H Харди типтес операторының шенелгендігінен шығады және $\|K\| \geq \|H_1\|$. Олай болса $1<\frac{1}{\alpha}<p\leq q<\infty$, лемма 1 бойынша $A \approx \|H\|$. Сондықтан

$$A << \|K\| < \infty. \tag{3.2}$$

Жеткіліктігі: Айталық $A<\infty$ болсын. K операторы $L_{p,w}$ кеңістігінен $L_{q,v}$ кеңістігінде шенелгендігін көрсетейік. Ол үшін $W\left(x^2\right)$ функциясын қарасырайық. $W\left(x^2\right)$ функциясы I аралығында кемімейтін және үзіліссіз және $\lim_{x\to 0} W\left(x^2\right) = W(0) = 0$. $W(\cdot)$ функциясының қасиеті бойынша кез келген $k \in Z$ үшін келесі бос емес жиынды анықтаймыз $x_k = \sup\{x \in I : W\left(x^2\right) \leq 2^k\}$. $\{x_k\}$ тізбегінің анықтамасы бойынша $\forall k \in Z$ үшін келесі теңсіздіктің орындалуы айқын $a < x_k \leq x_{k+1} \leq b$ және $W\left(x_k^2\right) \equiv \lim_{x\to x_k} W\left(x^2\right) \leq 2^k$. Ал егер $x_k < \infty$ болса, онда $x_{k-1} < x_k$ және $W\left(x_k^2\right) = 2^k$. Сонымен қатар $x_k^2 = t_k$, $I_k = [x_k, x_{k+1})$, $J_k = \left[t_k, t_{k+1}\right)$ және $Z_0 = \{k \in Z : I_k \neq \varnothing\}$. Содан кейін $Z_0 \subseteq Z$ болса, онда

$$I = \bigcup_{k\in Z_0} I_k = \bigcup_{k\in Z_0} J_k . \qquad (3.3)$$

Олай болса $I_k = \varnothing, \quad \forall k \in Z \setminus Z_0$ осы интервалдардағы интегралдар нөлге тең, енді жалпылықты жоғалтпай $Z_0 = Z$ деп болжауға болады. Сондықтан

$$W(x_k^2) = W(t_k) = 2^k, \quad k \in Z_0 \qquad (3.4)$$

$$2^k \le W\left(x^2\right) \le 2^{k+1}, \quad x \in I_k, \quad k \in Z_0$$

Айталық $0 \le f \in L_{p,w}$. (3.3) және $x_{k-1}^2 \le x_{k-1} < x_k, \quad k \in Z_0$ қатынасы арқылы келесі норманы қарастырамыз

$$\|Kf\|_{q,v}^q = \int_0^1 v(x)\left(\int_0^{x^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{1-\alpha}}\right)^q dx = \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left(\int_0^{x^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{1-\alpha}}\right)^q dx .$$

Бұдан x^2 функциясының кемімейтіндігінен және интегралдың аддитивтілік қасиетін қолдана отырып интегралды қосынды түрінде жазамыз

$$= \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left[\int_0^{x_{k-1}^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{1-\alpha}} + \int_{x_{k-1}^2}^{x^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{1-\alpha}}\right]^q dx$$

$$<< \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left(\int_0^{x_{k-1}^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{1-\alpha}}\right)^q dx + \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left(\int_{x_{k-1}^2}^{x^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{1-\alpha}}\right)^q dx := F_1 + F_2 \quad (3.5)$$

Мұнда және одан кейін қосындылау k индексіне қатысты Z_0 бойынша алынады. Олай болса F_1 және F_2 жеке-жеке бағалайтын болсақ, онда

$$F_1 = \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left(\int_0^{x_{k-1}^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{1-\alpha}}\right)^q dx .$$

$W(\cdot)$ функциясының монотондық қасиеті бойынша келесі интегралды қарастырамыз

$$\le \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left(\int_0^{x_{k-1}^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(x_{k-1}^2)\right)^{1-\alpha}}\right)^q dx = \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} \frac{v(x)dx}{\left(W(x)-W(x_{k-1}^2)\right)^{q(1-\alpha)}}\left(\int_0^{x_{k-1}^2} f(s)w(s)ds\right)^q . \quad (3.6)$$

(3.6) интегралының ішінен келесі теңдікті төменнен бағалаймыз

$$W(x) - W(x_{k-1}^2) = W(x) - \frac{1}{2}\cdot 2^k = W(x) - \frac{1}{2}W\left(x_k^2\right)$$

$$\ge W(x) - \frac{1}{2}W(x_k) \ge W(x) - \frac{1}{2}W(x) = \frac{1}{2}W(x). \qquad (3.7)$$

(3.7) бағалауын (3.6) бағалауына қоямыз, сонда

$$F_1 \le 2^{q(1-\alpha)} \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} \frac{v(x)}{W^{q(1-\alpha)}(x)}\left(\int_0^{x_{k-1}^2} f(s)w(s)ds\right)^q dx << \int_0^1 v(x)\left(\frac{1}{W^{1-\alpha}(x)}\int_0^{x^2} f(s)w(s)ds\right)^q dx = \|Hf\|_{q,v}^q .$$

Жоғарыда келтірілген интегралға лемма 1 бойынша келесі қатынасты аламыз

$$F_1 << A^q \|f\|_{p,w}^q \qquad (3.8)$$

Енді F_2 бағалауына Гельдер теңсіздігін қолданамыз

$$F_2 = \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left(\int_{x_{k-1}^2}^{x^2} \frac{f(s)w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{1-\alpha}}\right)^q dx$$

$$\le \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left(\int_{x_{k-1}^2}^{x^2} \left(f(s)\right)^p w(s)ds\right)^{\frac{q}{p}} \left(\int_{x_{k-1}^2}^{x^2} \frac{w(s)}{\left(W(x)-W(s)\right)^{p'(1-\alpha)}} ds\right)^{\frac{q}{p'}} dx .$$

Келесі интегралға, интегралдың шектері арқылы теңсіздікті бағалайық

$$\le \sum_k \left(\int_{x_{k-1}^2}^{x_{k+1}^2} \left(f(s)\right)^p w(s)ds\right)^{\frac{q}{p}} \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x)\left(\int_0^{x^2} \frac{w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{p'(1-\alpha)}}\right)^{\frac{q}{p'}} dx . \qquad (3.9)$$

(3.9) бағалауынан келесі интегралды бөліп алып, $W(s)=tW(x)$ алмастыра отырып, лемма 2 қолданамыз, сонда

$$\int_0^{x^2} \frac{w(s)ds}{\left(W(x)-W(s)\right)^{p'(1-\alpha)}} = \frac{W(x)}{W^{p'(1-\alpha)}(x)} \int_0^{\frac{W(x^2)}{W(x)}} (1-t)^{p'(\alpha-1)} dt \le \frac{W\left(x^2\right)}{p'\left(\alpha-\frac{1}{p}\right)W^{p'(1-\alpha)}(x)} . \qquad (3.10)$$

(3.10) бағалауын (3.9) теңсіздігіне қоя отырып F_2 одан әрі бағалаймыз

$$F_2 \le \frac{1}{\left[p'\left(\alpha-\frac{1}{p}\right)\right]^{\frac{q}{p'}}} \sum_k \left(\int_{t_{k-1}}^{t_{k+1}} \left(f(s)\right)^p w(s)ds\right)^{\frac{q}{p}} \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x) \frac{W^{\frac{q}{p'}}(x^2)}{W^{q(1-\alpha)}(x)} dx$$

$$<< \sum_k \left(\int_{t_{k-1}}^{t_{k+1}} \left(f(s)\right)^p w(s)ds\right)^{\frac{q}{p}} W^{\frac{q}{p'}}(x_{k+1}^2) \int_{x_k}^{x_{k+1}} v(x) \frac{1}{W^{q(1-\alpha)}(x)} dx . \qquad (3.11)$$

Бұдан (3.4) қасиеттерін пайдаланамыз

$$W^{\frac{q}{p'}}(x_{k+1}^2) = \left(2^{k+1}\right)^{\frac{q}{p'}} = 2^{\frac{q}{p'}}\left(2^k\right)^{\frac{q}{p'}} = 2^{\frac{q}{p'}} W^{\frac{q}{p'}}(x_k^2) .$$

Осы алынған нәтижені (3.11) қатынасына қоямыз, сонда

$$= 2^{\frac{q}{p'}} \sum_k \left(\int_{t_{k-1}}^{t_{k+1}} \left(f(s)\right)^p w(s)ds\right)^{\frac{q}{p}} W^{\frac{q}{p'}}\left(x_k^2\right) \int_{x_k}^{x_{k+1}} W^{q(\alpha-1)} v(x)dx .$$

Иенсена теңсіздігін қолданамыз

$$\le \left(\sum_k \int_{t_{k-1}}^{t_{k+1}} \left(f(s)\right)^p w(s)ds\right)^{\frac{q}{p}} W^{\frac{q}{p'}}\left(x_k^2\right) \int_{x_k}^{1} W^{q(\alpha-1)} v(x)dx$$

$$\le \left[\sup_{x_k} W^{\frac{1}{p'}}\left(x_k^2\right)\left(\int_{x_k}^{1} W^{q(\alpha-1)} v(x)dx\right)^{\frac{1}{q}}\right]^q \left(\sum_k \int_{t_{k-1}}^{t_{k+1}} \left(f(s)\right)^p w(s)ds\right)^{\frac{q}{p}}$$

$$\le A^q \cdot \left(\sum_k \int_{t_{k-1}}^{t_{k+1}} \left(f(s)\right)^p w(s)ds\right)^{\frac{q}{p}} \le 2^{\frac{q}{p}} A^q \cdot \|f\|_{p,w}^q .$$

Олай болса, F_2 бағалауының барлығын жинастыратын болсақ, онда

$$F_2 << A^q \cdot \|f\|_{p,w}^q \qquad (3.12)$$

(3.5), (3.8) және (3.12) теңсіздіктерін қолданып $\|Kf\|_{q,v}^q << A^q \cdot \|f\|_{p,w}^q + A^q \|f\|_{p,w}^q$.

Бұдан келесі теңсіздік шығады

$$\|K\| << A . \qquad (3.13)$$

(3.2) және (3.13) бағалаулары бойынша келесі қатынасты аламыз

$$\|K\| \approx A.$$

Теорема дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Abylayeva A. Boundedness and compactness of the Hardy type operator with variable upper limit in weighted Lebesgue spaces. // Math. Inequal. Appl. (MIA), 2020, –V.23, № 3, – P.805-819. http://dx.doi.org/10.7153/mia-2020-23-66

2 Kufner A., Maligranda L. and Persson L.E. The Hardy Inequalty. About its History and Some Related Results, Vydavatelsky Servis Publishing House, Pilsen, 2007.

ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІ ИНТЕРАКТИВТІ ПАНЕЛЬДІ ТАҚТА АРҚЫЛЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Алтынбекова Нұржамал Тұрғанбекқызы

Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің информатика мұғалім

Садиков Бакит Халдарович,

Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Резюме

В статье анализируется понятие профессиональной компетентности педагога, наряду с компетенциями и компетенциями рассматривается готовность специалиста осуществлять конкретную деятельность в профессиональной сфере. Выделены ключевые компоненты подготовленности, универсальные, необходимые для любой профессиональной деятельности и связанные с индивидуальным успехом в быстро меняющемся мире.

Summary

The article analyzes the concept of professional competence of a teacher, along with competencies and competencies, the readiness of a specialist to carry out specific activities in the professional field is considered. The key components of preparedness are identified, universal, necessary for any professional activity and associated with individual success in a rapidly changing world.

Педагогикалық зерттеулер мен оқу тәжірибесін талдау педагогикалық қоғамдастық өкілдерінің арасында интернет-технологиялар мен интерактивті техникалық құралдарды пайдалануға негізделген оқыту әдістеріне айтарлықтай қызығушылық бар екенін көрсетеді. Бұл технологиялар мен құралдар қазіргі уақытта отандық мектептерде бар, оларды қолданудың тиімділігі ең алдымен мұғалімнің балалармен жұмыс істеу кезінде интерактивті оқу құралдарын, ресурстарды және интернет-технологияларды пайдалануға дайындығымен анықталады. Бұл жағдай әлеуметтік тапсырысқа, жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына және білім беруді ақпараттандыруға сәйкес университетте профессорлық-оқытушылар құрамын даярлаудың жаңа сапасының жетістіктерін көрсететін педагогикалық үлгіні әзірлеу қажеттілігін анықтайды. жүйесі. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мамандарды даярлау сапасын арттыру білім беру реформасының басты мақсаты болып табылады. Мұғалімге кәсіптік білім берудің ең қолайлы негізі – оқу қабілеттілігі, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жүзеге асыру, әлеуметтену және жеке тұлғаны дамыту сияқты білім беру мақсаттары-векторларына бағдарлану болып табылатын құзыреттілікке негізделген тәсіл деп атап көрсетеді [1, 4 б.].

Құзіреттілікке негізделген тәсілдің орталық ұғымдары бір-бірімен әртүрлі қарым-қатынастағы «құзыреттілік» және «құзыреттілік» болып табылады. Қазіргі уақытта «құзыреттілік» және «құзыреттілік» ұғымдарын түсіндіруде әртүрлі көзқарастар бар. Оған

объектілер мен процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты көрсетілген өзара байланысты тұлғалық қасиеттердің (білім, қабілет, дағды, іс-әрекет әдістері) және оларға қатысты жоғары сапалы өнімді қызмет үшін қажет [1].

Сонымен бірге құзыреттілік және құзыреттілік ұғымдарымен қатар жеке білім, қабілет, дағды және құзыреттер тобының жеке қасиеттерін қамтитын дайындық ұғымын да қарастыруға болады. құзыреттілік. Дайындық түсінігі кәсіби құзыреттілік құрылымында зерттелетін сапаның «шектерін» нақтылауға, белгілі бір кәсіби міндеттерді шешуге дайындық ерекшеліктерін зерттеуге қажетті кәсіби құзыреттілік проекциясын алуға мүмкіндік береді.

Информатика пәні мұғалімін интерактивті тақта арқылы оқу процесінде интернет-технологияларды пайдалануға дайындаудың мақсатты, мазмұндық және процедуралық құрамдастарын анықтауға байланысты зерттеуімізде маманның дайындығының құрылымын анықтаудың ұсынылған тәсілін қолдандық. Бұл ретте мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрылымына сүйене отырып біз, ең алдымен, жалпыға ортақ, кез келген кәсіби іс-әрекетке қажетті дайындықтың негізгі компоненттерін анықтадық және тез өзгеретін әлемде жеке табыспен байланысты. Негізгі құзыреттер жоғары білімнің мемлекеттік білім беру стандартының жалпы мәдени және жалпы кәсіби құзыреттілік блоктарына сәйкес келеді. Негізгі құзыреттер бүгінгі күні ерекше маңызға ие. Олар ең алдымен ақпаратты, коммуникацияны, оның ішінде шет тілінде, сондай-ақ азаматтық қоғамдағы жеке тұлғаның мінез-құлқының әлеуметтік-құқықтық негіздерін пайдалану негізінде кәсіби мәселелерді шешу қабілетінде көрінеді [1, 3 б.]. Информатика пәні мұғалімінің интерактивті тақта арқылы оқу процесінде интернет-технологияларды пайдалануға дайындығының негізгі компонентінің мазмұны төменде берілген:

1. Интернет желісіндегі әлеуметтік қызметтерді пайдаланатын әріптестермен кәсіби қарым-қатынасқа дайын.

Білу керек: - Интернетте кәсіби өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін әлеуметтік қызметтердің құрамы мен сипаттамасын; - Интернетте кәсіби өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін әлеуметтік Интернет қызметтерін ұйымдастыру мен басқарудың негізгі принциптері. Істей білу: - әріптестермен кәсіби әрекеттесу үшін әлеуметтік Интернет қызметтерін пайдалану; - кәсіби ортада әріптестер сұранысына ие жаңа интернет-ресурстарды әзірлеу.

Игеру: - Интернетте әлеуметтік қызметтерді пайдаланатын әріптестермен кәсіби қарым-қатынас тәжірибесі; - өзара әрекеттесудің басқа қатысушылары үшін ашық қолжетімді және кәсіби ортада сұранысқа ие жаңа интернет-ресурстарды әзірлеу тәжірибесі.

2. Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде ғаламдық компьютерлік желілердегі ақпаратпен жұмыс істеуге, ақпаратты іздеуге және басқа интернет пайдаланушыларының әзірлемелерін қолдануға дайын.

Білу: - интернетте ақпараттық ресурстарды жариялаудың түрлерін, форматтарын және әдістерін; - Интернетте ақпараттың жеке каталогтарын іздеу, таңдау және құру үшін желілік қызметтерді пайдаланудың құрамы, сипаттамалары және әдістері; - Интернеттегі кәсіби ақпарат көздерінің құрамы мен сипаттамасы; - авторлық құқық, ақпараттық материалдарды тарату және пайдалану саласындағы заңнаманың негізгі талаптары.

Істей білу: - Интернетте жариялаудың әртүрлі типтегі, форматтары мен әдістерінің бар ақпараттық ресурстарын пайдалану және жаңаларын әзірлеу; - Интернетте ақпараттың жеке каталогтарын іздеу, таңдау және құру үшін арнайы қызметтерді пайдалану; - Интернетте кәсіби ақпарат көздерін іздеу; - авторлық құқық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, басқа интернет пайдаланушылардың әзірлемелерін пайдалануға.

Иелену: - Интернетте жариялаудың әртүрлі түрлерінің, нысандары мен әдістерінің ақпараттық ресурстарын пайдалану және дамыту тәжірибесі; - Интернетте ақпараттың жеке каталогтарын іздеу, таңдау және құру бойынша мамандандырылған қызметтерді пайдалану дағдылары - Интернетте кәсіби ақпарат көздерін пайдалану тәжірибесі, осындай жаңа көздерді іздеу; - авторлық құқықтарды сақтай отырып, кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде басқа интернет пайдаланушылардың әзірлемелерін пайдалану тәжірибесі.

3. Интернетте ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын орындауға дайын.

Білу: - қауіп түрлері мен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері.
Істей білу: - ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді анықтау, құрылған ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Игеру: - Интернетте ақпаратты қорғау құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын.
4. Мультимедиялық ақпараттық технологияны пайдалана отырып, көпшілік алдында сөз сөйлеуге дайын.
Білу: - шешендік өнер теориясының негіздерін, аудиториямен интерактивті әрекеттесу; - шешендік өнерді қолдау үшін мультимедиялық ақпараттық технологияларды қолданудың құрамы, сипаттамалары және принциптері.
Істей білу: - көпшілік алдында сөз сөйлеуді сүйемелдеу үшін мультимедиялық ресурстарды әзірлеу және пайдалану кезінде ақпараттық технология құралдарын қолдану, аудиториямен интерактивті әрекеттестік ұйымдастыру.
Ие: - ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, мультимедиялық қолдау арқылы көпшілік алдында сөз сөйлеуді дайындау және жеткізу тәжірибесі; - көпшілік алдында сөйлеу процесінде диалог, пікірталас, аудиториямен интерактивті әрекеттесу тәжірибесі.
5. Мультимедиялық қолдауды пайдалана отырып және Интернетте кері байланысты қамтамасыз ету арқылы кәсіби контент мәтіндерін құрастыруға және өңдеуге дайын.
Білу: - интернетте мәтіндік ақпаратты құрастыру, ресімдеу және жариялау принциптерін; - сыртқы интернет қызметтерінің мультимедиялық ресурстарын өз беттерінде орналастыру әдістері; - интернет беттерінде кері байланысты ұйымдастыру тәсілдері; - нетикет ережелері.
Істей білу: - Интернетте мәтіндік ақпаратты құрастыру, жариялау және өңдеу үшін желілік қызметтерді және компьютерлік бағдарламалық құралдарды пайдалану; - желілік қызметтерді және арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, интернет беттеріне мультимедиялық элементтерді жасау; - басқа интернет пайдаланушылармен өзара әрекеттесу үшін кері байланыс құралдарын пайдалану.
Ие: - Интернет беттерін құрастыру және оларға сыртқы Интернет қызметтерінің мультимедиялық ресурстарын орналастыру тәжірибесі; - әзірленген беттердегі кері байланыс құралдарын пайдалана отырып, интернет пайдаланушылардан кері байланыс алу тәжірибесі; - басқа интернет пайдаланушыларымен кері байланыс құралдарын қолдану арқылы өзара әрекеттесу тәжірибесі.

Сонымен, информатика мұғалімінің интерактивті тақта арқылы оқу процесінде интернет-технологияларды пайдалануға дайындығы құрылымында біз информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөлігін анықтадық. Негізгі деңгейде информатика мұғалімінің жалпы мәдени және жалпы кәсіби дайындығын көрсететін дайындық компоненттері ашылады. Сондай-ақ негізгі компонент информатика мұғалімі дайындығының кез келген қызмет саласындағы мамандарға жатқызуға болатын бөлігін сипаттайтынын ескере отырып, біз алған нәтижелер басқа пәндік пәндер мұғалімдерін дайындаудың мазмұнын сипаттауда пайдалы болады. сондай-ақ өзінің кәсіби қызметінде интерактивті және интернет-технологияларды пайдаланатын әлеуметтік-гуманитарлық саладағы басқа мамандықтардың өкілдері.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Радионова Н. Ф. Компетентностный подход в педагогическом образовании // Электронный научный журнал «Вестник» 2006. URL: http://www.omsk.edu/article/vestnik-omgpu-75

Мазмұны

ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР	
Жұмат Ә.Е., Уразбекова К.Б., Орынбасарова Г.Ж. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ ЖАДЫНДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ: «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІНДЕ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ	3
Кидирбаев Р.М., Орынбасарова Г.Ж. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ГЕРМАНИЯ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ	7
Гафур М., Марина Г.А. КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ РӨЛІ: ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ	9
Baizhuman N., Mirahmatova S., Artykbaeva F.I. COMPARISON OF SUPERSTITIONS IN KAZAKHSTAN AND AMERICA	12
Orynbassar K.A., Kurmasheva. M.B THE PROBLEMS OF TEENAGERS	14
Duisenkhan K.N., Raimbekova G.I. THE IMPACT OF THE FILM INDUSTRY ON THE THINKING OF SOCIETY	17
Есімхан М., Сүлеймен А., Баймаханов Б.К. НАПОЛЕОН БОНАПАРТТЫҢ ЕУРОПАНЫ ЖАУЛАП АЛУ КЕЗЕҢІНДЕГІ «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСІ	20
Серікхан Б.А., Абдиханова А.Ж. ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20-50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН- СҮРГІН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА ЕСІМДЕР	22
Нұрланұлы А., Тұржан Ш.Ш., Орынбасарова Г.Ж. МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨМІРШЕҢ ӨСИЕТІ МЕН НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ	25
Бердібай Д.С., Сейтмаханбет Д.Б., Баймаханов Б.К. КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ	29
Көшер Н.М., Тохтамишов А.И., Марина Г.А. XVII ҒАСЫР АНГЛИЯ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ ПРОЦЕСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУ	31
Баймұрат Меруерт Алдашқызы АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМНЫҢ МӘДЕНИЕТІ – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАМАСЫ	34
Майкыбекова Айнур Абдикеримовна ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	36
Алипова Жамила Абдуллаевна БАЛАБАҚШАЛАРДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ	38
Тажибаева Улбосын Жарылкасыновна ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ	42
Бакитжанова Райгуль Абдуалиевна БІЛІМДІ ИГЕРУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІН ҮЙРЕНУ	45
Мауленова Ажар Айтбековна «ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫН» ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ	46
Алдабекова Гульмира Анарбековна	

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМЫТУ	49
ӨНЕР, МӘДЕНИЕТТАНУ ЖӘНЕ СПОРТ (БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ, КӘСІПТІК БІЛІМ, МУЗЫКА ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ)	
Дуйсембек Мәулен Маратұлы, Ортаева А.С. ТӨРТТАҒАН (ПАРТЕР) ӘДІСІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІ	53
Ирсалиева Л.Н., Шегенбаев Н.Б. СПОРТТАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОГРЕСС: ИННОВАЦИЯ ОЙЫНДЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ	56
Бегімбет Алтынай Миятқызы, Есмаханова Жаркынай Шарабдиновна СПОРТТЫҚ МАНСАПТАН КЕЙІНГІ СПОРТШЫЛАРДЫ ФИЗИКАЛЫҚ ОҢАЛТУ	59
Хамиев Мирханоруч, Испандиярова А.М. ГАРМОНИЯ ТЕЛА И ДУХА: ПОЧЕМУ КАРАТЕ – КЛЮЧ К ЗДОРОВЬЮ И ЖИЗНЕННОМУ УСПЕХУ	62
Султанкулов Кудратбек Шавкатбекович, Шалхар Ұ.Б. ВЛИЯНИЕ ПИТАНИЯ НА СПОРТИВНЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ	65
Тұрсын Бектөре, Басынбеков Қ.М. ОПТИМИЗАЦИЯ СПОРТИВНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ ЧЕРЕЗ ЗОЖ	68
Хамиев Мирханоруч, Басынбеков Қ.М. ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ УСТОЙЧИВОСТЬ СПОРТСМЕНОВ В СТРЕССОВЫХ СИТУАЦИЯХ	71
Шалунов Н.И., Хамиев Мирханоруч, Сералиева У.О. ИССЛЕДОВАНИЕ «ПРОБЛЕМА ДОПИНГА В СОВРЕММЕНОМ СПОРТЕ»	74
Олейник Данила, Каратаев А.О. ФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ УТОМЛЕНИЯ СПОРТСМЕНА	77
Петрякова А., Тажиметова Г.Т. ЗДОРОВЬЕ В ДВИЖЕНИИ: ФИЗИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ КАК ЩИТ ОТ ОРВИ	79
Петрякова А., Испандиярова А.М. ГРАНИЦЫ ФИЗИЧЕСКОГО ТРИУМФА: ВЛИЯНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СПОРТА НА ЗДОРОВЬЕ ПОЗВОНОЧНИКА И СПОСОБЫ СОХРАНЕНИЯ БАЛАНСА	82
Иралиева К.А., Сотов В.В. ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ	85
Казанбаев Досжан, Испандиярова А.М. ВСПОМОГАТЕЛЬНЫЕ ФИЗИЧЕСКИЕ УПРАЖНЕНИЯ ДЛЯ РЕАБИЛИТАЦИИ ПОСЛЕ ТЯЖЕЛЫХ ОПЕРАЦИЙ	88
Иралиева К.А., Испандиярова А.М. РАЗВИТИЕ ГИМНАСТИКИ В ЭПОХУ ЦИФРОВИЗАЦИИ И УДАЛЕННОГО ОБУЧЕНИЯ	91
Калдаров Бекжигит, Таджимуратов Н.Р. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ	94
Иралиева К.А., Тажиметова Г.Т. ОПТИМИЗАЦИЯ КООРДИНАЦИИ У ДЕВОЧЕК ЗАНИМАЮЩИХСЯ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ГИМНАСТИКОЙ	97
Ергешбаев Азиз Роман оглы, Абилдабеков С.А. ОСВОЕНИЕ ГОРНЫХ ВЕРШИН В МИРЕ СПОРТА	100
Даулетова Н.О., Испандиярова А.М. ПОСЛЕДСТВИЯ ПАНДЕМИИ COVID-19 ДЛЯ СПОРТИВНОЙ ИНДУСТРИИ	102
Даулетова Н.О., Тажиметова Г.Т.	

ИССЛЕДОВАНИЕ АДАПТАЦИИ ТЕННИСА ДЛЯ ЛИЦ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ФИЗИЧЕСКИМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ	105
Газрати Альвида, СотовВ.В. РОЛЬ ПОДВИЖНЫХ ИГР НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ	108
Газрати Альвида, Тажиметова Г.Т. РАЗВИТИЕ ГИБКОСТИ У ЮНЫХ ХОККЕИСТОВ	111
Абдумуминов Д., Ускеналиев А.К. КЛЮЧЕВЫЕ АСПЕКТЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ СПОРТСМЕНА	114
Газрати Альвида, Испандиярова А.М. РОЛЬ КОННОГО ВИДА СПОРТА В НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГРАХ	116
Асылтай Азамат, Ускеналиев А.К. ЛЕГКОАТЛЕТИЧЕСКОЕ МНОГОБОРЬЯ	120
Асанхан Самал Қуанышқызы, Есмаханова Жаркынай Шарабдиновна ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНА ЕМДІК ЖАТТЫҒУЛАРЫ	124
Бауыржан Ж.Р, Байдыбек А.К.,Мыңбаева Н.Қ. КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ	128
Досымбет Сымбат Ақылбекқызы, Есмаханова Жаркынай Шарабдиновна АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТОПҚА ЖАТАТЫН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЕМДІК ДЕНЕ ЖАТТЫҒУ ӘДІСТЕРІ	131
Баймахан А.А, Есбай А.Б., Узахова А.С. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН КЕСКІНДЕМЕ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ	135
Махамбетқұл Аружан, Тұрабай Назерке, Сарыбаев Ғ.М. ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДАҒЫ ҚОЛӨНЕРЛЕР АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ	138
Ермекбай Гүлмайра, Қоғабай Аяулым, Қалыбай Балнұр, Байбатшаева А.Е. КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	141
Абдуғаппар М.Е., Кужагулова Г.Е. ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ МУЗЫКА МАМАНДЫҒЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ	143
Жандарбек Б.Ш., Кужагулова Г.Е. В.А.МОЦАРТТЫҢ «ҚОҢЫРАУЛАР СЫҢҒЫРЫ» ШЫҒАРМАСЫН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	145
Иса Нұрлыбек, Рамашов Нурмамбек ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ	147
Байзах Ұ.Б., Пердебекова Н.Ж., Пошаев Д.Қ. ЖОҚТЫ ЕМЕС ЖОҒАЛҒАНДЫ ІЗДЕЙМІЗ	151
Сыдыков Мейірбек, Хайрулла Айбек, Пошаев Д.Қ. КӨРКЕМ ЕҢБЕКТІ ОҚЫТУДЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ	152
Әзтаева Жазира Баймұратқызы БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨНЕРГЕ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ	154
Бертан Бауыржан Жүрсінбекұлы ҮЙІРМЕ ТОПТАРЫНА ҚАТЫСУШЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ЭКСКУРСИЯ ҰЙЫМДАСТЫРЫП ӨТКІЗУ	156
Л.Г.Ташмет,Ж.Т. Саймбетова	

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРДА БІЛІМ АЛАТЫН СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ (Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін даярлау мамандығы негізінде)	160
Маханбетова Жансая Әубәкірқызы КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ТЕРАПИЯ	156
ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР	
Толаметов А.О., Уалиханова Б.С. ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА «ДЕБАТ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ	165
Sultanova Galiya Fanzirovna, Rashimbetova Sandugash Amirkhanovna INTERNATIONALIZATION OF IT: THE ROLE OF ENGLISH IN THE DIGITAL AGE	168
Арайлым С., Әмірбекұлы А. ПЛАНИМЕТРИЯ МЕН СТЕРЕОМЕТРИЯ КУРСТАРЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАЙ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	171
Кенджабаева А.Г., Рамазанова С.А. ФИЗИКА САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	176
Sultanova Galia Fanzirovna, Kaldarbek Asylkhan Mergenbaevich THE IMPORTANCE OF ENGLISH IN TEACHING PROGRAMMING	180
Төрехан М.М., Иманбаев Н.С. СЫЗЫҚТЫҚ ЖӘЙ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ ҚИСЫНДЫ КЕҢЕЮІ МЕН ТАРЫЛУЫНЫҢ ДЕЗИН-ӨТЕЛБАЕВ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕРІ	183
Сайын Г.Ә., Рамазанова С.А. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ	186
Sultanova Galia Fanzirovna, Davlatbekkyzy Albina LEARNING PHYSICAL SCIENCE THROUGH AMERICAN MOVIES	183
Келдібек А.Н., Ниязымбетов А.Д. МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ФИЗИКА КУРСТАРЫНДАҒЫ ВЕКТОР ҰҒЫМЫ	189
Аманова А.Е., Иманбаев Н.С. ОРТА МЕКТЕП КУРСЫНДАҒЫ ПЛАНИМЕТРИЯНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ КОМПЛЕКСТІ АНАЛИЗДІҢ ПЛАНИМЕТРИЯДА ҚОЛДАНЫЛУЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРУ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	195
Бахтыбай Ә.Б., Ибрагимов Р. КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	198
Тіллабек А.Т., Жетпісбаева Г.О. МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ҮРДІСІНДЕГІ ДИВЕРГЕНТТІ ОЙЛАУДЫҢ РӨЛІ	203
Абдиганиева Г., Нязымбетов А. ҚАЗІРГІ МАТЕМАТИКАДА ДИОФАНТ ТЕҢДЕУЛЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ	206
Жасұзақ Ә., Әмірбекұлы А. МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АШЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ БАУЛУ – ОЛАРДЫҢ ҰЖЫМДЫҚ ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛЫ	210
Баратов Оятулла Абдуллажанович, Б.С. Уалиханова «ТОЛҚЫНДАР МЕН ТЕРБЕЛІСТЕР» ТАРАУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕМЕЛІК ТАЛДАУЫ	214
Sultanova Galia Fanzirovna, Zhumashova Aruzhan Mukhanovna THE RELFTIONSHIP BETWEEN MATHEMATICS AND ENGLISH	217

Үсен М.Ә., Рамазанова С. А. МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫНДА «КВАНТТЫҚ ФИЗИКА» БӨЛІМІН ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	219
Түйме М.Е., Керимбаева К.З. СІЛТІЛІК МЕТАЛДАРДЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН БІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	222
Кенжебай Өмірбек, Мәдібекова Ғ.М. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА САБЫН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҮЙРЕТУ	224
Исабаева А.Ж., Алдешов С.Е., Баймаханова Л.А. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ WEB ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ИТЕЛЕКТУАЛДЫ ҚАБІЛЕТТІ ДАМЫТУ	228
Шапекова А. С., Ортаева Бибигуль Даурбековна МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ САЛАСЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ	232
Көбеева Бекзада Қайсарбекқызы МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	234
Калденова Қанзада МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ	237
Мирзалиева Б.О., Уалиханова Б.С. ФИНДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ	239
Әбіл Гүлбану Амангелдіқызы МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ	243
Сатылганова Мадина Тогаевна ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ	244
Аберова Перизат Каримовна МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	246
Абдихадир Б.А., Қадырбек Б.Қ., Сейлбеков Б.Н. $p \le q$ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАРДИ ТИПТЕС ОПЕРАТОРЫНЫҢ ШЕНЕЛГЕНДІЛІГІ	249
Алтынбекова Нұржамал Тұрғанбекқызы, Садиков Бакит Халдарович ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІ ИНТЕРАКТИВТІ ПАНЕЛЬДІ ТАҚТА АРҚЫЛЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ	254